

874.26  
К25

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

А. О. Кәріпжанова, Т. Қ. Қасенова

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Оқу құралы

Павлодар  
Кереку  
2015

БҰҰ. 268.0 (075.8)

ӘОЖ 821.512.122.0 (075.8)  
КБЖ 83.3 (5Қаз)я73  
К25

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің  
Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды**

**Пікірсарапшылар:**

Н. Қ. Жүсіпов – фил. ғылымдарының докторы, проф.;

Ә. Д. Әміренов – фил. ғылымдарының канд., доц., Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты;

М. И. Оразханова – фил. ғылымдарының канд., доц., Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты.

**Кәріпжанова А. О., Қасенова Т. Қ.**

К25 Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі : оқу құралы / А. О. Кәріпжанова,  
Т. Қ. Қасенова. – Павлодар : Керекү, 2015. – 141 б.

ISBN 978-601-238-561-8

Бұл оқу құралында ХІХ ғ. ІІ жартысындағы әдебиет өкілдерінің өмірі мен шығармаларын әртүрлі әдіс-тәсілдер мен жаңаша оқыту технологиясын пайдалана отырып өткізу жолдары көрсетілген. Қазақ тілі мен әдебиеті мамандарына, студенттер мен магистранттарға арналған.

Оқу құралында мазмұны оқуға міндетті шығармалар, қосымша оқу материалдары, өздігінен орындайтын жұмыс түрлері, деңгейлік тапсырмалар, тест жұмыстары, поэзиялық шығармаларға лингвистикалық, стилистикалық, әдеби-теориялық, салыстырмалы, қысқынды талдау жасау және пәнаралық байланыс қамтылған.

ӘОЖ 821.512.122.0 (075.8)  
КБЖ 83.3 (5Қаз)я73

© Кәріпжанова А. О., Қасенова Т. Қ., 2015  
ISBN 978-601-238-561-8 © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2015

Материалдың дұрыс болуына, грамматикалық және орфографиялық қателерге авторлар мен құрастырушылар жауапты

**Кіріспе**

Әдебиет – өмір айнасы. Әдебиетті ұлағатты адамдар «адамтану құралы» десе, әдебиет пәнін «адам тәрбиесінде рухани байлық беретін құрал» дер едік. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, көзқарасы, шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр оқушының қабілетін, талантын ашу, өзіне-өзінің сенімін нығайту, қысқартып айтсақ, өзіне-өзінің жол ашуына түрткі жасау – міне, бүгінгі білім берудегі басты міндет. Әр мұғалімнің алдындағы сәулелі мұраты – өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әр баланың «менін» ашу, сол «менді» шығармашылық тұлғаға жетелеу.

Ұсынылып отырған оқу құралында әдебиетті оқыту әдістемесінің төмендегі мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді:

1) мамандандырылған, дарынды, лицей, гимназия мектептерінде қазақ әдебиетін күрделендіре оқытуға байланысты бағдарламалардың болмауы;

2) білім беру мазмұнын оқушының ғылыми тәсілмен тануына, өз бетімен ізденуіне мақсатты және жүйелі тартуға бағдарлау.

Оқу құралын құрастыру барысында әдебиет пәнінің негізгі қызметін жүзеге асыруға бағытталған және мемлекеттік білім стандартында белгіленген білім мазмұны мен оқу нәтижесінің жоспарланған түрі болып табылатын оқушылардың білік дағдыларына қойылатын талаптар негіздерін сақтай отырып, әдебиет пәнін күрделендіре және жеделдете отырып меңгерту мақсаты көзделді. Осы тұрғыда төмендегідей міндеттер қарастырылды:

- оқушыларға қазақ әдебиетінің классикалық көркем туындыларын өз халқының төл мәдениеті ретінде елжандылықпен меңгерту;

- классик қаламгерлер шығармашылығы үшін, сондай-ақ отандық әдебиет дамуы үшін кезеңдік туындылар саналатын шығармаларды таныту;

- ол туындылардағы негізгі проблемаға жанасты эпизодтарды білугі, сыбықта оларды кірістіре пайдаланту;

- этикалық және драмалық туындылардағы басты кейіпкерлерге мінәсіме беру және бағалату;

- оқын меңгерген туындыдағы басты проблематиканы анықтай алуы, тұжырымдату;

- шығармаларды авторлық пафосқа сай мәнерлеп оқыту;

- белгіленген мәселені, сұрақты, мақсатты ойтолғау арқылы дәйекті, дәлелді толық аша баяндату;

- өз бетінше мақсаттар айқындай алуды, оны жоспарлай білуді, қажетті дерек, дәйексөздерді орынды пайдалана алуды, жеке шығармашылықтың туу процесін меңгерту.

Материалдарды іріктеу және құрудың негізгі қағидалары: Оқу-әдістемелік кешені жүйелілік, ғылымилық және түсініктілік принциптеріне сүйеніп жасалынды. Бұл оқу-әдістемелік кешенінде ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ әдебиетіне шолу тақырыбын қалай қызықты етіп әрі тарихпен байланыстыра өтілуі көрсетілген. ХІХ ғ. ІІ жартысындағы әдебиет өкілдерінің өмірі мен шығармаларын әртүрлі әдіс-тәсілдер мен жаңаша оқыту технологиясын пайдалана отырып өткізу жолдары нақты көрсетілген. Ең алдымен теориялық білім беріледі, сонан соң оқушыларға оқуға міндетті шығармалар, қосымша оқу материалдары, өздігінен орындайтын жұмыс түрлері, деңгейлік тапсырмалар, тест жұмыстарын орындау тапсырылады. Поэзиялық шығармаларды лингвистикалық, стилистикалық, әдеби-теориялық, салыстырмалы, қисынды талдау түрлері және пәнаралық байланыс қамтылған.

Оқыту әдісі, түрі, сабақтар режимі: Салыстыру, зерттеу, креативті әдістер, үлгілей жобалау, қисынды талдау.

Күтілетін нәтиже: Оқушының білім сапасы қазақ әдебиетін терең меңгеру талаптары тұрғысынан жаңа сатыға көтерілетін болады.

Нәтижені бағалау құралдары: Жобаны қорғау, шығармашылық жұмыстар, сайыстар, өребәйгелер, тестер.

Оқу құралының жаңалығы: Бұған дейін тереңдетілген сыныптарға арналған бағдарлама бірен-саран шығып тұрса да, 10-сыныпқа арналған жеке тереңдетілген бағдарламаның болмауы, оның білім беру жүйесін дамытудың өзекті үдерісіне сәйкестілігі жағынан іс жүзінде қолданылмауы.

Х сыныпта әдебиеттен жүргізілетін ауызша және жазбаша жұмыстардың түрлері:

- көркем шығармаларды немесе олардан алынған үзінділерді мұғалімнің ұсынуымен және оқушының өз таңдауымен мақамдап оқу;

- баяндамалар мен хабарламалардың, сол сияқты мақалалардың күрделі жоспарын жасау;

- белгілі бір проблемалар мен түйінді пікірлерді нысана етіп, соны шешу мақсатымен көркем шығармалардың негізгі эпизодтарын қысқаша және тандап (ауызша, жазбаша) баяндау, күрделі шығармаға миниметін жасау;

- оқыған әдеби шығармаға проблемалық сипаттама шығарма жазу;

- әдеби-сын мақалаларға конспект жасау, белгілі дерекке негіздеп әдеби тақырыпқа баяндама, реферат жазу, шағын ғылыми жоба жазу, оқыған шығармаға, спектакль, кинофильмге рецензия жазу.

Білім, біліктілікке және құзыреттілікке қойылатын талаптар: білу керек:

- автор жайлы толық мағлұмат ала отырып, шығармаларын толық оқу;

- әдебиеттің тегі мен жанрларын ажырату;

- өлең мәтіндерін жатқа айта білу (10 шақты);

- энциклопедияларды, сөздіктерді, әдебиеттану терминдері сөздіктерін пайдалана алу;

машықтану қажет:

- көркем әдебиеттегі стиль және даралық ұғымын ажырата білуге;

- шығарма стилін, поэзия тілін, автордың сөздік қолданыстарын (лексика) аңғару, талдай білуге;

бойынша практикалық жұмыс жасай білуге;

біліктілігі:

- тіл дамыту жұмыстарының пікірлесу элементтерін, мәліметтер мен күрделенген мәтінді мазмұндау;

- оқыған шығармалары туралы жазбаша пікір беру;

- шығарма кейіпкерлеріне, көтерген мәселесіне байланысты (адамгершілік, имандылық, парасаттылық) шығарма жазу;

- сценарийлер, инсценировкалар, қолжазбалар, очерктік сипаттағы суреттеме, публицистикалық сипаттағы шығарма жазу.

## І ХІХ ғ. ІІ жартысындағы әдебиет өкілдерінің шығармашылығын оқыту

### І.І ХІХ ғ. ІІ жартысындағы әдебиетке шолу

«ХІХ ғ. ІІ жартысындағы әдебиетке шолу» тақырыбын өткен кезде осы ғасырдың І жартысындағы әдеби үдеріске, яғни ортақ тақырыпқа оқушыларды қатыстыра отырып, тарихтан алған білімдерін пайдалана отырып, екі түрлі бағыттың пайда болғандығы, европалық мәдениетті үлгі тұтқан, өз еліне адал қызмет етуді өмірлік мұратына айналдырған, мақсаттары – жаңа заманның өнерін, ғылым-білімін меңгеру болған әдебиет өкілдерімен таныстыру көзделеді. Сонымен қатар ағартушылық, жаңашыл көзқарастың, әдебиет пен өнердің дамуы феодалдық және отаршылдық, аксүйектік, діншілдік санадағы топтар тарапынан кедергілерге ұшырап отырғандығына назар аударта отырып, солармен күресе жүріп, артына мол мұра қалдырған қайраткерлердің өмірі мен шығармашылығын оқыту, талдап, түсіну, үлгі етуді мақсат етеміз.

Сабактың әсерлілігін арттыру үшін репродуктивті, эвристикалы, зерттеу, шығармашылық әдістер мен қосымша материалдар, әдебиеттер, дәйектемелер, фактілер келтіру, көрнекті тұлғалардың кітаптарын, суреттерін, буклеттер, рефераттар, магнитофон, грамжазу, кинофрагменттер және басқа да техникалық құралдарды пайдалану ұсынылады. Ақын-жазушылардың шығармаларын талдауда Төлеутай Қышолоқовтың әдеби шығарманың эстетикалық табиғатын таныту жайлы, Қ. П. Мәшһүр Жүсіптің шығарма көркемдігін таныту, қазақ лирикасын көркемдік әдіс, стиль, бейнелілік тұрғысынан талдау, Е. Ө. Жұматаеваның оқытудың біртұтас дидактикалық жүйесі, Қ. О. Бітібаеваның үлгілей жобалай оқыту жүйесін басшылыққа ала отырып, кешенді талдау үлгісімен оқытуды ұйғарып отырмыз. Себебі, қазақ әдебиетін оқытуда бір ғана технология, әдіс-тәсілмен көркем шығарманың тереңіне бойлай алмаймыз. «Технология – жаңадан жаңаны табу», – деп Ж. Аймауытов айтқандай, осы атаулы ғалымдар мен әдіскер-ұстаздардың өмірде қолданылып жүрген әрі тиімді сабақ түрлері қолайлы деп ойлаймыз.

Жалпы шолу сағатында ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің демократтық, ағартушылық бағытының ұлттық әдебиеттің болашақ даму жолын бағыттаған тың беталыс екендігі, Ыбырай мен Абай негізін салған қазақтың демократтық жана әдебиетінің тууы, ағартушы идеяның алдыңғы орынға шығуы, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы тарихи-әлеуметтік жағдай, халықтың хал-ахуалы, тұрмыс-тіршілігі, өзекті мәселелері, орыс-қазақ мәдени

байланысының дамуы, реализмнің қалыптасуы, романтикалық үлгідегі шығармалардың пайда болуы («Медғат-Қасым», «Дағыстан») қарастырылады.

Әдебиеттің дамуын мынадай жоспар үлгісінде өткізу көзделеді:

- 1) ХІХ ғ. 60 ж. Қазақстанның Россияға қосылуының аяқталуы. Мүмкіндік тудыру;
- 2) капитализмнің жайыла дамуы;
- 3) 1863 ж. «Уақытша ережеден» кейінгі Қазақстандағы өзгерістер;
- 4) халықтың екі жақты қанаушылыққа ұшырауы;
- 5) орыс-қазақ шаруаларының өзара ынтымағы;
- 6) орыс ғалымдарының қазақтармен достығы;
- 7) орыс-қазақ мектептерінің ашылуы, қазақ тілінде газеттер мен журналдардың, кітаптардың шығарылуы;
- 8) қазақ даласына енген екі түрлі Россия, «прогрессшіл» идеяның ықпалы;
- 9) қазақ ағартушылары: Шокан, Ыбырай, Абайлардың көзқарастары;
- 10) қазақ әдебиетіндегі сыншыл реализмнің қалыптасуы.

Шолу сабағында қолданылатын пәнаралық байланыс: Тарих. Қазақ өлкесінің өз еркімен Россияға қосылу процесі ХІХ ғ. 30 ж. бастап 1860 ж. дейін созылғанын, бұл қосылу Қазақстанды Жонғар, Хиуа, Қоқан, Бұхар сияқты артта қалған феодалдық хандықтар тіршілігінен жаулап алу қаупінен құтқарғанын айту. 1868 ж. 21 октябрьде «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторының қаршық болыстарын басқару жөніндегі уақытша ережені» бекітті. Сол ереже бойынша Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары құрылды. Орал облысының орталығы – Орал, Торғай облысының орталығы – Орынбор, Ақмола облысының орталығы – Омбы. Облыстар уездерге, уездер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Уезд бастығына әскери дәрежесі бар адамдар, олардың көмекшілері қазақтың феодал топтары болды. Сайлау үшін феодал топтарының арасында күшті тартыстар болып отырды. Уақытша ереже мұсылмап дін өкілдерінің қолдарының қорғауын тежеді. Қазақтың тұңғыш ағартушылары Шокан, Ыбырай, Абай дін басыларының қазақтың өмірлік мәселелеріне үйрету әрекетіне, дін оқуына қарсы болды. Қазақстан қиыншылығында орыс-қазақ мектептерін ашудағы патша саясатының мақсаты өз саясатын жүргізетін тіл алғыш кадрлар тәрбиелеу еді. Алғаш мектеп 1841 ж. Бөкейлік Орда қаласында ашылды. 1883 ж. Орскіде қазақтың мұғалімдер мектебі ашылды. 1870-1883 жылдары Ташкентте «Түркістан уәлаятының газеті» шығып

тұрды. Қазақ тілінде 70-80 кітап жарық көрді. Қазан, Ташкент, Омбы баспаларында «Қозы-Көрпеш», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Алпамыс» жырлары басылды. Патша үкіметі жер аударған орыстың алдыңғы қатарлы адамдары жергілікті халықты мәдениетке тартуға, мәдениеті мен өнерінің дамуына көмектесті.

Орыс, украин, поляк халқының озық ойлы өкілдерімен таныстыру. Т.Г.Шевченко (1814-1861) жайында мәлімет беру. Ол Киевте жасырын ұйымға қатысқаны үшін 1847 ж. жер аударылған. 10 жыл айдауда жүріп, қазақ тұрмысынан суреттер салған. Қазақ өмірін бейнелеген «Байғұстар», «Келі түйген қазақ әйелі», «Бақташы» суреттерін мүмкіндігінше көрсету, қазақтар туралы пікірін айту. Сол сияқты А.Е.Александров, В.И.Даль туралы да мәлімет айту. Қазақстанның Россияға қосылуының мәнін дұрыс түсінген Шоқан, Ыбырай, Абайлардың көзқарастарын атап өту. Реализмнің дамуын теориялық ұғымда Ыбырайдың орта буын сыныпта өткен әңгімесі, Абайдың ғылым-білімге арналған өлеңдері; романтизм үлгісін Мағауия мен Ақылбайдың поэмаларын еске түсіре отырып атап өту.

Қолданылатын технология: Үлгілей жобалау технологиясы.

Әдіс-тәсілдері: репродуктивті, эвристикалық, зерттеу, шығармашылық, қисынды талдау.

Көрнекіліктер: XIX ғ. II ж. көрнекті тұлғалардың кітаптары, суреттері, буклеттер, рефераттар, грамжазу, тарихи документтер, хат, мемуар.

Пәнаралық байланыс: Тарих «Уақытша ереже». Орыс әдебиеті. Орыс әдебиеті өкілдерінің шығармалары.

### Тапсырмалар

1. «1863 ж. Уақытша ережеден кейінгі өзгерістер» тақырыбында шағын баяндама.
2. Т. Г. Шевченко туралы хабарлама.
3. Қазақтар туралы өзге ұлт өкілдерінің гуманистік ой-пікірлері.
4. XIX ғасырдың II жартысында жарыя көріп тұрған мерзімді басылымдар, кітаптар.
5. «Орыс-қазақ мәдени байланысы не берді?» публицистикалық шығарма жазу.
6. Қосымша әдебиеттерден ғылыми мәлімет қарастыру:
  - ҚСЭ. (1-12 том). Кіші жүздің Россияға қосылуы – 8-том, Жайық-Қазақ орыстары – 4-том, Дала уәлаятының газеті – 3-том,

Даль–3-том, Шевченко–12-том, Александров–1-том, Түркістан Уәлаятының газеті–11-том;

- Қ. Жұмалиев. ХҮІІІ-ХІХ ғ. қазақ әдебиеті (1967);
- Қазақстан тарихы. Очерк. – Алматы, 1994 ж.

### 1.2 Шоқан Уәлиханов (1835–1865)

Шоқанның білім алған, тәрбие көрген ортасы. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар жүйесі бойынша өзіндік жұмыстардың тақырыпшаларын топтастырып беру арқылы сағат санының аздығын, уақыт үнемдеуді жүзеге асыруға болады. Мысалы, шыққан тегін шежіреге түсіру. Арғы атасы Абылай – ақ сүйек, мәдениетті, білімді қоғам қайраткері. Уәлихан, Шыңғыстар – прогресшіл дүние танымдары мен өз елінің азаттығы үшін күрескерлер, әкесі Шыңғыстың аса зиялы, оқыған, көзі ашық, өз балаларын оқу, білімге тәрбиелегенін айту. Шоқан мұсылманша тіл сындырған, Омбыдағы Кадет корпусында оқыған, әскери білім ғана емес, әдебиет, тарих, музыка, физика, математика, география, құрылыс пен архитектура т.б. ғылым салаларымен сусындаған.

Шоқан – саяхатшы. Қашқар саяхаты. «Жоңғария очерктері». Еңбектердің 1865 ж. Лондонда «Орыстар Орталық Азияда» деген атпен шығуы (ағылшын тіліне аударуға ат салысқаны). 1857 ж. «Орыс География қоғамының» толық мүшелігіне сайлануы.

Шоқан – әдебиетші, фольклорист. «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры туралы айту. Халықтық жырларды, тұрмыс-салт өлеңдерін, мақал-мәтелдер, жұмбақтар және т.б. үлгілерді жинауы. Ауыз әдебиетін өнер ретінде бағалауына, Ә. Марғұланның зерттеулерінде көрсетілгендей, әжесі Айғанымның әсері болғанын, оқушыларға жекелей тапсырма ретінде Абай мен Шоқанның ұлы тұлғалар болып қалыптасуларында ерекше орын алған аналары мен әжелері жайлы салыстырмалы өздік жұмысын орындату.

«Қазақ халық поэзиясының түрлері» атты шығармасында поэзияны бес түрге бөлетініне тоқталып, түсіндіру.

Шоқан – «Манасшы». Оны «теңдесі жоқ, аса құнды туынды» деп бағалауы, даланың «Илиадасына» теңеуі.

Шоқанды заңгер ретінде танытатын «Сот реформасы туралы жазбалар» еңбегін оқытуда оның демократтық көзқарасын білдіру.

Бұл мәселе бойынша төмендегідей сұрақтар ұсынылады:

- 1) Шоқан неліктен сот реформасына ерекше мән берді, ол қандай талап-тілекті қамтуға тиіс еді?;

2) реформада қазақ халқына қамқорлық жасау қалай көрінеді, Шоқан реформаның нәтижесінен ақсүйектер емес, қалың бұқараның тілек-мүддесіне сай жүргізілуін талап етті?;

3) қазақтар билер сотына қалай қарады, осы реформала айтылған маңызды мәселелерді қазіргі заманғы талап тұрғысынан қалай бағалар едіңдер?;

4) Шоқанның орыс достары: Г. Н. Потанин, П. П. Семенов-Тянь-Шанский, С. Ф. Дуров, Ф. М. Достоевский, А. Н. Майковтар туралы, олардың хаттарына шолу жасау;

5) өмірінің соңғы кездері. Мезгілсіз қазасы. Е. Гудковскаяның ғалым мұраларын еліне табыс етуі, тарихи, баға жетпес еңбегі. Орыс достарының мұрасын жинап, бастыртулары, басына ескерткіш қоюлары;

6) Шоқан бейнесі көркемөнер, әдебиет, мәдениетімізде (С. Мұқанов «Аққан жұлдыз» романы, С.Бегалин «Бала Шоқан»);

7) Шоқантану ғылымы (Ә.Марғұлан, Стрелкова, С.Мұқанов).

Пәнаралық байланыс: Орыс әдебиеті. Ф. М. Достоевский, П. П. Семенов-Тянь-Шанский.

Бейнелеу өнері. Суреттер. Ә. Қастеев.

География Шоқан болған жерлер.

Тарихтан XIX ғ. II жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы.

Қазақстан мәдениеті. Театр. С. Мұқанов «Шоқан Уәлиханов» пьесасы.

Оқушылар оқитын шығармалар: «Жоңғария очерктері», «Сот реформасы туралы», Хаттары, «Қазақ поэзиясының түрлері».

Сыныптан тыс оқуға: «Манас» (үзінді), Шоқан туралы естеліктер, «Алтышаһар немесе Қашқария туралы».

Өз беттерімен, қалаулары бойынша оқуға: С. Мұқанов «Аққан жұлдыз», С. Бакбергенов «Ақ боз атты ару», С. Мұқанов «Ш.Уәлиханов» пьесасы, М. Әуезов «Әр жылдар ойлары» 1961 ж. «Достоевский және Ш.Уәлиханов».

Пайдаланылатын технология: Үлгілей жобалау технологиясы.

Тақырып бойынша төмендегідей кезеңдік жұмыстар жүргізіледі:

#### I кезең

1. Ш. Уәлихановтың «Сот реформасы туралы жазбаларының» өзіне тән тілдік ерекшелігін талдау.

2. «Сот реформасы туралы жазбалардың» қазақ қоғамындағы билік жүйесіндегі демократиялық бақылаудың бастамасына қосқан өзіндік үлгісі туралы туындыдан мысал келтіре отырып дәлелдеу.

3. Шоқан Уәлихановтың азаматтық позициясын танытатын шығармаларын зерделеу.

#### II кезең

1. «Ш. Уәлиханов - әдебиеттанушы» деген пікірді «Қазақтың халық поэзиясының түрлері туралы» жазбалары негізінде дәлелдеу.

2. Эпистолярлық жанрдағы Ш.Уәлихановтың өзіндік сөз саптау мәселелеріне тоқталу.

3. Қазақ әдебиетіндегі тұңғыш рет Ш. Уәлиханов ұсынған «жыр», «жөкқтау өлең», «қайым өлең», «қара өлең», «өлең» сынды әдеби терминдердің қазіргі әдебиет ғылымындағы қолданылу маңызын көрсету.

#### III кезең

1. Ш. Уәлихановтың «Жоңғария очерктері» жазбаларының тарихи-мәдени құндылығы жайында оқушылардың пікір-пайымдары.

2. Ш.Уәлихановтың шығармаларынан берілген әдеби дәйектерді жүйелеп, кестеге толтыру:

- «Халық үшін мұндай аса маңызды мәселені шешуге қазақтардың соншалықты селқос қараушылық мәселесі: надандық және өз мүдделерін түсінбеушілік...»;

- «Қырғыздардың «Манас» жыры – қырғыздардың барлық ертегілерінің, аңыздарының, ескі нақыл сөздерінің энциклопедиялық жинағы»;

- «Жыр дегеніміз – рапсодия. Ал жырламақ деген етістік, тақпақ айту дегенді білдіреді»;

- «Жергілікті сұлтандармен және қарадан шыққан байлармен келісе алмай жүрмін, өйткені олар өздерінің бұрынғы құлдарын жаман ұстайды...».

Ш.Уәлиханов хаттары	Қазақтың халық поэзиясының түрлері	«Жоңғария очерктері»	«Сот реформасы туралы жазбалар»

#### Тапсырмалар

1. Шоқан өміріндегі елеулі деректердің хронологиялық сызбасын даярлау.

2. Шоқан болған жерлердің картасын жасау.
3. Шоқан еңбектерінде кездесетін тарихи адамдардың есіміне түсінік беру, карточка жасау.
4. Көрме ұйымдастыру, альбом, буклет жасау, тезистік пікірлер, реферат жазу.
5. «Шоқан және оның достары» шығарма-пікір.

### 1.3 Ы. Алтынсарин және Қазақ хрестоматиясы (1841-1889)

Үлгілей жобалау бойынша оқушыларға Ы.Алтынсариннің поэзиясы, прозасы, аудармалары, этнографиялық очерктері, педагогикалық мақалалары, хаттары, Ыбырай мен Шоқан көзқарастарының үндестігі тақырыптарын модульге салып, соны қорғату. Мұнан басқа «Қазақ хрестоматиясы – алғашқы оқулық» (реферат), «Ы. Алтынсарин – ағартушы-педагог» (баяндама), «Қазақ хрестоматиясындағы» әңгіме-поэмаларда көтерілген мәселелер» (шығарма) алдын ала тапсырма беру. «Жаз», «Өзен», «Залым төреге», «Азған елдің хандары», «Азған елдің билері», «Атымтай жомарт», «Мейірімді бала», «Қазақ хрестоматиясы» еңбектерін оқу.

Ыбырайдың жазушылық өмірінің ағартушылық идеясына өзектестігі, демократиялық-ағартушылық көзқарасының қалыптасуы. Қазақ балалар жазба әдебиетін дамытушы. Өлеңдерінде элеуметтік теңсіздіктің, ел әкімдерінің сыналуы. Өлеңдерін мәнерлеп оқу, жаттау, талдау, «Ыбырай оқуларын» өткізу.

Ауыз әдебиеті үлгілерін төрт түрге бөліп қарау: аңыз әңгімелер («Лұқпан Хәкім», «Таза бұлақ», «Жиренше шешен»); ертегілер («Қара батыр», «Тазша бала»); эпостық шығармалар («Қобыланды» және басқа жырлардан үзінділер); мақалдар мен мәтелдер. сол кездегі әншілер мен жыршылар шығарған кейбір өлең, айтыстар.

Прозасындағы жазушылық стиліне тоқталу. Шығармаларының тілдік ерекшеліктері, өзіне тән қолтаңбасын қарастыру. Әңгіме-новеллаларының көлемі шағын, идеясы терең, тілі қарапайым, даналық қорытындысы бар, мақал-мәтел көп, кейбір әңгімелерде мақала, очеркке тән сипат бар. халық аңызы орын алады, деталь-штрихтерді тиімді пайдаланады.

Тұңғыш аудармашы ретінде шығыс, орыс әдебиетінен еркін аударуына «Жаман жолдас», «Үш ұры», «Сталинші ханым», «Бір уыс мақта», «Әдеп», «Алтын шеттеуік» арқылы көз жеткізу.

Этнографиялық очерктеріндегі қазіргі жастар білмейтін, ұмытылып бара жатқан әдет-салттарды, халқымыздың тұрмыс-

тіршілігіндегі өзіндік ерекшеліктерді таныстыру. «Өлген адамды жерлеу», «Құла түсу, қыз ұзату».

Педагогикалық мақалалары хабарламаларын, хаттарын оқыту арқылы Ыбырайдың тамаша ұстаз-методист, педагог, басшы, халыққа білім беру ісінің шебер ұйымдастырушысы, әділ инспектор екеніне көз жеткізу. Оның халқына деген шексіз махаббатын, жеке адамдық қасиеттерін үлгі ету.

1889 ж. А.Мозохиннің Ильминскийге жазған хатындағы Ыбырай туралы жақсы пікірлерге, 1884 ж. «Оренбургский листок» газетіндегі әділ де биік сезімдер мен бағаларға назар аударту.

Бүгінгі, болашақтағы қазақ мектептеріне Ыбырай мұрасының маңызы жайында айтысқа негізделген пікірталасын жүргізу, пікірлерін қорғай білуге баулу.

Пәнаралық байланыс: Орыс әдебиетінен: Л. Толстой, И. Крылов, К. Ушинский.

Тарихтан: XIX ғ. II жартысындағы әдебиет пен мәдениет.

География. Жер аттары.

Әдебиет теориясынан: Новелла, мысал туралы түсініктерін дамыту.

Тақырып бойынша төмендегідей кезеңдік жұмыстар жүргізіледі:

#### I кезең

1. «Ы. Алтынсарин – ақын» деген тақырыпқа ой -толғау. Оның өлеңдерінің тілі мен тақырыптық-идеялық ерекшеліктеріне тоқталу.

2. Ы. Алтынсаринның «Өнер, білім бар жұрттар» өлеңінің мазмұнын оқушылардың өз сөздерімен (проза жанрында) айтып беруі.

3. Ы. Алтынсаринның өлеңдерінің тілдік ерекшелігі мен сөз сиптау мәнеріне тоқталу.

#### II кезең

1. «Ы. Алтынсарин – шағын әңгіме шебері» деген тақырыпта шығармаларынан мысал келтіре отырып дәлелдеу.

2. Ы. Алтынсарин шығармаларын үлгі бойынша атап көрсету:

- «Әке мен бала»;
- «Атымтай жомарт»;
- «Талаптың пайдасы»;
- «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»;
- «Бакша ағаштары»;
- «Кел, балалар, оқылық»;
- «Қыпшақ Сейітқұл»;
- «Жаз»;
- «Өзен»;
- «Бір уыс мақта».

### Ыбырай шығармаларының тақырыбы

Еңбек	Адамгершілік	Тәлім-тәрбие	Үнемділік, ептілік	Оқу-білім	Табиғат

### III кезең

1. Ы. Алтынсарин шығармаларының көркемдік ерекшелігі.
2. Ы. Алтынсариннің «Әке мен бала», «Атымтай жомарт» әңгімелерінің көркемдік ерекшелігін үлгі бойынша толықтыру:
  - «Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың»;
  - «...Өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мәнісі не?»;
  - «...Төртіншісі:... дәулетті өзімсініп, тиісті орындарына жарытпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне кінәлы болармын....».

Шендестіру тәсілі	Метонимия	Тенеу	Эпитет

### Тапсырмалар

1. Аудармалары бойынша салыстырмалы жұмыстар жүргізу.
2. Этнографиялық очерктері бойынша әдет-салтқа байланысты мәліметтер жинау.
3. «Дала қоңырауы» немесе «Ұлы ұстаз» тақырыбына шығарма-толғау жазу.
4. Ыбырай мен Шокан үндестігі жайлы пікір жазу.
5. Көрме, альбом, буклет жасау;
6. Ыбырай оқуларына өлеңдерін жаттау, әңгімелерін жаттау, талдау, әңгіме құрастыру.
7. Қосымша әдебиеттерді қарастыру:
  - Ә. Дербісалин. Ы. Алтынсарин. - Алматы, 1965 ж.;
  - Ы. Алтынсариннің шығармалар жинағы;
  - С. Хасанова. Ы. Алтынсарин шығармаларының тілі. - Алматы: «Мектеп» 1972 ж.;
  - Ғ. Қайырбеков «Дала қоңырауы» поэмасы. 1956 ж.

### 1.4 Абай – классик ақын (1845-1904)

Абайдың қандай ортада қалай тәрбие алғанын, әке тағылымы балаға үлгі болғанда ғана зерделі азамат өсіп шығатынын ескере отырып, оқушыны Құнанбайдың істеген игі істерімен таныстыру сабақ мақсаты болып көзделеді. Әкесінің «қарадан хан болған» әрі бапты, әрі ақын, әрі әділ би, шешен, қажы болғандығы (саяхатшы Янушкевичтің бағасы), анасы Ұлжанның да шанышпа, қу, өткір тілді, қылжақпас, шешен ортада өсіп, тәлім-тәрбие алуы, ертегішіл, тік мінез, «ел анасы» атанған Зере мен анасы Ұлжан, кіші анасы Айғыздар тәрбиесінде болуы, «Телқара» атануы сабақ барысында дерек ретінде қарастырылады.

Абай шығармаларын жаңа тұрғыдан қарастыру поэзиясының үлкен махаббаттан туған ұлы бастама болуынан. Ақын табиғатпен тұтастық тауып барып, Адамды сүюді жырлады. Адам баласына Алланы сүюді, адамды сүйіп - сыйлауды, қоршаған айналаға жылы жүрекпен қарауды насихаттауы ақын өлеңдерінің негізгі түйіні болып табылады. Себебі кезінде ашып айта алмаған кейбір сөздеріміздің қазір ұрпақ өнегесіне айналатын кезегі жетті. Адамгершілік пен ізгілік имандылықтан туындайтынын ескерсек, Абай сол кездің өзінде-ақ тәрбиенің негізі имандылықта екенін білгермендікпен айтқан екен. Сондықтан Абай шығармаларын жаңа тұрғыда талдауды ол арман еткен Адам – Толық адам болу мәселесінен бастаған жөн. Абайша Толық адам – өнерлі, еңбекқор, адал, әділ, жылы жүректі, «ыстық қайратты», ғылым жолына түскен Адам. Бұл мәселе төңірегінде көрнекті ғалым М. Мырзахметовтің «М. Әуезов және абайтану проблемалары», «Абайдың адамгершілік мұраттары» атты монографиялық еңбектерін пайдалануға болады.

Абайдың қарасөздерін терең талдау арқылы біз оның педагогикалық, психологиялық көзқарастарын танып, пайымдаймыз. Отыз бірінші қарасөзін толық талдау. «Жаз», «Күз», «Желсіз түнде жарық ай», «Мен жазбаймын өленді ермек үшін», «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол», «Болыс болдым мінеки», «Мәз болды болысың», «Сегіз аяқ», «Ал, сенейін, сенейін», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Айттым сәлем, қаламқас» өлеңдері мен «Ескендір», «Лестина», «Бесінші», «Жетінші», «Он бірінші», «Он бесінші», «Он сегізінші», «Жиырма бесінші», «Отыз бірінші» қарасөздерін міндетті түрде оқу.



Хрестоматияда берілген барлық өлеңдерін оқып, талдау, топтастыру, модульге салу. а) өнер, ғылым, білім; ә) халық мүддесін қорғайтын азаматтық үн; б) достық, махаббат; в) ақын мен ақындық жайлы; г) табиғат лирикасы; ғ) Әбдірахманға арналған өлеңдері; ж) ел басқарушыларды әшкерелейтін өлеңдері; з) аударма өлеңдері.

Пушкин	Лермонтов	Гете	Крылов
«Татьянаның хаты», «Онегиннің хаты», «Ленский сөзінен»	«Қанжар», «Жалау», «Ой», «Дұға», «Теректің сыйы», «Вадим», «Көңілім менің қырағы» (Байрон)	«Қараңғы түнде тау қалғып» (Лермонтов)	«Шырылдауық шегіртке», «Емен мен шілік», «Бүркіт пен қарға», «Жүректе көп қазына бар» (Полонский)

#### Ақындар үндестігі

Абай	Ыбырай	Ілияс	Әбу Сәрсенбаев
«Жаз»	«Жаз»		
«Күз»			«Алтын күз»
«Аттың сыны»		«Құлагер» поэмасындағы Құлагер сипаты	

#### Абай гуманизмі

Оқуға, талдауға: Күйтабакта жазылған тоғыз әнін тыңдап, орындап, талдау.

Абайдың композиторлығына әсер еткендер: қазақтың халық әндері мен күйлерін жақсы білуі; Семейде орыстың халық музыкасын, әндерін, романстарын естіген, орыс достары әсер еткен. Петербургте оқыған баласы Әбдірахман орыс музыкасымен жақсы таныс болған, айналасындағы жастар: скрипкашы Мұқа, өнерпаз балалары Әбдірахман, Ақылбай, әнші Әлмағамбет, әйелі Әйгерім. Ән сазы жүрекке қалай тиетінін «жүрек тербеп оятар баста миды» деп бейнелейді. Осы пікірді оқушыға жете ұғындыру үшін «Көңіл құсы

құйқылжыр шартарапқа» өлеңінің композициялық құрылысын ашып алу керек:

1) адам көңілінің әнге берілуі, орындалуы, адамға әсері (1-3 шумақ);

2) ән-күйдің мәнін ұғынбайтындар мен нашар әнге сын (4-6 шумақ).

3) білімді ерге, көкірегінде оты бар ойлы адамға әннің өмірдегі орынын ескертуі (7-9 шумақ).

Өлеңде 2 түрлі лирикалық кейіпкер бар. Біріншісі – ойсыз құлақ сздер. Екіншісі – жылы жүректі ерлер, білімді, көкірегінде оты барлар. Ақын сонғыларына ұстаздық, ақылгөйлік сөзін сыршылдығымен, ермишылдығымен дамыта түседі. Абай өлеңдерінің құрылысын оқыту өлеңді дұрыс қабылдай білуге, ақындығы барларға өлең шығару өнерінің бастапқы әліппесін білдіруге ықпал етеді және педагогикалық-психологиялық мәні зор. Мұнан әрі бірнеше өлеңдерінен үзінділер оқылып, ұйқас түрлерін тапқызуға болады. Мысалы: қара өлең, кезекті ұйқас түрлері. Абайдың жаңадан тапқан ұйқастарын аңғарған А.Байтұрсынов екенін еске ала отырып, шалыс, егіз, аралас ұйқас түрлеріне өлең үлгілерін ұсына отырып, талдату. «Желсіз түнде жарық ай», «Қараңғы түнде тау қалғып» – шалыс ұйқас (и, э, а, э). «Сегіз аяқ», «Бойы бұлған» өлеңдеріндегі қатар тұрған екі тармақтың өзара ғана ұйқасуын егіз ұйқас дейтінін, сөйлемнің аяғы болып тұрған 3 және 6 жолдар тек өзара ұйқасып тұрғанына назар аударту. «Жан аямай кәсіп қыл, Бола ма дәулет несіп бұл?» Бір өлеңде ұйқастың бірнеше түрін белгілі бір ретпен, тәртіппен араластырып алғаш қолданғанын «Ғылым тапнай мақтанба» өлеңін талдау арқылы дәлелдеу. Мұнда шұбыртпалы, ерікті, егіз, шалыс, кезекті ұйқас түрлері араласып келеді.

Дәстүрлі төрт тармақты шумақтарды және тармақ саны әртүрлі аралас шумақтарды қолдана отырып, жаңадан алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, он төрт тармақты шумақтар ойлап тапқан. Оған «Күз», «Жаздыгүн шілде болғанда», «Бойы бұлған», «Сегіз аяқ», «Әбдірахман өлгенде», «Сен мені не етесің». Қазақ өлеңін буын саны жағынан да жаңартушы өкенидігі қарастырылады.

Абайға дейін 7, 8, 11 буынды болса, 6 және аралас буынды өлшеммен жанарды. Бұл нұсканы А. Байтұрсынов «Жиган-терген» өлеңінде пайдаланған. Абайдың өзіне ғана тән аралас буынды өлең түрлері бар, олар ақ өлең деп аталатын еркін ағымдағы өлеңдердің бастапқы нұсқасы. Бунақтарды күнделікті мәнерлеп оқуда қайталау.

Қазақ өлеңдерін дауыс күшін жылжымалы етіп құруға бағытталған дәлелдеп берді. Бұл жағдай әлемдік ғылыми тілде

силлабикалық өлеңді силлабо-тоникалық тәсілмен байыту деп айтылады. Мұндай шеберлік поляк өлеңдерінде, Шығыс жұлдыздары Фирдоуси, Хожя Хафиз, Омар Хаям, Науан рубаяттары мен газелдерінде үздік қолданыстар деңгейінде көркемдік шешімін тапқан. Ендеше осы қатарда тұрған Абай ұлылығының әлемдік сипаты күшейе түскенін аңғаруға болады.

А. Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» еңбегіне тоқталу. А. Құнанбаевтың «Болыс болдым мінеки» өлеңінің тіліне толық лингвистикалық талдау жасауда ең маңызды тұлғаларына жартылай лингвистикалық талдау жүргізген зерттеушіміз Р. Сыздықованың пікіріне сүйене отырып талдату. Бұл өлеңде поэзия тілінен гөрі ауызекі сөйлеу тіліне тән «лепілдеп», «дінкілдеп», «дүмпілдеп», «далпылдап», «шартылдап» деген сөздер қолданылған. Олар семантикалық бояуы жағынан да, тұлғасы жағынан да сатиралық жанрға сай келеді. Мұнда жағымсыз қылықтарды білдіретін экспрессивтілік бояу мықты. Съезд өкімі шыққан кезде болыстың «қарбандап өкімдеуі», «күпілдеп сөз айтуы», «кісімсіп мақтануы», «барқылдап боктауы» инверсияланған қалыпта көз алдымызға жанталасқан жағымсыз бейнені көрсетеді. «Түйеде қом, атта жал, қалмады елге тығындап деп басталатын сөйлем шоғырларындағы етістіктердің өткен шақ, ауыспалы осы шақ, нақ осы шақ, болжалды келер шақ тұлғаларында кезектесіп берілуі кісі қолындағы лауазымдық өмірдің тұрқын жеткізеді. Морфологиялық тәсіл арқылы кекету мағынасын жеткізетін – сып жұрнағы арқылы үстеу сөздер мен есімдерден етістіктер туғызған. Мысалы, «салғыртсып», «камқорсып», –и аффиксі арқылы жасалған «өкімдеп», «қырындап» сияқты етістіктерді контексте ғана ұғуға болады. Осындай авторлық тіркестер мен окказионал сөздердің мағыналарын былайша ашуға болады:

- «Қарбандадым өкімдеп» – өкім шығарып елді жиып, ел алдында өзінің ғана ойын көрсету;

- «Шала ұғамын қырындап» – тура қарамай, жүре тыңдау.

Осы жерде окказионализмдер не авторлық «бір реттік қолданымдар» белгілі бір себеп жағдайында жасалған, сөздік құрамға енбейтін, түсіндірме сөздікте болмайтын сөздер екенін түсіндіру. Өлеңдерінің тіліне келсек, бір ғана «тіл» сөзіне қолданған эпитеттер қаншама. Тура тіл, қызыл тіл, өткір тіл, орамды тіл, ащы тіл, қу тіл. Көңілге сәуле толмаса – ауыстыру; Құйрықты жұлдыз секілді – теңеу; Терек долданады, қайратын көрсетеді – кейіптеу; жайнаған туын жығылмай – ассонанс.

Абайдың поэмалары «Масғұт», «Ескендір», «Әзімнің әңгімесі» Шығыс халықтарының аңыз-ертегілерінен алынғанын ескерту.

М. О. Әуезов «Ескендір» поэмасына негіз болған желіні XII ғасырдағы азербайжан классигі Низами Ғанжауи дастанынан алғанын дәлелдейді. Бірақ ақын оқиғаны өзінше құрып, Ескендірдің жауыздық бейнесін жасайды.

Шығарма бойынша оқушылар ұсынысымен жоспар үлгісін жасап, талдау ұсынылады:

1. Ескендірдің тегі, патшалығы, жорықтары.
2. Жорықтағы Ескендірдің бұлаққа кездесуі.
3. Ескендірдің бұйрығы.
4. Күзетшімен тілдесу, оның сыйы.
5. Аристотельдің сүйекті өлшеуі, оның сыры.
6. Ақынның өсиет сөзі.

Бұдан кейінгі әңгімеде поэмадағы екі кейіпкердің диалогінен жауыздық пен әділдік идеясының бетпе-бет келуі, жауыздықтың даналық пен ақиқат алдында бас игені ашылады. Ақын поэма соның мақтаншақ, тойымсыз, қанағатсыз Ескендір міне осылай даналыққа бас иген еді деп аяқтайды. Білімді ақыл иесі Аристотельді өз замандастарына үлгі етуі – ақынның ағартушылық-гуманистік идеяларымен үндеседі.

Дидактикалық ойларының өлеңдерімен ұштастығын салыстыру. Осындай ұнамсыз мінездерден аулақ болуды ақын қай өлеңдерінде сөз етеді? («Әсемпаз болма әрнеге», «Ғылым таппай мақтанба»). Ақынның алдына қойған мақсаты қай өлеңдерінде айтылатын еді? («Өлең – сөздің патшасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»).

«Масғұт» поэмасының идеясы да адамгершілік мәселесін көтереді. Мұнда ақиқат өмірлік тартыстан гөрі, ақынның айтпақ ақыл, ой нәтижесіне мысал ретінде алынатынына назар аудару. Оның композициясы екі бөлік оқиғадан тұрады. 1 – Масғұттың шалды арналуы, шал ұсынған сыйлықты таңдауы. 2 – Халифаға уәзір болуы. Адамға адамның қамқорлығы, жақсылыққа жақсылық қарыз іс деген адамгершілік мәселесі – бір тақырып, әйел адамға деген құрмет, ардақтау, аялау, сыйлау мәселесі-екінші тақырып. Осы екі поэмаға тән ерекшелік – ертегілік сипатында. Жансыз нәрселердің (көз сүйегі, үш түрлі гүл, жанды су) ерекше құпия қасиеті оқиға дамуына себепші болды. Бас кейіпкерлер сол нәрселердің жұмбақ сырларын оймен, ақылмен, өмір тәжірибесімен жанастыра отырып шешеді.

Қарасөздерін топтастырып алып, қарастыру. 7, 19, 31 - сөздерінде адам болу жайлы айтылатынын, 7 - сөздегі жан құмары деген сөзге түсінік беру. 19 - сөздегі еңбектенудің түрлері – есту, көру, ұстау, естулердің сөзін ескеру, оған зор ынға қою, оны баянды ету – адам болудың кепілі. 7 - сөздегі ойларын «Ғылым таппай мақтанба»,

«Жүректе қайрат болмаса» өлеңдерімен байланыстыру. 8, 11, 22-сөздеріндегі ел билеушілер, әлеуметтік топтардың сыналатынын, сатиралық өлеңдермен байланысын ашу. 11 - сөз «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», 22 - сөз «Болыс болдым мінеки», «Қалың елім, қазағым», 18 - сөз «Адасканның алды жөн, арты соқпақ» өлеңімен салыстыру. 5, 6, 29 - сөздері қазақтың мақал-мәтелдерінің мәнін ашады. Мәнін ұға алмаған надандықты сынайды, саналы әрекетке, адамгершілікке шақырады. 38 - сөз «Ғажия-тасдиқат» яғни дін, мораль туралы, 37 - сөз афоризмдер жинағы, 46 - сөз тарихтық очеркке жақын, 43 - сөз педагогикалық, психологиялық терең жүйрік ойға арналған, 27 - сөз Сократ пен оның шәкірті Аристодим әңгімесіне байланысты. Қара сөздері философиялық трактаттарға үндес. (Дискіден философ Ғ.Есімнің философиялық тұжырымдарымен салыстыру).

Назирағәйлік дәстүр. «Абай және қазіргі заман» еңбегі бойынша А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» шығармасына жауап үлгісін талдау.

Көрнекіліктер: Абайдың, балаларының оқыған және тұрған үйлерінің, музей үйінің, қолжазбаларының, орыс достарының фотосуреттері. Өнердегі бейнелері, иллюстрациялық суреттер, буклеттер, дискілер, құйтабақтар, кинофильмдер.

Пәнаралық байланыс: Музыка. «Абай» операсынан фрагменттер, әндерін оқушылармен орындау.

Бейнелеу өнері. Ә.Қастеев «Жас Абай».

Тарих. XIX ғ. Қазақстан.

Орыс әдебиеті. А.С.Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармалары.

Неміс әдебиеті. Гете шығармасы.

Тақырып бойынша төмендегідей кезеңдік жұмыстар орындалады:

### I кезең

Абайдың «Ескендір» поэмасындағы мына тармақтардың мазмұнын төмендегі тірек сөздер негізінде көрсету.

Әдеби дәйек – ...Қарның тойса қайғырма мақтан үшін  
Тоймас сөзің толар деп қайғы жеме...

Әдеби дәйек – ...Ақылсыз өзін мақтал былжырайды,  
Бойына өлшеп сөйлесен немқұрайлы?

Әдеби дәйек – Жақсы болсаң жарықты кім көрмейді,  
Өз бағанды өзіннен кім сұрайды?!

Пайдаланатын тірек сөздер:

- қапалану, тойымсыздық, даңғойлық, есерлік, көзге түсу үшін, жасандылық, дүниеқорлық, опасыздық т.б.;

- сөз бен істің бірлігі, шамаға қарай шана сүйреу, уәдені орындау, арық айтып, семіз шығу, аз сөз, тындырымды іс, т.б.;

- дәлелдеу, қараңғы түндегі жұлдыз, жарықтың өзіндік қасиеті, адамның ісіндегі тиянақтылық, өзін асыра бағалаушылық т.б.

### II кезең

«Ескендір» поэмасының сюжеттік – композициялық жоспарын оқиганың даму желісі бойынша орналастыру.

VI кульминация VII шешімі

VI даму

IV шиеленісу

VIII эпилог

III ситуация

II экспозиция

I пролог

Оқиға желісінде

Поэмада

1. Адамның көз сүйегін сыйлайды.
2. Әлемнің барлығын жаулайды.
3. Аристотель бұл сұрақтың жауабын шешеді.
4. Бұлақ басына тап болады.
5. Ол жорыққа аттанады.
6. Бұл сыйға көңілім толмайды.

### III кезең

1. «Ескендір» поэмасындағы автордың негізгі позициясын төмендегі сөздерді пайдалана отырып атау.

Намысшыл	Қанішер
Толанкер	Топастық
Әжет	Тойымсыздық
Сілқынқандық	Даңғойлық
Ақылға жүгінеді	Мақтансүйгіштік
Өнгенің ақылғын тындай біледі	Астамшылдық
Ханның ханы	Сабырсыздық
Синасыздық	өктемшілдік

### 2. Поэманың көркемдік ерекшелігі

Аяқталу тәсілі	Құбылту тәсілі	Айшықтау тәсілі
интер	Метафора	Антитеза
Аллитерация	Метонимия	Инверсия

Ассонанс Тенеу	Астарлау	Эпифора Анафора
-------------------	----------	--------------------

Дарияның суындай қандар акты...  
 Сандалды сар далада су таба алмай ...  
 Жарлық шашты, қол жүрді суды өрлей ...  
 Көпір көздің дүниеде араны үлкен ...  
 Қанша алтынды күміспен салса-дағы,  
 Бір кішкентай сүйекті аудармады.  
 Жақсы болса жарықты кім көрмейді?..

Поэманың тілі

Тұрақты тіркестер – көз аларту, қолына алу, көңілі толмау, араны ашылу, қайғы жеу, жердің жүзі, көзі түсті, көз салу.

### Тапсырмалар

1. Ақын шығармаларының неміс, орыс тіліндегі негізін қазақша аудармасымен салыстыру.
2. Бір шығарманы аударған бірнеше қазақ авторларының шеберлігін салыстыру.
3. Шығарма-пікір, шығарма-талдау, шығарма-миниатюра, шығарма-дәлелдеме, шығарма-суреттеме, шығарма-эмоция, шығарма-реферат, шығарма-рецензия, шығарма-аннотация, шығарма-мақаланың қалаған түрін жазу. Тақырыбы: «Абай – классик ақын».
4. «Абай ізімен» өлең жазуға, ойлы қарасөздер жазуға баулу (табиғат, махаббат лирикалары).
5. Көркем туындыларды тиімді пайдалану мақсатында эпопеядағы өлеңдердің шығу тарихына тоқталу («Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай»).

### Іздендіру, зерттеу бағытындағы жұмыс түрлері

1. Абайдың поэтикалық тілінің сөздігін жасау.
2. «Абай лирикасындағы ұнамсыз типтер. Оларды бейнелеудегі ақын стилі» тақырыбы бойынша ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізу.
3. «Абай тіліндегі бейнелегіш құралдар» тақырыбына мақала жазу.

### 1.5 Ы. Алтынсарин мен А. Құнанбаевтың табиғат лирикасын салыстыра оқыту

Мақсаты – екі ақынның табиғат лирикасына арналған өлеңдерін терең меңгерту, өлеңдерін мәнерлеп жатқа айту, әдеби-теориялық, қисынды, лингвостилистикалық талдауға бейімдеу. Этнографиялық тиімділікті тереңдете түсуге баулу. Ақындар поэзиясындағы жаңалыққа назар аудару.

1. Екі ақынның төменгі сыныпта өткен өлеңдерін еске түсіру, жатқа айту, күйтабақтан, дискіден тыңдау. «Ақын неғұрлым данышпан болса, соғұрлым табиғатпен терең араласып, оны құшағына түтсе қамтып алады. Табиғат – күллі тіршілік атаулының құтты қоныс мекені, алтын ұя тал бесігі».

2. Ақындардың табиғат галереясын аралау. Адам–табиғат–сезім.

«Жаз» Ыбырай - Абай. 2 оқушы екі ақынның «Жаз» өлеңдерін мәнерлеп оқиды.

Проблемалық сұрақ: Өлеңдерді оқып тұрғанда көз алдарыңа не елестейді?

Ықтимал жауап: Ыбырайда көктемгі табиғаттың әсем суреті бар, ал Абайда жаздыгүнгі жайлаудағы қазақ аулының өмір тұрмысының суреті бар.

3. Өлеңдерді композициялық құрылымы жағынан бөлімдерге бөлу

Абай «Жаз»	1 шоғыр	2 шоғыр	3 шоғыр
	Шілдедегі табиғаттың жалпы көрінісі	Сол шілдедегі мал, аң-құстардың көрінісі	Жаздыгүнгі қазақ ауылының тіршілігі, әрекеті
Ыбырай «Жаз»	Сәуірдегі табиғаттың жалпы көрінісі	Сәуірдегі адамдардың қуатты сәттері	Сәуірдегі аң-құстардың тіршілігі.
Үлкен Абайды	Болғанда толғанда қонғанда (шұбыртпалы)	Қылтылдап Қыңқылдап Шыбындап Шылпылдап Бұлтылдап Сымпылдап (шұбыртпалы)	Бұл да сондай

Ұйқасы Ыбырайда	Туы Қуы Суы Буы (шұбыртпалы)	Мұнарланып Тұманданып Құмарланып Жұмарланып (шұбыртпалы)	Бұл да сондай
--------------------	--	--	---------------

4. Қазақ тілі пәнімен байланыстыру үшін сұрақ-тапсырма:

1) өлеңдегі ұйқасып тұрған етістік тұлғалары

Шілде болғанда – Рахмет туы

Өсіп толғанда – Қаз бен қуы

Ауыл қонғанда – Қардың суы

Қылтылдап – Мұнарланып

Ықтимал жауаптар: Абайда көсемше, есімше тұлғалы баяндауыштар табиғат көріністерін іс-әрекет үстінде көрсетіп, қимыл-қозғалысты осы сәтте өтіп жатқандай әсер берсе, Ыбырай зат есімдерді сонына қою арқылы табиғатта кездесетін құбылыстарды көз алдына бірден әкеліп елестетеді. Екі ақын да тиянақсыз форманы табиғаттың шексіздігін көрсету үшін пайдаланып, жаз көрінісін байкатады.

2) жаз көрінісін қозғалыста көрсетіп тұрған сөздерді теріп жазу

*Көтерілер рахмет туы, көк жүзінде көрінер көкпен жаңбыр, таулардан сулар жүріп*

3) автор эмоциясын көрсететін сөздер

*Мұнарланып, тұманданып, судан жұтар, құмарланып, рахаттанып.*

5. Абай мен Ыбырай – суреткер ақындар.

Абай «Жазда» – ағыны қатты өзенді бейнелегенде «күркіреп» сөзін ұтымды пайдаланады, құлын-тайдың көптеген әрекеттері ішінен де «айнала шауып бұлтылдап» көрініс беруін таңдап бейнелейді.

Ыбырай «Жазда» – қардың суының молдығын «жайылар» сөзі арқылы, ал жердің гүлінің жайқалып өсуін «ұйқыдан көзін ашқан жас балаша» деген заттандыру әрекеті арқылы жан бітіре суреттей білген.

Бұл туралы белгілі ғалым Р. Сыздықова: «Абайда жалпы суреттеме тәсілі күшті берілген. Мұның өзі де – қазақ поэзиясында тың нәрсе. Осы әдіс өлең тіліне күнделікті тұрмыс-салтқа байланысты лексика тобын әкеледі. Мысалы, «Күз» деген өлеңінде келтірілген: жыртқық киім, шуда жіп, кемік сүйек, сорпа-су, жамау, ыс-деген сөздер бұрынғыдай ауыспалы мағынада емес, тура өз мағыналарында сурет үшін пайдаланылған».

6. «Жаз» өлеңіне байланысты көркемдік ерекшеліктерді талдату сұрақтары:

- Абай шөптің биік болып өскенін қалай өрнектеген?

«қзарып өсіп толғанда», «шалғыннан жоны қылтылдап». Ыбырай шөптің молдығын «нәсердің қуатымен жер шөбі өсер», «көкқорай дүние жүзі шалғын болып» деп береді.

- Өзенде су мол екенін қай сөз айқындап тұр?

«Күркіреп» деп Абай сипаттаса, Ыбырай «тасиды» деп береді.

- Үйрек-қаз ұшуында қандай ерекшелік бар?

«Сымпылдап» – Абайда, Ыбырайда – «қаңқылдап».

- Су жағасында жүрген бозбаланың көңіл-күйін білдіретін сөзді кім дәйектейді?

«Қутындап» деп Абай суреттесе, Ыбырай «жүгірер ойдан қырға жұмырланып» деп береді.

Сөйтіп, біріншіден, ақындардың аз сөзбен сурет сала білу шеберліктерін көрсек, екінші қыры, белгілі бір құбылыс, әрекеттің көп сәлсіз ішінен ең өзекті бір түрін екшеп ұсынуына назар аударып көрейік. Көркем әдебиет тілінен мысал теру үлгісін Қ. П. Жүсіптің өлеңінен бұрыннан таныспыз, адамның жүру түрлері сан алуан екенін де білеміз. Соны еске түсірсек, *қаздаңдау, дедектеу, маң-маң басы, еңкеңдеу, ордаңдау, арбаңдау, балпаңдау, мамырлау*, т.б. Абай мұның бәрін келтіре бермей, бір ғана «былқылдап» деген жүру түрін қыла-келініштерге арнап қолданған. Бұл да екі ақынның ешкімге, бір-біріне ұқсамауы, ерекшелігі. Бұл ақындардың үшінші қыры – бәрін бір ғана лирикалық қаһарманның талғамына, көзқарасына, сезіміне бағындыруында. Төртінші қыры – өлеңдегі бар сөздердің, ұйқас құруға белсене қатысып тұрған көріктеуіштердің «қылтылдап», «шылтылдап», «бұлтылдап», т.б. өзара әсем үндесуі Абайдан көрінсе, «туы», «қуы», «суы», «буы» есімдерінің сөйлем соңында келуімен сәтті ұйқас, келісті үн қосып тұр.

6. Қорытынды. Ақындар өлеңіндегі жаз көрінісі сезім-күйдің шағын тебіренісімен беріледі.

Тереңдете оқытылатын сыныптарда көркем туындыны әдебиеттану ғылымы тұрғысынан тереңдете талдатуға болады. Оны сыныптық сызба түрінде беріп, ауызша да, жазбаша да беруге болады.

#### Абай мен Ыбырай «Жаз» өлеңі

Өлең тақырыбы, авторлық стилі	Өлеңдегі негізгі ойды ашатын шумақтар	Айшықты, әдемі, образды көркем сөздер	Өзіңе ұнаған жолдар, шумақтар	Ақын стилі, әдісі

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңін талдау

Шумағы	Негізгі ойы
II-III-II	Алланың растығы
II-III-IV	Алланың өзгермейтіні, ал адамзат, күллі мақұлық, қағида, шариғат өзгерер.
Y-YI	Үш сүюді уағыздайды: Алланы, адамды, әділетті сүю.
YII	Осы үш сүюге мал түгіл басты байлау.
YIII-IX-X	Осы үш сүюді бұзатын үш іс: «мактан, пайда, әуесқойлық».
XI	Рауза, намаз, зекет, хаждың талассыз іс екендігі. Иман білу, таразылығын ұстау.
XII	Алла мінсіз, құран рас.
XIII	Пайда, мактан, әуесқойлық–шайтан ісі. Мұсылмандықты уағыздау, иманға илан. Пендеге иман жол ашады. Адамдық атын жойма.

«Мен жазбаймын өленді ермек үшін» өлені

Шумақ реті	Шумақтағы берілген ой	Тілмен көркемделуі
1, 3	Өленді ермек үшін жазбауы Өлең жазудағы мақсаты Ақындық бағдарламасы Әсіре, қызыл сөз емес, түбі терең сөз жазу	«Көкірегі сезімді, тілі орамды, жаздым үлгі жастарға бермек үшін». «Сөз айттым Әзірет әлі айдаһарсыз. Мұнда жоқ алтын иек, сары қыз»
2, 5	Тыңдаушыға қояр талабы, сөз қалірін түсінушілерге сын. Сөздің сырты емес, ішіне үніл.	«Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей. Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.

5		«Өзге түгіл, өзіне	
Өлең техникасы	Бұхар	Абай	Абай енгізген жаңалықтар (проблеманы анықтау)
- үйқас түрлері			
- шумағы			
-бунағы			
-буыны			

«Құлақтан кіріп бойды алар»

Өлеңдегі негізгі ой	Тілмен кестеленуі	Эмоциялық бояу, көңіл-күй
1. Жаксы ән мен аман күй туралы ақын толғанысы. Өлең деген ерекше сезім	«Өнді сүйсең, менше сүй» «Құлақтан кіріп бойды алар»	Тебірену, шаттану, күйіну, сүйіну.
2. Ән және ақын. Әннің әсері, әнді ұғу. Оның бір сүйгіні, бір күйгінетін қасиеттері	а) «Дүние ойдан шығады, өзімді өзім ұмытып». ә) «Бір күйгізіп, бір сүйгізіп»	Елту, толғану
3. Әннің өткен күнді, ұлы зарды өлең түсіруі. Ақын өлеңі, қайғысы, ұлы өмірі	а) «Ескі ойға көңілім толады. Тірілтіп өткен құрғырды» ә) «Мен ішпеген у бар ма?»	Мұң, зар, қайғы, арман, шіміркену

Тапсырмалар

1. Абай өлеңдерін басшылыққа ала отырып, кестені толтыру.

Абай өлеңінің құрылымы	Мысалдар	Қорытынды
Сөз маңайық сөйлеу тілі		
Сөз маңайық мәтел, ифористік арнайылар		
Сөз маңайық тілді пайдаланатын		

сөздер -басқа тілден енген сөздер		
---	--	--

Өлеңдер	Афористік, даналық сөздер	Өз бағасы, пікірлері.
«Ғылым таппай мақтанба»		

2. Қара сөздерінен Абай сынаған қазақ мақал-мәтелдерін жазу.

Қара сөздер	Мақал-мәтелдер	Абай сыны	Өз пікірім II топ
-------------	----------------	-----------	-------------------

3. Абай қара сөздерінен нақтылы мысалдар келтіре отырып, оның гуманистік, демократтық, ағартушылық көзқарасын дәлелдеу. Ол көзқарастарыңыздың бүгінгі қоғамдағы орнына назар аудару.

### 1.6 Шәкәрім және «Үш анық» (1858-1931)

Шәкәрім – жүрегінен, көңілінен сиқырлы әуендер төгілген, жиырмадан астам ән шығарған композитор. Араб, Батыс Еуропаны аралаған жиһангер, қажы. Ағартушы, гуманист, демократ, философ.

1905-1906 жылдары Меккеге баруы. Мекке, Мәдиненің тарихын зерттеуі. Л. Толстойды ұстаз санағаны, онымен хат жазысқаны. Жеті жасынан өлең шығарғаны, ән салғаны, музыка аспаптарында ойнағаны, колөнер шеберлігімен айналысқаны. Өмірінің соңында Қарасартов отрядының айуандықпен өлтіруі.

«Жастарға», Дүние мен өмір», «Бір аллаға сыйынған арам өлмес», «Ақындарға», «Жапанда жатып елден безген», «Насихат», «Жастық туралы», «Кәрілік туралы», «Еңлік-Кебек» дастанын оқу.

Шәкәрім шығармашылығын көтерген мәселелері мен тақырыптарына қарай топтастыру.

Модульге салу: 1. Оятқан ерте мені Шығыс жыры. 2. Заманмен сырласу. 3. Ғылым-өмір бастауы. 4. Сөз құдіреті мен қасиеті. 5. Махаббат-тірліктің шам-шырағы. 6. Адамның бәрі – өз халқың. 7. «Үш анық» еңбегі және мейірім, шапағат – имандылық белгісі. 8. Ұлы Абай – ақын ұстазы. Мысалы, «Ғылым-өмір бастауы» тақырыпшасы бойынша өлеңдерді сұрыптап алып, бірнеше оқушыға алдын-ала тапсырма беруге болады. Өлеңдері – «Жастық туралы», «Насихат»,

«Тылап пен ақыл», «Жер жүзі жабылғанда ғылым жаққа», «Ашу мен аңсап», «Жастарға», «Сен ғылымға», «Адам немене?».

Шәкәрім шығармаларын талдауда мына сұрақтарды қамту керек:

1. Ақын шығармаларының қамтыған тақырыптары;

2. Қазақ арасына көп тараған тоғышарлық, надандық, алауыздық дегендер қай өлеңдерінде сынға алынады? Ол адам баласына тән қасиеттерді уағыздайды?

3. Ақын қолданған «насихат» дегенді қалай түсінесіңдер?

4. Ақынның адам өмірі туралы айтқан қандай ой-байламдарын білесіңдер?

5. Өмірдің босқа өтуі дегенді қалай түсіндірер едіңдер?

6. Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы үндестік неде?

Бұл жұмыстар оқушыға еркіндік бере отырып, өз пікірін еркін, шешен тілмен айтып жеткізе алатын білімді азамат етіп шығаруға ағартушылар жасайды.

Ақын шығармасын Қ. П. Жүсіптің қисынды талдау үлгісі бойынша да түсіндіруге болады. («Қазақ лирикасындағы стиль және байлестілік»).

«Өлең көңіл – ындысыз өмір» (1912). Мұнда сегіз тармақтан тұратын бастапқы алты шумақтың бәрінің де алғашқы алты жолы жазылуына байланысты туған зейнеттілікті, табиғатты, тіршілік сәттанатын беруге арналса, әр шумақтағы соңғы екі тармақ лирикалық көңілдегі бір мұң бар екеніне көңіл бөлгізеді. Шығарма бастапқыда орын алған жай бұлт емес, «қабағынан қар жауған // қаршыға» бұлттың жоғалуы, жай жел емес, «қасқара алмай бет ауған // қаршыға» желдің де оңалуы – бәрі де табиғаттағы тәуір беталысты білдіреді, соған сай адамдар әрекетінде де жаңалық, қоздану бар: «Көңіліңден қыбырлап, // Ел қыстаудан қозғалды». Екінші шумақта Абайдың «Жаз» өлеңіндегі шындықты жинақтау мен даралаудағы шынайылық тәртібін жалғастыруын көреміз. «Өлі жердің сүйегін // Тірітті жайып жапырақ» жолдарында жапырақтың «жайнап», «өлі жердің сүйегін» тірілтуі – шарттылық жемісі. Бұл Шәкәрімге дейін болмағаны тек Мағжанда өріс алған романтизм белгілері екенін көреміз. Ақын одан әрі табиғаттағы әсемдікті нақты ашарлық аспаптарды келтіреді:

Бұл нұрыммен көгеріп,

Жауқанып шықты жалбырап.

Жер жүзіне оң беріп,

Қызыл гүл бітті албырап.

Жауқаныпның «көгеріп», «жалбырап» шығуы, қызыл гүлдің «беріп» оң беруі – рен сипатын, қозғалыс түрін нақты мәнерлеу

үлгілері, ал «Қатып қалған желіннен // қаймағы бар бал шықты» дегендегі «бал» сөзі символдық белгісі. Екінші шумақтағы жас балалар мен қыз-бозбаланың масайрауы тұсында: «Өліп қалған сұм жүрек // Оятсам да тұрмас-ты»-дейді. Ақынның күрескер «менінің» күйзелуі байқалады. Лирикалық қаһарманның өлікке айналуы – тартыстың шырқау биігі. Автор айтайын деген ойын соңғы шумағында түсіндіреді. Енді осы өлеңді мағыналық-стистикалық әдіс бойынша талдау үлгісіне салсақ, (Бақраденова А.Б. «Поэзиялық шығармаларға лингвистикалық, стилистикалық талдау») сөз таңдауда екі жолды салыстырып ұстайды. 1-халықтық қолданыстарды қолдану, 2-өзіндік сөз соқпақтарын салу. Бұл өлеңде ақын жылдың құбылмалы мезгілі мен өзінің көңіл-күйін егіздей суреттейді. Қаһарлы қысты, суық күзді жырлаған ұстазы Абайдың әдісімен «өлген көңіл» сипатын өтіп бара жатқан «ындынсыз өмірге» қарсы қояды. Өлең түгелдей антифразис әдісіне құрылған. Енді мәтіннің бірегей тілдік құралдарына толықтай назар аударып көрсек.

Жүрек, көңіл туралы қолданымдар жалпыхалықтық: жаралы жүрек авторда өлген көңіл, қайғылы көңіл, қабағын ашпас қайғылы көңіл, сұм жүрек өліп қалған сұм жүрек болып қолданылған. Тіршіліктің біртіндеп енуін автор экспрессивті-эмоционалды лексиканы қолдану арқылы береді. Жүректің жыбырлауы, жабырқауы.т.б. Автордың өмір, тіршілік жайлы өзі жасаған бейнелі тіркестеріне түсінік берсек: Өлі жердің сүйегін – асты қатты, тоң болып қалған жер – шартты метафоралы тіркес; Тірілтті жайнап жапырақ – жердің тоңын жібіту, жандандыру – шартты бейнелі тіркес: Жандыдан өніп жан шықты – тіршілік иелерінің көбеюі – метонимиялы тіркес; Көңілден кан шығу – шектен асыра қайғыру, қатты налу – авторлық бейнелі тіркес.

Мысалдары. «Бояулы суыр», «Қаншыр мен бөдене», «Қасқыр, түлкі, бөдене».

Тақырыбы. Мейірімділік, ақылдылық, енбек, адамгершілік;

Негізгі тартыстар. Жақсылық пен жамандық, іскерлік пен әділеттілік.

Поэмалары. «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», «Қодардың өлімі», «Нартайлақ-Айсұлу», «Жансыз жаза», «Қодардың өлімі» атты тарихи поэмаларын М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Абай жолы» эпопеясының «Қайтқанда» бөліміндегі Қодар жайындағы оқиғалармен салыстыру, сол бойынша пікірталас ұйымдастыру.

«Еңлік-Кебек» – әлеуметтік дастан. Дастанды жазу Абай арқылы (1912) Семейде «Жансыз жаза» атымен басталған. Поэма – махаббат трагедиясы, қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік трагедиясының

айнасы. Кеңгірбай – өз ортасының «ардақты ақ сақалы», жастардың жеңдеті. Еңлік пен Кебек – шынайы достық, махаббат сезімінің символы, Кеңгірбайлар әлемі үшін «ата заңын бұзған, ақ батаны аттаған сұмдық қылмыс иелері». Поэма тарихи шындыққа құрылған.

М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы мен Мағауия Абайұлының «Еңлік-Кебек» поэмасын салыстыра талдау. Физули ізімен жазылған «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны нәзира үлгісімен жазылған. М. О. Әуезов бұл туралы «Шығыс ақындарымен өнер жарыстырған туынды» деп бағалапты.

Аудармалары. Орыс әдебиетінен Л. Толстойға табынған, «Үш олуанды», «Крез патшасын», А. С. Пушкиннен «Дубровскийді», «Боринды» (өлеңмен), американдық Бичер Стоудың «Том ағайдың ащылығы», Хожа Хафиздің 300 жолдай (жоғалып кеткен) өлеңдерін халқтан жеткізді.

Продолжары, философиялық трактаттары. Шәкәрім – қазақтың терең қалған көркем прозасын дамытушы, суреткер жазушы. «Әділ-Мария» романы, «Шын бақтың айнасы», «Бәйшешек бақшасы», «Мәңгі сөздер», «Мен жетпіс екі жасқа келгенім», «Үш анық».

«Үш анықты» жазу жолында Шығыс пен Батыстың рухани қазналар көдеріне бас қойып, ондағы идеалистік, материалистік бағыттағы еңбектермен мол таныс болған. Осы арқылы Шәкәрім, біріншіден, патшылдық ғылым жолындағы таным мен, екіншіден, дін жолындағы теологтардың дүниетанымы бірінші, екінші анық деп көрсетеді де:

Еңелім, таптым анығын

Таптам ескі танығын, - деп өзі ғұмыр бойы шарқ ұрып ізденіп таппай жолы үшінші анықты ұсынады. Ол – үшінші анығы Абайда көрсетілген сөз болған мораль философиясындағы жан құмарына барып ұлттанған ұждан туралы күрделі проблеманы көтереді.

Еңбекпенен, өрнекпенен

Өнер ойна тоқылса,

Жайыр көңіл, қайнар өмір

Ар таңи оқалса,-деп максаты ар түзейтін бір ғылымды табу болғандықтан, өмір бойы осы жолда ізденген.

Төте жылдай жиғаным,

Тар асап-менің иманым.

Адамнан соған сыйғанын, - деп өзіндік жан сырын Абайдағы тұрғы ақын ұғыммен сабақтастыра қарайтыны бар. 1898 жылдан бастап өлең, отыз жылдай ізденіп, жиған-тергенін өз ой көргінен өлеңге қаратылғанын 1928 жылы аяқтағанын көреміз. Шәкәрімнің өлең анығында сөз болатын басты мәселе ар ілімінің негізі болып



табылатын «Адамдағы: ынсап, әділет, мейірім – үшеуі қосылып ұждан деген ұғым шығады. Мұны орысша совесть деп атайды... Бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң тазарта алмайды... ұжданы сол жанның азығы екеніне ақылмен сынап істесе, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды», - деп тебірене терең ой толғауы бүгінгі заманда халқымыздың алға қойып отырған рухани жағынан жаңару талабына да үндес келіп жатыр емес пе?

Шәкәрім – публицист, композитор. Мақалалары оқу-ағарту, ел билеу, халық өмірі. Жиырмаға тарта ән авторы. Абайдан кейін қазақ өлеңі құрылысына көп өзгеріс енгізген. «Бұл ән – бұрынғы әннен өзгереді (1919). Шығармадағы әр шумақ 18 тармақтан тұрады. Шумактағы алғашқы екі-ақ буынды «қайран» сөзі бір тармақ болып жеке отау тігу нәтижесінде ырғақ, екпінді түйіндеп, өзіне мойын бұрғызып тұр. «Қорқыт, Қожа Хафиз түсіме енді де» (1931) шығармасы – сөз әсерлілігін күшейту жолындағы өнімді ізденісі. Әуенділік, саздылық, бөгелістің сөз мағынасын кеңейтіп, ажарлай түсуін енгізу арқылы өлең құрылысын жетілдіріп, оның ықпалын кемелдендіруде өзіндік бетбұрыс жасады.

Шәкәрімтану ғылымы жөнінде М. Мағауиннің «Сөз нарқы – өлең өрнегі» мақаласына назар аудару. Онда акынның 6, 8, 10, 14, 18 тармақты шумақ үлгілері алынып, қазақ өлеңі құрылысына қандай жаңалық әкелгені қамтылған. Біздің мақсатымыз: Шәкәрімнің суреткерлік шеберлігі, бейнелеу құралдары, стилімен тығыз байланыста қарап, сол арқылы реализмді кемелдендіруін ашу. «Шын сыр» (1881) өлеңі туралы М. Мағауин 8 тармақты емес, 6 тармақты екенін дәлелдеуге тырысқан. «Сикыр жүзін» және «Ақылды байлап алып» деп 2 тармаққа бөлмей, бір ғана тармаққа сыйдырған. Алғашқы үш шумақ 4/7 түрінде келсе, төртінші шумақта 7/4 болып тарамдалуға сұранып тұр (Қ.П.Жүсіптің талдауы). Салыстырайық: «Қарақаттай // көзіңмен қызықтырып» дегенше, «Қарақаттай көзіңмен// қызықтырып» түрінде алынуы қолайлы.

Оқушылар орындайтын жұмыстар:

1. Шәкәрім оқуларына өлеңдерін жаттау.
2. Әндерін орындау, күйтабақтан тындау.
3. Шығармаларын салыстыра талдау, іздестіру жұмыстарына дағдылану.

4. Альбом, буклет жасау, ғылыми материалдар бойынша қысқаша дәйексөзді конспект жасау, реферат, ғылыми сипаттағы мақала жазу, өлеңдеріне поэтикалық талдау жасау, поэтикалық сөздік жасау.

5. «Абай дәстүрі және Шәкәрім» деген тақырыпта шығарма-дәлелдеме.

6. «Мұтылғанның өмірі», «Ләйлі-Мәжнүн» дастандарын қосымша оқу.

Әдебиет теориясынан: Дәстүр мен жанашылдық, әдеби мұра, ауырманың назира үлгісі, яғни назирагөйлік.

Пәнаралық байланыс:

Театр. «Еңлік-Кебек» пьесасы. «Шәкәрімнің соңғы күзі» кинофильм.

Тарих. «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі».

Орыс әдебиеті. Л.Толстой.

Музыка. Әндерін орындау. Әнші Тамара Асардың орындауында талдау.

Сабияның түрі: Үлгілей жобалау технологиясы.

Тықырып бойынша төмендегідей кезеңдік жұмыстар орындалады:

### I кезең

1. Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылық жолына шолу жасаңыз.

2. «Шәкәрім – Абайдың ақындық мектебінің түлегі» деген ойдың төркіні туралы ой-толғау.

3. Қоғамдық ой-сананың дамуындағы Шәкәрім идеялары мен ұсынған концепцияларының маңызы.

4. Шәкәрім еңбектерінің әдеби-тарихи маңызы жайында шолу.

### II кезең

Шәкәрім туындыларын жанрлық-тақырыптық ерекшелігіне қарай топтастырып жазыңыз.

Әндері	Поэмалары	Романы	Тарихи еңбектері	Әндері	Философиялық еңбегі

1. «Үш анық»

2. «Түрік, қырғыз хәм хандар шежіресі»

3. «Әліп-Мәриям»

4. «Аштан шігаш туганда»

5. «Еңлік-Кебек»

6. «Қалқаман-Мамыр»

7. «Ләйлі-Мәжнүн»

8. «Жастық»

9. «Бір Алшан сыйынған арам өлмес» өлеңін мәнерлеп оқып, өлеңіндегі талдау жасаңыз.

10. «Дүние мен өмір» өлеңіне әдеби талдау жасаңыз.

### III кезең

1. Ақынның «Дүние мен өмір» өлеңін Абайдың «Өлсем орным кара жер сыз болмай ма?» өлеңімен салыстырып, екі тұлға арасындағы рухани сабақтастықты ашып көрсетіңіз.

2. «Еңлік-Кебек» поэмасына әдеби-кешенді жоба жасаныз.

#### 1.7 Шәкәрім Құдайбердиевтің «Жастарға» өлеңіне филологиялық талдау

Ұлы Абайдың әдебиеттегі дәстүрін жалғастырушы, философ әрі реалист ақын Ш. Құдайбердиев «Жастарға» деген өлеңін жиырма бір жасында жазған. Бұл – көлемі мен мазмұны жағынан кең ауқымды, белгілі бір тарихи кезеңнің қоғамдық ой-пікірін сипаттаған шығарма.

Тақырыбы – мәңгі жырланатын жастар өмірі. Өзіндік жазылу ерекшелігі–ақын «мен» атынан жастарға тіл қатып, олардың қоғамға жат қылықтарын құр жеткізіп қоймай, өзіндік ой-толғамдармен жастық шақта дұрыс өмір сүрудің формулаларын сипаттайтындығында. Мәтін кіріспесін оқып көрелік:

Мидағы ой-тамырға жол салалық,

Жүрекке оймен сынап апаралық!

Ақ жүректің ғадалат қылған ісін,

Қабылдауға қызығып қарасалық!

Шәкәрім жүректері таза, өмірдің ашы жақтарын әлі тата қоймаған өзі сияқты жастарға ақыл айтып отыр. Жүректегі таза ойдың мида тамыр жаюын насихаттап, жас адам әр уақыт өзін бақылап жүруі керектігін ескертеді. Ақын Абайдай басшыдан ақыл тындап жетіліп келе жатқан өз тұрғыластарымен бірлесе кірісетін іс-шараларды түгелдей тізіп шыққан. Өлең тілінің стильдік ерекшелігі жас буын бейнесін ашқан мәнерлеуші құралдарымен ғана емес, олардың қимыл-әрекеттерінің етістіктің бірнеше тұлғаларымен берілуінен көрінеді.

Бірінен бірі үдетіле көрсетілген жастар әрекеті өлеңнің бастапқы он екі шумағында біркелкі формада – мақсатта келер шақтың көпше түрінде қолданылған етістік тұлғалы баяндауыштар арқылы әсерлі шыққан. «Абайға жүр, баралық», «білімді ізденелік», «ұмтылалық», «кел, ойлалық», «ақылмен жол табалық» делініп келген өлең тармақтарындағы тіркестерді жеке алып оқудан-ақ динамикалық реңк (үдемелілік) байқалады, ал мұндай тұлғадағы әр түрлі етістіктердің жалпы саны - 93. Бастапқыда жалыну, алдаусырату, наздану мәніндегі (жол табалық, мал табалық, данышпан жан табалық, күйлей бермелік...) тіркестер, орта шенінде насихат (жалықпалық, талықпалық, сақ болалық...) үгіт тіліне ауысады. Мәтіннің әрі қарай

қолданылған етістік баяндауыштарына назар салсақ, жігерлі жас автор қоғамға қозғау салу үшін, қайратына мініп, ортадан шығып жататын өртке күйін кетпей, «өзіміз жасалық», «мінімізге қарасалық» секілді шығарма шақты ортақ етісті түрлерін пайдаланған. 88 шумақты өлеңтің 36 шумағында автор жанына тыныштық бермеген қимыл-әрекеттер суреттеліп, ол әрекеттер жастарды ғана емес, ұйқыдағы қанық тобырды да соңына ілестіріп әкелетердей серпінді қуатта беріптен. Жалыну, алдаусырату мәніндегі бояуы қанық тіркестер сонымен таман қарсы мәнді болымсыз етістік тұлғаларына ауысады. Өлең ілестетін жастар легі бар ма, жоқ па, ақын көңілі алаңдағандай:

Ой әліміз айтса да ұнамалық,

Атымыздың сөзі деп тыңдамадық.

Үйреткені өнер ме, әрекет пе,

Өнімді ортамызда сыңға алалық», - дей келіп, автор тура жолдан, ақты шығару жолынан таймауды тікелей айтады.

«Біреуге жалынбау», «наданға бағынбау», «бұртандап тұрмау», т.б. қимылдық әрі сындық мәнді етістіктерді баяндауыш ерекшелігіне жұмсаған ақын тыңдаушыларға педагог, ақылшы түрінде қарайтынды. Өлең басында ақын – қарапайым ортада ақыл айтатын, бағыт беретін үйретуші ұстаз. «Өз міндеріңді күнделікті жөнде», «Басың ілессең, аяғың тап»... сияқты бірін-бірі қайталамайтын жүзетін қим-қарекет, амал-тәсілдерді жеткізген етістік-баяндауыштар жалпы халықтық тіліміздің байлығына бір тамсандыра, автордың әр сөзді ретімен бере білген шеберлігін де танытады.

«Табалған несібімізді жеп көрелік» делініп келетін күрделі етістіктерді құрылымдар, «мақтан кір табу», «күлкі күйлеу», «жүректі алаңдықпен жуу» сияқты сөйлем арасында, мәтінде ғана ұғымшақтыққа окказионал тіркестер – ақынның өзіндік стильдік ерекшеліктері. Жас Шәкәрім өз интуициясымен жастардың психологиясын жақсы түсінген. Істі ет қызуымен бастап, кейде «артағына миталып, өзге жолға түсіп кететін әрекеттердің алдына төлеушілік қорғау. «Ар сатып алдану», «Ұлық болып малдану» «өздеріңнен ескертеді де:

«Тыңдап де өңдей сөзге құлақ салма,

Арлап түсіп, ақылдан құры қалма!

Өлең түсіні арты атаң айтса-дағы,

Қыдыр жоқ наданның тілін алма!», - деп бұйыра сөйлейді.

Өлең сүйектен өткізе айту үшін жастар әрекеттерінің шарықтаған формасын ақын бұйрық райдағы етістіктерді қолданған. Осылайша өлең қайраткері бейнесінде теріс қылықтарға қарсы тұра алған өртенімшілдікті көрсетеді. Қарсы сөздің күшін, оның берілу

формаларын өзгерту тәсілдері арқылы берген. Бір-біріне ұқсамай, топтарымен жекелей жұмсалған әртүрлі тұлғадағы баяндауыштарды өзге сөздермен тіркестірмей айтып шықсаңыз, әр шоғырдағы сөздердің өзгеше өлшемі бар, ырғақты өлең болып шығуы-ғажап-ақ!

Бұл қазақ сөздерінің байлығы мен өлең сөзінің поэтика стиліндегі икемді мүмкіншілігін таныта түседі. Алып өнер иесі осыны жақси тани алған. Мәтіннің баяндауыш қызметіндегі тілдік бірліктері автор өлеңінің мұратын, тақырыпты ашудағы көздеген мақсатын толық жеткізген. Осы грамматикалық единица-бірліктер арқылы ақын бейнесі ашыла түскен. Бастапқыда ұйқыда жүргендерді сергітуге бағытталған бірліктер өлең соңына қарай лирикалық геройды талаптың көк тұлпарына мінгізеді.

«Ойладым қайратыма мінейін деп

Білімдінің қадірін білейін деп.

Ақыл сөзбен арқама күнде ұрғызып

Талаппен түзу жолға кірейін деп».

Дені етістіктерден тұратын мәтін сыдыртып оқып шығуды қаламайды. Бір жағынан алғанда өлең бір сарынды, шұбаланқы сияқты. Ал әрбір қимыл-әрекетті беретін алуан түрлі етістік баяндауыштарды назар аударма оқысыңыз, ақынның шарқ ұрып ізденген, қиналған, өз өзіне басу айтқан ақылмен өзін тоқтатқан жан-жақты тебіренісін жайып салады. Өлең басындағы Шәкәрім кейбір шумақтарда толысқан қария Шәкәрімге айналып кетеді де, идеясының философиялық тереңдік қырынан танылады.

«Білімдіге күнә – жат», «Арамды әдет еткен дене тозаққа өзі шығады», «Қу жалған дүние-ай», «Айлакерлікпен жүру кесектеген түлкідей қиындықта калмақ» деген ой тұжырымдар – ақынның айналыны тереңнен таныта білуі. Жоғарыдағы шумақта «Ақыл сөзбен арқаға күнде ұрғызып» тіркесі Абайды күнде оқу, талпыну, іздену деген ұғымды жеткізген перифраз дегенді түсіну керек. Шәкәрім осы өлеңде өз ұстазы Абайдың жылдар өткен сайын зорая беретін, өлмейтін ұлы, данышпандық тұлғасын сомдаған. Жастар Абайға ілесуі керек деген мұратты меззеген.

### Тапсырмалар

1. Мәтіндерді құрылымдық жанрлық жақтан айқындау:

- идеялық мақсаты;
- құрылысы;
- жанрлық сипаты.

2. Поэзиялық мәтіндердегі әр қилы сөз қолданыстары арқылы авторлар стилін ажырату:

а) сөздердің тура, ортақ не ауыспалы мағынада қолданылу ерекшеліктері;

ә) мәтіндегі антонимдік қолданыстар;

б) мәтіндегі синонимдік қолданыстар;

в) кәсіби, кірме сөздердің қолдану ерекшеліктері;

г) мәтіндегі окказионал, потенциал сөздер мен тіркестер.

3. Әрбір шығарманың өзіндік ырғақ-сазына, әуеніне орай мағыналары бірін - бірі айқындайтын, модальдық реңктері біртектес алынған тілдік қолданыстарды талдау. Образдың семантикалық стилдік колоритін ашуда ол сөздер мен тіркестердің рөлін ашу.

### Талданатын мәтіндер

1. Бұқар жырау. «Бірінші тілек тілеңіз», «Садыр, қайда барасың».

2. А. Құнанбаев. «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да».

3. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. «Қалмады ойлай-ойлай басымда-ай», «Тіптірмама», «Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзі».

4. Ш. Құдайбердиев. «Қазақтың жаманы болмас», «Адамдық барышан».

5. М. Жұмабаев. «Мен кім?», «Сүйемін», «Шын сорлы».

6. А. Байтұрсынов. «Жұбатту», «Ақын ініме».

7. С. Сейфуллин. «Домбыра». «Сыр сандық».

### 1.8 Мигуни Абайұлы (1870-1904)

Ақын өмірі мен шығармашылығы жайлы Қ.Мұхамедхановтың «Абайдың ақын нәкірттері» еңбегін пайдалану. Шығармаларының библиография, зерттелуі жайы.

Семейдегі «городское» училищеде оқығаны. Әдебиетке құмарлығы, орыс әдебиетінен ізденуіне әкесі мен ағасы тікелей қолдауымен әсері болғаны. Шешендік, тапқырлық, әділ қазылық қасиеті болғаны. Өлеңдерінің дені ағасы Әбдірахманға арналғаны. «Абай әлемі» романы бойынша ағасының наукасына байланысты өлеңдері.

Поэмалары «Медет-Қасым», «Еңлік-Кебек», «Абылай».

«Медет-Қасымның» Африка елінің тұрмысынан алынуы, ақынға Шығыстың «Сатандар», «Бақша сарай фонтаны» поэмаларының, «Арман» атты Байронның, Шығыс поэмаларының дәстүрі, әсері.

Поэма өмір шындығынан туған романтизм сарынындағы туынды. Негізгі проблема – нәсілшілдік, кемсітушілік, құлдар тағдыры. Бас кейіпкер – Қасым. Сарбастық атаман. Ол – мінез-құлқы, іс-әрекеті карама-қайшылыққа толы кейіпкер. Ол – бар қасиеттерді бойына жиган бейне (Дубровскийге ұқсас, Байрон, Шиллердегі Карл Мор сияқты қайырымды қаракшыларды еске түсіреді). Сәлім мен Ғазиза – махаббат жолындағы азап шегушілер.

«Еңлік-Кебек» шығармасын салыстырмалы талдау

Қаламгерлер	Оқиғалар, кейіпкерлер	Оқиғаның аяқталуы, әр қалам иесінің өзіндік шешімі	Қай қалам иесінің туындысы шындыққа жақын, себебін ашу
Мағауия	Еңлік, Кебек, Кеңгірбай, Нысан абыз, Тоқтамыс.	Кеңгірбай би Кебекті айламен түсіріп, құйрығына өлтірген Еңлікті матайлардың қолына береді, олар да өлтіреді	ХҮІІІ ғ аяғында 1780 жылы болған тарихи шындық.
Шәкәрім			
Әуезов			

Әдебиет теориясынан: Романтизм, ақындық мектеп.

Қосымша оқитын шығармалар тізімі:

2Қ. Мұхамедханов. Абайдың ақын шәкірттері. -Алматы, 1993

2 М. Әуезов. Шығармалар жинағы. 9-том. Пьесалар. – Алматы: «Жазушы», 1981. 5-49-беттер.

3 М. Әуезов. Абай жолы» романы, «Қайтқанда» тарауы.

Тақырып бойынша төмендегідей кезендік жұмыстар орындалады:

### I кезең

1. Мағауия Абайұлының өмірі мен шығармашылық жолына шолу жасау.

2. Ақын шығармаларының басты ерекшеліктерін атап көрсету.

3. Ақынның «Медғат-Қасым» поэмасы негізінде әдебиеттегі романтизм әдісі жайында дәйектеме жасау.

### II кезең

1. «Медғат-Қасым» поэмасының сюжеттік-композициялық жоспарын құру.

2. Поэмадағы басты кейіпкерлер мен эпизодты кейіпкерлерге мінездеме жазу.

3. «Медғат-Қасым» поэмасы туралы ой-пікірді жазбаша түрде көрсету (Рецензия).

### III кезең

1. «Медғат-Қасым» поэмасына әдеби-кешенді жоба жасау.

2. Абайдың ақындық мектебінен түлеген халық зиялылары жайында маңжазба қорғауға дайындалу.

### Тапсырмалар

1. «Абай жолы» роман-эпопеясынан Мағауия жайлы оқиғаларын дәйектеу.

2. Қ. Мұхамедхановтың «Абайдың ақын-шәкірттері» еңбегіндегі Мағауия және оның шығармашылығы жайлы хабарлама жасау.

3. «Мағауияның ақындық өнеріндегі Абай үлгісі» шығармашылығын талдау.

### 1.9 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931)

Оқуға талдауға берілетін шығармалары: «Үлгілі сөз», «Хал-ақын», «Гибриганама», «Шайтанның саудасы», «Сарыарқа кімдікі?», «Тірлікті көп жасағандықтан көрген тамашамыз».

Мәсәле: «Жарты нан хикаясы».

Дастауы: «Гүлшат-Шеризат».

Түрмесі: сәт жырлары, айтыстары, ертегілері, батырлар жыры.

Жоғарыда аталған шығармаларды модульге түсіріп, жеке-жеке қорғау ұсынылады.

Шығармаларының жариялануы, зерттелуі жайлы ғылыми еңбектер бойынша жұмыс.

«Тірлікті көп жасағаннан көрген тамашамыз» атты еңбегіндегі өкір, керек және жалаңаш адам туралы жазған өлеңін талдауға басты мақсатында талдап, алгоритм мен тәртіптік әдістерін жетекші әдіс ретінде қолдану. Осының негізінде оқушылар өз бастарына келген яғни өздері таныған таныма ие болып, философиялық ой түйіп, өз танымын арқылы жарыққа шығарады. Ақын суреттеуіндегі бұл сияқты әдістер бар дүниені кемденемін деп жүріп, бәрінен құр қалатын

топастар, ойға алғанынан қайтпайтын көр кеуделер, саңлаусыз саңыраулар екенін дәлелдеулері қажет.

«Хал-ахуал» кітабына енген «Гибратнама» өлеңіндегі бұлбұл мен қаршыға бейнелері арқылы адам бойындағы құндылық сапаларды оқушылардың өзін-өзі жетілдіру мақсатына бағыттау көзделеді.

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығының тұтас бағыт-бағдары туралы белгілі ғалым Б. Кенжебаев: «М. Жүсіп өз өлеңдерінде казак халқының жай-күйін, заман жайын дұрыс аңғарады, оқығандардың арманын, міндет, мақсатын дәл түсінеді, айқын білдіреді. Прогресшіл ағартушы-демократтық жолда», - деп атап айтқанын танымдық мысал ретінде ұсыну ақын мәртебесін биіктете түседі.

Ақын шығармашылығын біртұтас елестетуді камтамасыз ету үшін оқушыларға мына желіде ұсынуға болады:

1. Көзі тірісінде жарық көрген 3 кітабында отаршылдыққа қарсы азаттық үн көтеруі, 1990 жылдары таңдамалы 2 томдық жинағының жарық көруі, жарық көрмеген 30 томдығы бар екенін, 20 томды шығару қолға алынғанын, шығып жатқанын айту.

2. Ел тарихын, шежіресін, әдебиет үлгілерін, этнографиялық материалдарды өте мол жинауы («Мес» жинағы).

3. «Дала уалаяты» газетінде, «Айкап» журналында 1889-1912 жылдары үзбей мақалалары жариялануы, халықты оқу, өнер-білімге адал еңбекке шақыруы, шешендік толғаулары.

4. «Гүлшат пен Шеризат» дастанында шыншылдық, әділетшілдік, таза адамгершілік идеяларын ту етіп көтеруі, отаршылдардың қолшоқпарына арналған шенқұмар ел билеушілерін әшкерелеуі, ақын стиліндегі сөз мағынасын кеңейтіп, тереңдетіп қолдану үлгілері.

5. Мәшһүр Жүсіп тудырған жаңа айтыс түрі – жан-жануарлармен автордың диалогтік айтыстары (Тырнамен, ала қарғамен, шабдар атпен), Шығыс әдебиеті өнегелерін қазақ ортасына ойластырып, қазақ ұғымына сәйкестендіріп қолданушы.

6. Эсселік жазбалары («Әй, жігіттер, естерінде болсын шайтан»), шежірешілігі, тарихшы болуы («Қазақ түбі», «Сарыарқаның кімдікі екендігі»).

Жалпы ақын шығармашылығын зерттеушілік әдіспен талдау керек. Себебі ақынды шындықты көркемдік тұрғысынан жинақтап көрсету, сөз мағынасын кеңейту стилі басым. Мысалы:

Өркімнің өз пайдасы ойлағаны,

Тереңде түсіп жатыр бойлағаны.

«Бостандық» деген сөзді жоқ қылам деп,

Аш бөрі бізді жеуден тоймағаны.

Оқушылар осы шумақтың әр жолы, әрбір сөз образ жасап тұрғанын ойлану, іздену әрекеті арқылы көз жеткізеді. Әрине, мұғалімнің көмегі қажет. 1-тармақта жалпы пендешілікті айтып, «ойлағаны» деген сөз пенденің болмыс-әрекетін, бітімін сомдайды. 2-тармақтағы «тереңде» сөзі біріншідегі ойға қарама-қарсы алынып, ел қамын ойлағандар түрмеде мерт болады дегенге саяды. (терең-түрме, кулағану) Осының барлығы төртінші «аш бөрі бізді жеуден тоймағаны» деген жолда тұжырымдалып берілген, себебі үшінші жолдағы «бостандық» сөзінде айтылған. Ал Қ. П. Жүсіп «тереңге» сөзінің мағынасы кең екенін, мұнда өмірдегі тұңғышықтық, белгілі бір мақсатқа жету алыстығы, тереңдігі екенін айтады. Сөйтіп біресе тура айту, біресе мензеуді алма-кезектестіру арқылы ақын өмірдегі белгімдік пен озбырлықтың бір-бірімен қаншалықты байланысты екеніне назар аударған.

Абай мен Мәшһүр Жүсіп шығармалары арасындағы үндестік, қазақ поэзиясының шыңы Абай дәстүрін дамытуы. Екеуі де өз кәсіпіндегі зиянды әдеттерді түйрей сынаған. Мысалы өтірікті қалай шенеткеніне тоқталайық.

Терең ой, терең ғылым іздемейді,  
Өтірік пен өсекті жүндей сабап (Абай, 91).

Ел қатынды,

Маш сабылды,

Ұрпақ, өтірік гу де гу (Абай, 194).

Өтірік өрттей лаулап жанып жатыр,

Ессіз жұрт көбелектей барып жатыр.

Бірін-торғай, біреуін бөдене ғып,

Өлі мен өзін жаулап алып жатыр (Мәшһүр Жүсіп, 76).

Тарделесек, Абайда дерексіз ұғым «өтірік» заттандырылып, оны жүндей сабау іске асырылған. Мәшһүр Жүсіпте «өтірік» өртке балағаны, оның өршіген нақты бір сипатымен, лаулап жанумен салыстырылды. Сонан кейін барып, ақын соған алданушылардың мүшкіл халін ашарлық балама енгізеді. Ессіз жұрттың «көбелектей» өртке біруе адамдардың аңқаулығын, алдануын әйгілеген. (көбелек түсті отқа өзі барып ұрынып, күйіп жатады ғой) 3-4-тармақтар Патшалық Россияның отарлау, елді бөлшектеу, тоздыру саясатының өрістеуін аша түседі. «Көз» деген сөзді ауыспалы мәнде алып, оны дерексіз ұғым «көңіл», «ой», «көкірек», «жүрек» сөздерімен қосарлау арқылы соны метафоралық тіркестер жасау нәтижесінде Абай сөздердің бейнелілік өрісін нығайтты. Мысалы:

Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,

Көңілінің көзі ашық, сергегі үшін (Абай, 126 б.).

Жүректің көзі ашылса,  
Хактықтың түсер сәулесі (Абай, 165 б.).  
Нұрын, сырын көруге  
Көкірегінде болсын көз (Абай, 115 б.).

Мәшһүр Жүсіпте:

Қалмасын жерде десең айтқан сөзің,  
Өзіңнің өз бойында болсын көзің (Мәшһүр Жүсіп, 93 б.).  
Екі ақынның да философ екенін, белгілі бір сөздің жинақтау,  
мезгеу сипатын қаншалық ширата білетінін дәлелдеу үшін «базар»  
туралы айтқан бірер өлең жолдарын келтірейік.

Базарға қарап тұрсам, әркім барар,  
Іздегені не болса, сол табылар.  
Біреу астық алады, біреу – маржан,  
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.  
Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар...  
Жазған соң, жерде қалмас тесік моншак...  
«Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар,  
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар (Абай, 64 б.).  
Базарға келіп едің ат терлетіп,  
Бос жүрсің әр нәрсені тамаша етіп.  
Сен бүйтіп далбаса боп босқа жүрсен,  
Жұрт тарқап, сауда бітіп қалар кетіп (Мәшһүр Жүсіп, 89 б.).  
Абайда «астық» алуы баяндалғанда, өз мағынасында, «маржан»  
алуында мағына кенеюін байқаймыз. Мұнан арғы жолдар ауыспалы  
мағынада қолданылған. Мәшһүр Жүсіпте күрес, әрекет алаңы ретінде  
беріліп тұрғаны анық. Екі ақын да шен-шекпенге сатылуды, халық  
қамын ойламауды батыл түйрейді. Бұл жерде Абайдың болыстарға  
арналған, Мәшһүр Жүсіптің ел билеушілерге арналған,  
Сұлтанмахмұттың «Бір адамға» өлеңін салыстыра талдатып, дәстүр  
сабақтастығын көрсетуге болады. 1880 жылдары жазылған «Жарты  
нан хикаясы» өлеңінде басты назар өзіне жақсылық жасаған адамды  
жұтпақ болған айдаһар жауыздығына емес, жапа шеге жаздаған  
адамның өзінде елеулі қайшылық бар екеніне назар аударылады.  
Суреткер сырт карағанда біршама жағымды көрінген адамның өзінің  
ішкі түйткілдеріне үңіле, үңілте біледі. Сөйтіп адам сезімдерінің көп  
қырлы екенін, ішкі қайшылықпен күресу мәнін көрсетіп береді.  
«Шайтанның саудасы» өлеңін ақынның жиені Қасенғали Жүсіповтен  
белгілі жазушы Зейтін Ақышевтің 1937 жылы жазып алып, оны  
мектеп оқулығын құрастырушылар Қ.Бекхожин мен Е.Смайыловқа  
ұсынғаны белгілі. 1940-46 жылдары мектеп оқулығына, 1959, 1983

жылдары ЖОО арналған хрестоматияға енген, сонымен қатар  
орысшаға аударылып, 1978 жылы Ленинградтан шыққан «Поэты  
Кавказа» антологиясында (құрастырушы М.Мағауин) жарияланды.  
Адамдарда жиі кездесетін ағаттықтарды оқшау орта, ерекше әрекет,  
шартты сюжет көмегімен бейнелеу-ақынның суреттеу құралының  
байлығы. Оны ХҮІ-ХҮІІ ғ. Испан жазушысы С.Сервантестің «Дон  
Квизот» романындағы орталық қаһарманының бойынан, ХІХ ғ. Орыс  
жазушысы Н.В.Гогольдің «Өлі жандар» дастанындағы бас тұлға  
П.И.Чичиковтің іс-әрекетінен байқаймыз. «Мәшһүрдің қырық алты  
жылдағы сойлеген сөзі» өлеңінде «Өзіме көрінемін өзім мінді» //  
«Кісендеп бекітпедім неге тілді?» (73 б.). Сөзбе сөз ұғынсақ «тіл»  
деректі ұғым, мәселе ішке сыр сақтауда, адамның өзін тежеуінде  
өзінің әрделесек, тілді жай ұстамай, темір кісенмен бұғаулау тәнге  
батыр зорлық. Ендеше сөз иесіне қысым жасаушы күштердің  
өзімендігін бейнелеуде «кісендеп» сөзінің алар орны ерекше.  
«Қалмады ойлай-ойлай басымда ми» өлеңінде дерексізді зағандыру  
байқалды. «Абыройым төгілмесін деп ойласаң, // Ұяттан қолшатыр  
түгіп ол басыңа». (92 б.) Мұнда адамға қорғаныш боларлық қасиетке  
қайып бұрғызу әрекеті көрінеді. 1907 жылы жазылған «Хал-ахуал»  
өлеңінде шығыс поэзиясында кең әспеттелген махаббат, бақыт  
символы бұлбұл мен гүл жарасымдылығын дамытып, бұлбұлдың  
түнімен қызыл гүлдің ашылуын тосуын, арман етуін жырлағаны  
белгілі. Ақын сонымен бірге орыс поэзиясы дәстүріне де иек артқан.  
И.А.Крыловтың «Ала қойлар мысалын пайдаланған (Абай мен  
А.Байтұрсынов тәржімалаған).

Мәшһүр Жүсіп қазақ лирикасы дамуына не үлес қосты дегенде,  
оның айтыс өлеңдерінің өзіндік түрін тудырғанына назар аударған  
жөн. Ірекшелігі – сөз таластырушы екі адам емес, бірі-лирикалық  
қаһарман, екіншісі-не дерексіз шартты ұғым, не адамша сөйлемейтін  
жануыр, құс. «Мәшһүр Жүсіптің шабдар атпен айтысқаны» өлеңіне  
лирикалық қаһарман мен шабдар ат деректесуі өзек болған. Ақын бір  
өлең адамның қыркына барып қайтарда, оған басқа жақтан ұрланып  
өккірленген бір жауыр шабдар ат байланады. Былай жолға шыға бере  
өлігі аттың қайдан келгенін сұрап біледі. Ақынның: «Ысқатқа сендей  
өлікті байлағаны // Малы жоқ, қара қасқа кедей ме еді?» сауалына ат  
басын үн қатады:

Жоқ, жоқ, бай-ақ еді таптан озған,  
Лау-мынау кісі емес, Қасал-Қозған.  
Өз өлігін осынша өзі қорлап,  
Уасуасы бар жұмысты шайтан салған.

Ақын одан әрі көз жұмушының ұрпақтарының бар екенін, тек іске араласушылар пайдакүнемдігінен келенсіздіктер туып отырғанын тарата дәлелдеп береді. Сонында ақын аттың жауырынына өлең жазылған қағазды жапсырып, атты бұрынғы иесіне қайтарып, босатып қоя береді.

Пайдаланатын әдебиет: М. Ж. Көпеевтің шығармаларын жаңа амалмен оқытуда Е. Ө. Жұматаеваның «Жоғары мектепте оқытудың дидактикалық жүйесі» монографиялық еңбегін пайдалануға болады. (А., 2001, 62-72 б).

Әдебиет теориясы: Дастан туралы толық мәлімет.

Сыныптан тыс оқуға: Айтыстары.

Сабақтың түрі. Үлгілей жобалай оқыту.

Тақырып бойынша төмендегідей кезеңдік жұмыстар орындалады:

#### I кезең

1. Мәшһүр Жүсіптің өмірі мен шығармашылық жолын зерделеу, дәйектеу.

2. Мәшһүр Жүсіп шығармалары өз заманында және кейінгі Кеңес үкіметі заманында да әділ бағасын ала алмауы.

3. Ақын еңбектеріне шолу жасау, ғұлама-ұстаздың артында қалған әдеби мұраларының өзіндік ерекшелігіне тоқталу.

4. Ақынның өлеңдеріндегі канатты сөздерді дәптерге теріп жазу.

#### II кезең

1. «Хал-ахуал» өлеңіндегі «Биге –пара, байларға– өсім болды. Бой тартқан, арамдықтан бар ма қашқан?» деген ақын ойын қазіргі қоғаммен салыстыру.

2. «Қызыл гүл жасарсайшы солып жатқан» өлеңін мәнерлеп оқып, әдеби талдау жаса.

Ақынның өлеңдеріне мазмұнды талдау жасау	
Шығарма атауы	Мазмұны
«Хал-ахуал»	
«Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі»	
«Гибратнама», «Шайтанның саудасы»	

III кезең. Мәшһүр Жүсіптің шығармаларын оқып, төмендегі кестені толтыру.

Шығарманың атауы	Әдеби дәйек	Тақырып	Идeясы	Қысқаша мазмұн	Жанр, түрі	Шығарманың құрылымы	Көркемдік ерекшелігі		
							Айшықтау	Ажарлау	Құбылту

### Тапсырмалар

1. Ақынның мақал-мәтелдері мен билер сөзі жайлы зерттеу еңбектерді пайдаланып, талдап түсіндіру, жатқа айту.

2. Наурыз туралы ақын пікірі мен оқушылардың өз пайымдарын жазбаша жеткізу.

3. Айтыстары туралы ғылыми еңбекті пайдаланып, оқу.

4. «Мәшһүр Жүсіп және Шайтанның саудасы» шығармасына рецензия.

5. Мақал-мәтелдер, билер сөзі, айтыстары туралы оқушылардың жинап ғылыми жобаларын пайдаланып, толық мағлұмат беру.

6. «Наурызнама» еңбегі бойынша наурыз туралы толық мағлұмат беру.

#### 1.10 Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің шығармаларын жаңа амалмен оқыту

Оқытудың жана сарынын аңғарту мақсатында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қырық алты жасында сөйлеген сөзі» деген өлеңін негізгі нысанада ұстаймыз. Шығарманың тақырыбын ашу әрекеті алдымен қарастырылады. Тақырыптың бұлай келу себебін оқушылар өлеңі жобалап табулары керек. Ол үшін әр оқушы өздігінен мәтінді бір оқып шығып, өз түйіндерін сипаттайды, пайым-топшылауларын дәйектейді. Бірақ, бәрінің ойы тоғысатын сөйлемді оқытушы күні бұрын пішіндеп алады. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің қырық алты жасына дейінгі уақыт пен кеңістікке сәйкес қоршаған ортасы жайлы пәлсапалық ой-түйіндер жинаған. Міне, осы ой-түйіндерінен белгі білдіру мақсатында өлеңнің тақырыбын қырық алты жасымен сабақтастырған. Өлеңнің табиғатын ашарлық екінші әрекеті – шығарманың автор көздеген мұратын табу. Осы ретте оқушылар мәтінмен екінші рет танысады. Шығарманың мұратын әр оқушы төмендегідей топшылауына жағдай туғызылуы көзделеді:



«Өзін бұлбұлға балайтыны, бірақ қапастағы бұлбұл екені» туған жеріндегі ел адамдарының надандығы, рухани-мәдени білімінің, құндылықтың жойылуы, бір құдайдан басқаның бәрінен күдер үзуі. пәленің тілден, бейнеттің көзден болуы деген ақынның түсінік-қорытынды ойының мәнісін ұғыну т.б. Мәтіннің мұратын дәл осындай сарында болжауының бірнеше түрлерін оқушылардың ойлап табулары – тек жұмыстың кең ауқымдылығын танытады, ал үшінші әрекет – шығарманың құрылым-жүйесінен өзгеше. Өлеңде мазмұндық сарын мүлдем жоқ. Сол себепті лирикалық кейіпкердің болмыс-бітіміне қатысты кейбір құбылыстар мен үрдістер екшелеп, кезеңдерге жіктеледі. Бұл – таза технологиялық қағида. Өлеңнің бірінші кезеңі лирикалық кейіпкердің өзін таныстыру сәтінен басталады. «Мәшһүрден келе жатыр өнер қайнап» деген жолынан басталып, «Айтайын әңгіме қызу сіздерге енді» деген жолға дейін жалғасып келіп аяқталады. Екінші кезең – негізгі нысаналардың карама-қайшылықты сипаты. Сөз бен көру түйсіктерінің оңтайлы істен солақай жақтарды тез қостағыш екеніне ерекше мән берілген. Міне, бұл құбылыс оң және сол, ізгілік және надан деген ұғымдардың қайшылықта келіп, адам тағдырына тигізер қуатының дәрежесінде суреттеліп тұр: Жаксы сөз – гауһар сөз; Жаман сөз – жалған сөз; Кей ақынның өленінің арнасы жоқ; Сөзбен жарысқа түскен арзан қол ақындар; Есек айтпас шаба алмай мен қалдым деп; Аралап жүрген білер дүние жүзін; Құйынмен жерде жатқан шөп-шар ұшты; «Менен асқан кім бар» - деп лағу сөйлеп, Ақымақты семіртіп жем бермеймін; Сөздің тұрағының жоқтығы опасыздық; Шебер қолын, шешендер сатып сөзін; Ғалымдар білген ғылымын пұлға сатып, Оқу бар, ұғушы жоқ, құдай атып; Үшінші кезең – «Қолымда аттанарда жоқ нәрсені, Барғанда тәңірі алдына пайда таптым!».

Бұл кезеңнің көңіл құбылысы:

Қырық алтыға келгенше бақтың қонбауы (келтірінді мағынада): Ұйқымен ең аяғы астан безуі; Аспанда күн қоректеп, ай айырлап тұруы; Екеуі тауысады, біл байымдап (тан атады, күн батады, өмір өтеді). Бұл құрылым-жүйенің тек осы өлеңге қатысты кезеңдері. Егер басқа өлеңдерін нысанада ұстасак, оның құрылым-жүйесі мүлдем басқаша.

Оқушының бұл мәтінді талдау барысындағы төртінші әрекеті – ақынның көркемдегіш құралдарын тауып, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өзіне тән сөз саптасының маңызын ашу.

Төртінші әрекетте профессор Қуандық Пазылұлының ғылыми әдіснамалық талдауын басшылыққа аламыз. Бұл әрекет тестімен өтіледі:

- 1) Теңеу – 1;
- 2) Эпитет – 2;
- 3) Келтірінді мағына – 3;
- 4) Бұлау – 4;
- 5) Үлгілік накыш – 5;
- 6) Кейіптеу – 6;
- 7) Қайшылықты сурет – 7;
- 8) Архаизм, архетиптер – 8;
- 9) Діни ұғым – 9;
- 10) Салыстыру – 10;
- 11) Символ – 11;
- 12) Метонимия – 12.

Осы сандық көрсеткіштер арқылы оқушылар алдарындағы мәтіннен құбылту (троп – грекше иірім), айшықтау (келбет – латынша) сияқты көркемдегіш құралдарды өздігінен тауып, машықтық деңгейге жетуі керек.

Әдебиетті оқытуда әдебиеттің қисынын ажыратып, оны түрлеріне жіктеу арқылы меңгеріледі. Сол себепті кез келген мәтінді құбылту мен айшықтаудың түрлеріне жіктеу барысында оқушылар академик З. Кабановтың «Сөз өнері» (1992) еңбегін пайдаланулары қажет. Оқу барында әдебиетті оқытудан дәріс жүргізетін оқытушы мен мектеп мүдделдері математиктерше кез келген жағдайда мәтінді талдай алатын деңгейде көрінулері тиіс. Ол үшін бұл қисындық жүйені өзінің «Тәлім сапалығында» үнемі сақтауы талап етіледі.

Құбылтудың жүйесіне жататындар: эпитет, метафора, кейіптеу, перифраза, символ, метонимия, синекдоха, ирония, сарказм, гипербола, аллюзия, табу, перифраз, эвфемизм, теңеу.

Әрине тек 15 құбылтудың шеңберінде әдебиеттің қисынын талдауға үнемі дйтеген нәтижеге қол жеткізе бермеуі де мүмкін. Ойткені, әр автордың өзіндік үні, тынысы, накышы, стилі бар. Олай болса, әр автордың өзінше қисындық жаңалығы болуы да мүмкін. Міне, оқушының алдымен өзі оны тауып, қисындық жіктеменің сәйкестігін көсініп, оқушылардың мәтіннен дербес таба білулеріне мүмкіндіктер туғызуы қарастырылады.

Айшықтаудың жүйесі төмендегідей: арнау; қайталау: жай қайталау, еспе қайталау, анафора, эпифора; шендестіру, дамыту, салыстыру, эллисис, егіздеу. Аталған әдебиеттің қисыпының көркемдегіш құралдары екіге бөлінеді. Оның бірінші бөлігі 15-тен, екіншісі 7-ден тұрады. Бұл сандық көрсеткіштегі қисындық әрекеттің бірде-бірін естен шығаруға, елемей кетуге құқымыз жоқ.



Мәтіннің көркемдегіш құралдарын жіктеткен сәтте оның жанрлық ерекшеліктерін де ажырату машықтары ширатылуы көзделеді.

Жанрдың өзі эпос, поэзия, драма болып бөлінетіні олардың үнемі назарында жүріп, қолдарындағы талдап отырған шығарманың қай түріне жататыны жайлы ой-түйінін айтып беру сұралады. Бұл мәтіннің поэзия қатарында екені және оның әлеуметтік-пәлсапалық мәндегі лирика екеніне дәлелдер, сипаттар беріледі.

Міне, сөйтіп Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің аталған өлеңін әдеби тағылым жағынан жан-жақты талдап, оқушылар автордың көркемдегіш құралдарын, өзіне тән сөз айшықтарын жіктеп, өздерінің мүмкіндіктеріне, деңгейлеріне сәйкес меңгереді.

Бесінші әрекет – оқушылардың ой толғанысы. Бұл мәтінге 4 мақсат қойып, 4 рет жалқылау, жалпылау, талдау, жинақтау, іздену, зерттеу, т.б. әдістердің нәтижесінде оқушылардың естерінде, жадында не қалғандығы ой толғаныс түрінде ұсынылады.

Меніңше, бұл – бүгінгі күннің де өзекті мәселесі. Әсіресе, ақынның өлең құдіретін түсінерлік қарапайым ел арасында кісінің табылуының өзі неғайбыл деген пікірінен сөз құдіретінің нөлге кеткенін аңғарамыз.

Шешендердің мәуелі ағашқа, ал сөздің тәтті жеміске балануы – алдыңғы ойды ажарлай түседі. Лирикалық кейіпкердің шыншыл сөзге берген бағасының: «Жан семіреп жақсы сөзге» деп, ой қорытуынан сөздің тіршілікке ықпалының қаншалықты екенін аңғарамыз.

Жалған сөзді өлеңіне өзек етіп жүрген дүмбілез ақындар жайлы сын айтылуы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының поэзияға жоғары талаппен, сөздің өмірге қызметтік құнымен бағамдауын байқаймыз.

«Мәшһүр Жүсіп Көпеев – Абай Құнанбайұлының пәлсапалық ойларын одан әрі жалғастырушы, бірақ ол ойларды тек қайталаушы емес. Абай Құнанбайұлының ойын дамытушы ақын-әулиелік, пайғамбарлық дәрежеге өз болмысын жеткізе білген ғұлама ғалым», – деген тұжырымға апарар бағыт-бағдар – жоғарыда берілген жаңа технологияның нәтижесі болмақ. Сол сияқты А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш», З. Қабдоловтың «Сөз өнері» еңбектері бойынша да теориялық түсінік алу үшін оқуға ұсынуға болады.

Әдебиет теориясы. А. Байтұрсынов. Сөз мағынасын ауыстыру түрліше болады. Шебінесе ұшырайтын түрлері:

Бейнелеу. Бір нәрседі болмайтын күйді, екінші нәрседі болатын күйді көрсететін сөзбен айту бейнелеу болады.

Ауысу да екі түрі болады:

1. Тіл ауысуы.

2. Лұғат ауысуы.

Бернелеу. Бір нәрсенің, көбінесе адамның мінезін, құлқын, тамалын скінні нәрсенің мысалында көрсетіп айту – бернелеу болады. Қиастың бернемен сөйлеп отыр дегені – осы бернелеу.

Бейнелеу бернелеумен екі арасы жақын. Бейнелеу де, бернелеу де екі үкесе нәрсенің бірін бірінің орнына айтудан шығады. Бейнелеу ұғайғанда, бернелеуге айналып кетеді.

Әсірелеу. Бір нәрсені өте асырып, я өте кемітіп айту – әсірелеу болады.

Әсерлеу (лептеу). Әсерлеу деп сөздің әсерін күшейтіп сөйлеуді айтамыз. Әсерлеу көңіл күйінен шығып, көңілге күй түсіреді. Көңіл қанықты тыныш күйінде тұрғандығы адамның аузынан шыққан сөз бей көңіл көтеріңкі я бәсең уақытта адам аузынан шыққан сөздің екеуі бірдей болмайды. Әсерлеудің асылы осыдан шығады. Әсерлеудің көбінесе айтылатын түрлері: арнау, қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, бүкпелеу, кекесіндеу.

Арнау. Арнаудың үш түрі бар: Сұрай арнау, Зарлай арнау, Жарпай арнау.

Қайталақтау. Бір сөзді яки лебізді қайта-қайта айту қайталақтау деп аталады. Ондай қайта-қайта айту – нәрсенің өзіне яки ғамалына көбірек назар салғызу үшін істеледі.

Шендестіру. Екі нәрсе қатар яки карама-қарсы келгенде, араларындағы айырым көзге көбірек түседі. Биік пен аласа, ұзын мен қысқа, көрікті мен көріксіз, шебер мен олақ, ғалым мен надан қатар келгенде, араларындағы айырмасын анық көреміз. Жайдағы қайғыдан ауынып үстіндегі көрген қайғы жанға көбірек батады. Жарлылық қиындығы жасынан жарлы болғаннан гөрі байдан жарлы болғанға көбірек сезіледі. Көріксіз бетіндегі дақтан көріктің бетіндегі дақ көпте көбірек түседі. Тәттінің артынан ащылық, дәмдінің артынан дәмсіздік артығырақ білінеді. Сөздің әсерін күшейту үшін табиғаттың бұл заңын сөз шығарушылар көп қолданылады.

Дамыту. Пікірінді сөйлегенде, алдыңғы сөзіңнен артқы сөзіңнің қуатты асып отырса, дамыту болады.

Түйдектеу. Әр сөзге көп ой сыйғыза сөйлеу – түйдектеу деп аталады. Түйдектеп сөйлегенде, сөздің әсері күштірек болады. Себебі сөйлем ішінде сөз аз болса, әр сөзге көбірек назар түсіп, ілтипатқа көбірек айналады. Көп нәрсеге адам назар салғанда, ілтипаты ыдырап, сирей түседі. Мәселен, топ адамды көргенде, назар топқа түсіп, бас-басына аз түседі. Сондықтан әрқайсысының түрін-түсін, киген киімін, мінген атын байқамай қаласың. Аз адамды көргенде, назар

әрқайсысына көбірек түсіп, түр-түсін де, киген киім, мінген аттарын да байқап қаласың. Сөйлем ішіндегі сөз де сол сияқты.

Бүкпелеу. Сөзді ашып айтпай ұшығын ғана көрсетіп айту – бүкпелеу деп аталады.

Кекесіндеу. Сөздің тысқы лебіз мағынасына ішкі астыртын мағынасы қайшы келсе, кекесін болып шығады. Кекесінмен сөйлеуді кескіндеу дейміз. Кекесіннің түрі толып жатыр. Бірақ толып жатқан түрін екі топқа бөлуге болады.

1. Зілсіз кекесін (ойың, құлақ, қалжың, әзіл).

2. Зілді кекесін (мазақ, сықақ, мысқыл, келемеж, келеке, әжуа).

Қ. Жұмалиев фигураны алты түрге бөледі: Арнау. Қайталау. Шендестіру (антитеза). Дамыту. Инверсия. Эллипсис.

Арнау. Жазушы не өзіне, не біреуге, не көпшілікке қайырыла сөйлесе, арнау дейді. Бұл үшке бөлінеді: жарлай арнау, сұрай арнау, зарлай арнау.

Инверсия. Поэтикалық сөйлемдерде сөйлем ішіндегі сөздерді жай кездегі реттерінен өзгертіп, сөйлем мүшелерін екінші орынға қоюшылық жиі кездеседі. Осы сықылды, сөйлем мүшелерінің орнын ауыстырып қолдануды инверсия дейді.

Шендестіру. Мағына жағынан біріне-бірі қарсы, аралары алшак жатқан: екі нәрсені бетпе-бет қоюды шендестіру дейді. Антитезада бір нәрсені екінші нәрсеге қарсы қоюмен үшінші нәрсенің қандай екенін анықтайды.

Дамыту. Сөйлегенде алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы оқиғадан соңғы оқиғаны күшейтіп айтуды дамыту – градация дейді.

Дамыту жай сөзде де, жазушылардың сөздерінде де жиі кездеседі. Өлеңі тартымды, әсерлі болу үшін ақындар дамыту әдісін көп қолданады. Дамытумен жазылған шығармаларда алдыңғы ойдан соңғы ойды күшті етіп шығару үшін, алдыңғы құбылыстан соңғы құбылыс, алдыңғы сөзден соңғы сөз күшті боп үдей береді.

3. Қабдолов «Сөз өнері».

Айшықтаудың түрлері көп. Фигураның бір түрі – қайталау – сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу.

Жай қайталау. Мұнда ақынның ерекше мән бере толғап, толғана жырлап отырғаны – өзінің табы; оқырман назарын да осыған мықтап аударып, оның ойында тап туралы бүтін бір ұғым қалыптастырғысы келеді де, тап деген сөзге ерекше акцент жасап, бірнеше жерде арнайы қайталап отыр.

Есене қайталау. Мұндайда ой мен сыр шынында да бір түрлі есіле күштіктен, еселеніп келеді де, алдыңғы ұғымның аяғы соңғы ұғымның басына қайталана көшіп, өлеңге әсем әуез, әдемі әсер дарытқандай болады.

Әдепті қайталау, яки анафора. Мұнда өлеңнің әр жолы немесе әрбір ой ағымы бір сөзден басталып отырады.

Кезекті қайталау, яки эпифора. Мұнда өлеңнің әр жолының соңындағы немесе әрбір ой ағымының аяқ жағындағы бір сөз бірнеше мәрте қайталанып отырады.

Фигураның бір түрі – шендестіру, яки антитеза – бір-біріне қаратай құбылыстарды, мән-мағынасы әр тарап ұғымдарды, түр - түсі әр бөлек нәрселерді өзара бетпе - бет қою арқылы бұлардан мүлде бөлек бір құбылыстың, ұғымның, нәрсенің суретін, сыр-сипатын, көкіні - кейпін анықтау, аңғару, елестету.

Фигураның бір түрі – дамыту, градация – алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы құбылыстан соңғы құбылысты асыра, асқақтата түсу.

Қазақ поэзиясында қолдану сипаттарына қарап градацияны, иерархия түрде, профессор Ысмайыловтың үлгісімен екіге бөлуге болар еді. Бірі – түйдектету, екіншісі – баяулату.

Фигураның бір түрі – сөз орнын ауыстыру, яки инверсия – грамматикалық, әсіресе поэзиялық шығармаларда сөздердің әдеттегі грамматикалық түзілу тәртібінен тыс, орындарын ауыстырып, өзгеше тіркестер құру.

Фигураның бір түрі – сөз тастап кету, яки эллипсис – сөйлем ішінде немесе өлең шумағында атап айтпаса да түсінікті кейбір сөздерді әлсіз жазбай тастап кету.

Фигураның тағы бір түрі – егіздеу, яки параллелизм – екіұдай нәрсені, құбылысты, ұғымды, сезімді қатар қойып, жұптап суреттеу.

4. Қабдолов: «Троптың бір түрі – астарлау, яки символ – бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге не құбылысқа теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу, айта да ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру. Мұның өзі ой мен образға әрқашан астыртын, бұлдыр мағына береді деу де қате емес. Символизмнен айыра білу керек; ең бастысы – символ сөз өнерінде көркем кестеленіп отырған шындыққа әсем ажар, байсалды философиялық астар береді, шығармаға бір түрлі сыршыл сипат береді. Астарлы шығарманың идеясы жалаң, жалаңаш көрінбейді, астардың ой толғаныстары арқылы көңіл ұйытып, көкірекке терең ұялайды».

Қазақ әдебиеті энциклопедиясында: «Символ – әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне» делінген.

### 1.11 Нарманбет Орманбетұлы (1859-1918)

Ақынның Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келгені. Әкесі Орманбет, шешесі Балбырауын сөз қасиетін білетін, тілге шешен адамдар болыпты. 8 жасынан мұсылманша хат танып, Шығыстың ұлы ақындарының асыл сөздерінен сусындап өседі. 13 жасынан өлең шығарады, алғашқы өлеңі апасы Қалиманға арналады. 14 жасында Қарқаралыдағы екі сыныптық орыс мектебінде оқиды. Әкесінің ауқаттылығы, 29-30 жасында болыс болуы ақынға көп көмек болады. Өмірінің соңғы кездерінде 1917-1918 жылдары Уездік советтің төрағасы болып сайланады, Қарқаралыда құрылған Уездік советтің төралқасында болады, 1918 жылы елге қайтып, кенеттен қайтыс болады.

Шығармалары: 1939 жылы «Нарманбеттің өлеңдері» деген атпен жарық көрді. 1966 жылы Алматыдан шыққан «Айтыс» кітабының екінші томында Жуасбаймен айтысканы жарық көрді. 1978 жылы Ленинградта басылып шыққан М. Мағауиннің жинақтауымен «Поэты Казахстана» делінетін антологиялық жинақта өлеңдері Одаққа танылды. 1976 жылы Қазақ совет энциклопедиясының 8-томында ақын жөнінде айтылған. Ақынның өмірді шыншыл көзбен жырлауынан Абаймен үндестігін аңғаруға болады.

Өтті-ау дәурен, өнерлі жігіт сыналмай,  
Ақылмен жұмыс, оймен тыныс қыла алмай.

Ағайын анғырт,

Андып сырт.

Кетеді-ау көңіл тына алмай («Шал қайғысы»).

Бұл жерде Абайдай ұлы жағаға мұрат ұрғандығы, қазақтың қамын ойлайтын өзгеше ақын екендігін көрсетеді. Нарманбеттің шығармалары – көркемдік бояуы мол, тақырыптық танымы терең, лирикалық жырлар. Көптеген өлеңдерінде орысқа жақпақшы болған болыс-билерді өлтіре сынап кетеді.

Жырлары: «Шал қайғысы», «Сарыарқа сайран жерім-ай!», «Қазақ ұлы біз тұрмыз», «Жасқаншақ бас», «Сарыарқа», «Замана», «Сахараға қарасак», «Көпті көрген көнемен», «Ғылым туралы», «Бұл күнде байлар ғаяр, билер мекер», «Күшік ит бөрі ала ма жабылса да», «Ғылымды жете білсе де», «Жігерсіз болса ақыл түл».

Хрестоматияға 9 өлеңі ғана енген.

Тапдауға:

Сарыарқа – ақын өлеңдерінің өзегі	
Тақырып	
Шежіре	
Туған жер	
Құрылымдық мағына қандай қызмет атқарып тұр?	
Өлеңдегі мұң, қайғы, зар	
Автордың ойы	

Тақырып бойынша төмендегідей кезеңдік жұмыстар орындалады:

#### I кезең

1. Нарманбет Орманбетұлының өмірі мен шығармашылық жолына шолу жасау.

2. Нарманбет Орманбетұлының «Замана» өлеңін мәнерлеп оқып, мазмұндық тапдау жасау.

3. Нарманбет Орманбетұлының «Сарыарқа» өлеңіндегі ақындық танымын танытатын негізгі тірек ұғымдарға тоқталыңыз және Мәншүр Жүсіп шығармаларымен іштей үндестігін әдеби дәйектер арқылы дәлелдеу.

#### II кезең

1. «Сарыарқа» өлеңінде берілген өмір шындығы мен қоғам қайратын ашып көрсету.

2. «Ғылымды жете білсе де» өлеңін мәнерлеп оқып, мазмұндық тапдау жасау. Өлеңнің құрылымдық ерекшелігі мен ұйқас түрлеріне барай тапдау жасау.

3. Ақынның «Ғылымды жете білсе де», «Ғалым туралы», «Көпті көрген көнемен» өлеңдері болса ақыл – түл» өлеңдерінің Абай шығармаларымен үндестігін, мазмұндас екенін ажырату. «Ұлылар үндестігі» деген тақырыпқа шағын ой-толғау жазу.

#### III кезең

1. Нарманбет Орманбетұлының шығармалары бойынша әдеби дәйек негізінде берілген өлең аттарын мазмұны бойынша толтыру.

Шығарма аты	Әдеби дәйек	Мазмұны
«Замана»	«Ғылымның нұр сәулесі түспеген соң, Көңілі біздің жұрттың кара жатыр»	Ғылым бақпаған халықтың тұрмысы мен болашағы туралы алаңдаушылық білдіруі.

«Бұл күнде байлар – ғаяр, билер – бикер»	«Ақша озды бұл заманда ақылдан да, Дарақы тентек озды мақұлдан да»	Өмірдің оң беті мен күнгеі салыстырыла берілген.
«Қазақ ұлы біз тұрмыз»	«Артта қалған ермек жоқ, Жарық сәуле шамда жоқ»	Қоғамдағы келеңсіз жайлар, ащы шындық.
«Күшік ит бөрі ала ма жабылса да»	Миятсыз болса, жақын – тұл, Ұятсыз болса, қатын – тұл.	Қоғамдағы әділетсіздің надандық, тоғышарлық пен топастық сананың етек алуы жайында.
«Сарыарқа»	«Затынан бөктергінің бүркіт шықпас, Аспанда ақиыққа жағылса да»	Жаксы мен жамандық қасиеті жайында.
«Ғылымды жете білсе де»	«Суырдай іннен шыққан сүйретіліп, Дарига-ай, мекенінен ел кете ме?!»	Ғылымның қоғамдағы рөлі жайында.
«Жігерсіз болса ақыл– тұл»	«Телміріп қарап тұрса да, Үмітке тоймас адамзат»	Қоғамдық сананың дамуы мен халықтың әлеуметтік тұрмысы, саяси сауаттылығы жайында.

2. Ақынның «Сарыарқа» өлеңіндегі «Таптадық Сарыарқаны неше жүз жыл, Бийі жоқ, баласы жоқ сонда да – тұл» деген жолдардың мағынаны оқушылардың өз сөздерімен пайым-дәйектеме жазуы. Өлеңнің көркемдік ерекшелігіне талдау жасау. Ондағы шендестіру тәсілінің берілу жолдарын ашып көрсету.

Шендестіру	
Күшік ит	Бөрі
Арлы адам	Арлы адам
Бөктергі	Бүркіт
Ажарлы	Ажарлы
Жаман адам	Жаксы адам
Төпес адам	Білімді адам
Шабан	Жүйрік
Сәттік қасиеттері	

(Әдеби дәйек негізінде)

**«Күшік ит бөрі ала ма жабылса да»**

Күшік ит бөрі ала ма жабылса да,  
Тыңдап тәңір сақтар тап ұрса да.  
Арсыздан арлы адам ар сақтайды,  
Әр жерде керегеге таңылса да.  
Құр көңіл көтерілген түк таппайды  
Бөлі ма атан бура шабынса да.  
Затынан бөктергінің бүркіт шықпас,  
Аспанда ақиыққа шағылса да.  
Көркейіп көріксізге ажар бітпес,  
Бетіне опа, далап жағылса да.  
Адамға алла жазбай бақ қона ма,  
Аруаққа күндер түнеп, табынса да?  
Еңбегі еш болады кей адамның,  
Жиксыға бәрін беріп, жағынса да.  
Бетінде білімсіздің бедер болмас,  
Бетінде ұят табылса да.  
Үнемі үлен жүйрік озбай қоймас,  
Сүрініп берер жолда жаңылса да.

3. «Күшік ит бөрі ала ма жабылса да» өлеңін мәнерлеп жатқа айту.

### Тапсырмалар

1. Акын өлеңдерін хрестоматиядан оқу, ұнаған шығармасын жаттау, бір өлеңін талдау.
2. «Нарманбетке бүгін қандай көзқараспен караған жөн?» тақырыбына шығарма-мақала.

### 2 Сибик жоспарлары

#### 2.1 Сибиктың тақырыбы: XIX ғ. II жартысындағы әдебиет (2 сағат)

Мәксаты: Жалпы шолу. XIX ғ. II жартысындағы қазақ әдебиетінің демократтық, ағартушылық бағытының ұлттық әдебиеттің болашақ даму жолын бағыттаған тың беталыс екендігі. Ыбырай мен Абай негізін салған қазақтың демократтық жаңа әдебиетінің тууы. Ағартушы идеяның алдыңғы орынға шығуы. XIX ғ. II жартысындағы тарихи-әлеуметтік жағдай, мәдени байланысының дамуы, реализмнің қалыптасуы, романтикалық үлгідегі шығармалардың пайда болуы («Медеті-Қасым», «Дағыстан»).

Әдебиеттің дамуын мынадай жоспар үлгісінде өткізу ұсынылады:

1. XIX ғ. 60ж. Қазақстанның Россияға қосылуының аяқталуы.
2. Капитализмнің жайыла дамуы.
3. 1863 ж. «Уақытша ережеден» кейінгі Қазақстандағы өзгерістер.
4. Халықтың екі жақты қанаушылыққа ұшырауы.
5. Орыс-қазақ шаруаларының өзара ынтымағы.
6. Орыс ғалымдарының қазақтармен достығы.
7. Орыс-қазақ мектептерінің ашылуы, қазақ тілінде газеттер мен журналдардың, кітаптардың шығарылуы.
8. Қазақ даласына енген екі түрлі Россия, прогресшіл идеяның пайдалы.
9. Қазақ ағартушылары – Шоқан, Ыбырай, Абайлардың көзқарастары.

10. Қазақ әдебиетіндегі сыншыл реализмнің қалыптасуы.

Шолу сабағында қолданылатын пәнаралық байланыс: Тарих.

Қазақ өлкесінің өз еркімен Россияға қосылу процесі XIX ғ. 30 ж. бастап 1860 ж. дейін созылғанын, бұл қосылу Қазақстанды Жоңғар, Жоңғар, Қоқан, Бұхар сияқты артта қалған феодалдық хандықтар тарапынан жаулап алу қаупінен құтқарғанын айту. 1868 жылы 21 октябрде «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторының қаулысы бойынша Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары құрылды. Орал облысының орталығы – Орал, Торғай облысының орталығы – Орынбор, Ақмола облысының орталығы – Омбы. Облыстар уездерге, уездер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Уезд бастығына әскери дәрежесі бар адамдар, олардың көмекшілері қазақтың феодал помещиктері болды. Сайлау үшін феодал топтарының арасында күшті топтар болып отырды. Уақытша ереже мұсылман дін қызметкерлерінің праволарын тежеді. Қазақтың тұңғыш

ағартушылары Шоқан, Ыбырай, Абай дін басыларының қазақты мұсылманшылыққа үйрету әрекетіне, дін оқуына қарсы болды. Қазақстан қалаларында орыс-қазақ мектептерін ашудағы патша үкіметінің мақсаты өз саясатын жүргізетін тіл алғыш кадрлар тәрбиелеу еді. Алғаш мектеп 1841 ж. Бөкейлік Орда қаласында ашылды. 1883 жылы Орскіде қазақтың мұғалімдер мектебі ашылды.

1870-1883 жылдары Ташкентте «Түркістан уәлаятының газеті» шығып тұрды. Қазақ тілінде 70-80 кітап жарық көрді. Қазан, Ташкент, Омбы баспаларында «Қозы-Көрпеш», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Алпамыс» жырлары басылды. Патша үкіметі жер аударған орыстың алдыңғы қатарлы адамдары жергілікті халықты мәдениетке тартуға, мәдениеті мен өнерінің дамуына көмектесті. Орыс, украин, поляк халқының озық ойлы өкілдерімен таныстыру.

Г. Г. Шевченко (1814-1861) жайында мәлімет беру. Ол Киевте жасырын ұйымға қатысқаны үшін 1847 ж. жер аударылған. 10 жыл айдауда жүріп, қазақ тұрмысынан суреттер салған. Қазақ өмірін бейнелеген «Байғұстар», «Келі түйген қазақ әйелі», «Бақташы» суреттерін мүмкіндігінше көрсету, қазақтар туралы пікірін айту. Сол сияқты А. Е. Алексеев, В. И. Даль туралы да мәлімет айту. Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік мәнін дұрыс түсінген Шоқан, Ыбырай, Абайлардың көзқарастарын атап өту. Реализмнің дамуын теориялық ұғымда Ыбырайдың орта буын сыныпта өткен әңгімесі, Абайдың ғылым-білімге арналған өлеңдері; романтизм үлгісін Мағауия мен Ақылбайдың поэмаларын еске түсіре отырып атап өту.

Қолданылатын технология: Үлгілей жобалау технологиясы.

Әдіс-тәсілдері: Репродуктивті, эвристикалы, зерттеу, шығармашылық, қисынды талдау.

Көрнекіліктер: XIX ғ.ІІ ж. көрнекті тұлғалардың кітаптары, суреттері, буклеттер, рефераттар, грамжазу, тарихи документтер, хат, мемуар.

Қосымша әдебиеттер:

1. ҚСЭ. (1-12 том). Кіші жүздің Россияға қосылуы – 8 том, Жайық-Қазақ орыстары – 4 том, Дала уәлаятының газеті – 3 том, Даль – 3-том, Шевченко – 12-том, Алексеев – 1-том, Түркістан Уәлаятының газеті – 11-том.

2. Қ. Жұмалиев ХҮІІІ-ХІХ ғ. қазақ әдебиеті (1967).

3. Қазақстан тарихы очерк. – Алматы, 1994 ж.

4. З. Қабдолов. Сөз өнері.

Пәнаралық байланыс: Тарих, орыс әдебиеті, әдебиет теориясы.

Үйге тапсырма: Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығы.

### Оқушыларға ұсынылатын тапсырмалар

1. Төмендегі тақырыптар бойынша шағын баяндамалар жасау:
  - 1) 1863 ж. Уақытша ережеден кейінгі өзгерістер;
  - 2) Г. Г. Шевченко туралы хабарлама;
  - 3) Қазақтар туралы өзге ұлт өкілдерінің гуманистік ой-пікірлері;
  - 4) Қазақ тіліндегі газет, кітаптар жайында.
2. «Орыс-қазақ мәдени байланысы не берді?» публицистикалық тапсырма жазу.

### 2.2 Сабақтың тақырыбы: «Ұлт кеменгері – Шоқан» (Шоқан Уәлиханұлының өмірі мен шығармашылығына арналған сабақ)



Мол етінің білімнің орғаныңды білем мен,  
Қосбасшысы ғылымның болғаныңды білем мен.  
Тасырларға үңілген томдарыңды көрем де,  
Тарихымды бүгінмен жалғарыңды білем мен.  
Өнер-ғылым өркендеп, көсегесі көгерген,  
Білік екен мерейі Шоқаны бар халықтың.

Мақсаты:

а) білімдік. Шоканның сан қырлы ғалым екендігін ескере отырып, оның әсіресе әдебиет саласындағы ғылыми еңбектері мен ой-пікірлерін оқушы зердесіне жеткізу;

ә) тәрбиелік. Ғалым бойындағы асыл қасиеттерді тереңінен талдап, жіктей отырып, «болмасаң да, ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеніз» дегендей, үлгі-өнеге алуға, үлгі тұтуға тәрбиелеу;

б) дамытушылық. Оқушыларды қосымша әдебиеттермен жұмыс істей білуге, ғылыми еңбектер бойынша конспект-тезис жасауға, тақырыптағы негізгі мәселелерді даралап ала білуге, естеліктер, хаттар бойынша өздеріне ұнағандарын жатқа айтуға, дәйексез ала білуге, Шоқан туралы шағын мақала жазып, пікір айта білуге, суреттерді сөйлетуге, пәнаралық байланыста түсіндіре білуге дағдыландыру.

Корнекіліктер. Буклет, альбом, карта, қосымша кітаптар, зерттеу еңбектер.

Қосымша әдебиеттер. «Манас», Шығармалар жинағы II томдық, С. Мұқанов «Аққан жұлдыз», С. Бакбергенов «Ақ боз атты ару». Шоқан өміріндегі елеулі деректердің хронологиялық сызбасын даярлау; Шоқан болған жерлердің картасын жасау; Шоқан еңбектерінде кездесетін тарихи адамдардың есіміне түсінік беру, карточка жасау; көрме ұйымдастыру, альбом, буклет жасау, тезистік пікірлер, реферат жазу, «Шоқан және оның достары» шығарма-пікір. Оқу-әдістемелік кешен.

Пәнаралық байланыс.

Орыс әдебиеті. Ф. М. Достоевский, П. П. Семенов-Тянь-Шанский.

Бейнелеу өнері. Суреттер. Ә. Қастеев.

География. Шоқан болған жерлер.

Тарихтан XIX II жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы.

Қазақстан мәдениеті. Шежіре-сызба.

Театр. С. Мұқанов «Шоқан Уәлиханов» пьесасы.

Әдісі. Гипотеза әдісі, яғни мұғалімнің алдына қойған проблемасына жауаптардың мәліметтерін құрастыру, әңгімелеу, түсіндіру, пікір алмасу, салыстыру.

Сабактың түрі. Үлгілей жобалау технологиясы.

Сабактың барысы. Үлгілей жобалау технологиясы бойынша оқушылардың алдын ала орындаған тапсырмалары бойынша жұмыс.

1. Шоканның білім алған, тәрбие көрген ортасы. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар жүйесі бойынша өзіндік жұмыстардың тақырыпшаларын толтастырып беру арқылы сағат санының аздығын, уақыт үнемдеуді жүзеге асыруға болады. Мысалы шыққан тегін

шежіреге түсіру. Арғы атасы Абылай – ақ сүйек, мәдениетті, білімді көпшілік қайраткері. Уәлихан, Шыңғыстар – прогресшіл дүние танымдары мен өз елінің азаттығы үшін күрескерлер, әкесі Шыңғыстың аса зиялы, оқыған, көзі ашық, өз балаларын оқу, білімге тәрбиелегенін айту. Шоқан мұсылманша тіл сындырған, Омбыдағы Калет корпусында оқыған, әскери білім ғана емес, әдебиет, тарих, музыка, физика, математика, география, құрылыс пен архитектура т.б. ғылым салаларымен сусындаған.

2. Шоқан – саяхатшы. Қашқар саяхаты. «Жоңғария очерктері». Еңбектердің 1865 ж. Лондонда «Орыстар Орталық Азияда» деген атпен шығуы (ағылшын тіліне аударуға ат салысқаны). 1857 ж. «Орыс география қоғамының» толық мүшелігіне сайлануы.

3. Шоқан – әдебиетші, фольклорист. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры туралы айту. Ауыз әдебиетін өнер ретінде бағалауына, С. Марғұланның зерттеулерінде көрсетілгендей, әжесі Айғанымның әсері болғанын, оқушыларға жекелей тапсырма ретінде Абай мен Шоканның ұлы тұлғалар болып қалыптасуларында ерекше орын алған аңызы мен әжелері жайлы салыстырмалы өздік жұмысын орындату. «Қазақ халық поэзиясының түрлері» туралы шығармасында бес түрге бөлетініне тоқталып, түсіндіру.

4. Шоқан және өнер адамдары. Шоканның Абаймен, Жамбылмен, Шоже т.б. ақын, әншілермен кездесуі жайлы әңгімелейді.

5. Шоқан – «Манасшы». Оны «теңдесі жоқ, аса құнды туынды» деп бағалауы, даланың «Илиадасына» теңеуі.

6. Шоқанды заңгер ретінде танытатын «Сот реформасы туралы еңбектері» еңбегін оқытуда оның демократтық көзқарасын білдіру.

Бұл мәселеде берілетін сұрақтар:

а) Шоқан неліктен сот реформасына ерекше мән берді, ол қандай мақсатты мақсатқа қамтуға тиіс еді?

ә) Реформада қазақ халқына қамқорлық жасау қалай көрінеді, Шоқан реформаның неліктен ақсүйектер емес, қалың бұқараның тілек-мүддесіне сай жүргізілуін талап етті?

б) Қазақтар билер сотына қалай қарады, осы реформада айтылған заңнамалық мәселелерді қазіргі заманғы талап тұрғысынан қалай бағалар едіңдер?

7. Шоканның орыс достары: Г. Н. Потанин, П. П. Семенов-Тянь-Шанский, С. Ф. Дуров, Ф. М. Достоевский, А. Н. Майковтар туралы, олардың хаттарына шолу жасау. Өмірінің соңғы кездері. Мезгілсіз қайтыс болуы... Е. Гудковскаяның ғалым мұраларын еліне табыс етуі, тарихи, баян жетпес еңбегі. Орыс достарының мұрасын жинап, бастыртулары, баян ескерткіш қоюлары. Шоқан бейнесі көркемөнер, әдебиет,

мәдениетімізде. (С. Мұқанов «Аққан жұлдыз» романы, С. Бегалин «Бала Шоқан». Шоқантану ғылымы (Ә. Марғұлан, Стрелкова, С. Мұқанов).

Шоқан өмірдерегі

Ш. Уәлихановтың өміріндегі елеулі деректер. Жылдар	Қайда болды, кіммен кездесіп достасты?	Не істеді, не жазды?
1854 – 1855 жж.	Омбыдағы Достоевскиймен, Дуровпен	
1855 ж.	Гасфортпен Орталық Қазақстанда, Жетісуда, Тарбағатайда	Қазақ халқының тарихы, әдет-ғұрпы, діни ұғымын зерттеді. «Тәңірі» «Шамандықтың қалдығы».
1856 ж. көктем	Омбыдағы Семенов-Тянь-Шанскиймен	
1856 ж. мамыр-маусым	Хоментовскиймен қырғыз елінде, Ыстықкөл маңайында, Верныйда	Қырғыз халқының тарихы, әдет-ғұрпы, әдебиеті, тілін зерттеп, Ыстықкөл маңайын картаға түсірді. Қытаймен сауда байланысын жақсарту. Жоңғария тарихын зерттеу.
1856 ж. тамыз-қазан	Құлжада	
1856 ж. күз	Омбыда	Саяси жағдайды барлау, тарихын зерттеу.
1857 ж.	Қырғыз елінде	«Манастан» үзінді. Ыстықкөл сапары. Құлжа қаласы. Қырғыздар туралы

		жазба. Қазақ поэзиясы. Оңтүстік Сібір руларының тарихы туралы.
1857 ж. 27 ақпан	Орыстың географиялық қоғамының толық мүшесі	
1858 ж. 28 шілде	Қашғарияға сапарын бастады	
1858 ж. 10 қазан 1859 ж. наурыз	Қашғариядан шықты	Қашғария өлкесінің саяси жағдайын, географиясын, тарихын, мәдениетін зерттеді.
1859 ж. 12 сәуір	Верныйға келді	
1860 ж. күз.	Омбыда	Қашғария саясатының есебін жазды.
1860 ж. күз.	Петербургте Семенов, Достоевскиймен қайта кездесті. А.Н.Бекетов, Е.П. Кабалевский, А.Н. Майков, Н. Курочкин, Я. Полонский т.б.	Азия департаментінде географиялық қоғамда қызметкер. Азия туралы еңбектерін баспаға даярлады.
1860 ж.	Петербургте	«Жоңғария очерктері»
1861 ж. көктем	Көкшетау, Сырымбет, Жайлауда. Ақын-жыршылар кобызшы-күйшілерімен кездесті.	Творчестволық жұмыстармен айналысты.
1861 ж. күз.	Омбыда	Сот реформасы мәселесін зерттеуі.



1864ж. наурыз	Әулие атада, Черняев отрядында	Очерк жазды, әскери экспедиция жұмысында ұлы жүз казактары анызын, дунгандар көтерілісін зерттеді.
1865 ж. сәуір	Тезек төре ауылында қайтыс болады	
1881 ж.	Генерал-лейтенант Колпаковский Шоканның басына ескеткіш қойды.	

8. Шокан және бүгінгі заман. Оқушылар Шоканға бүгінгі күн талабы тұрғысынан баға бере отырып, сабақты қорытындылайды.

### Оқушыларға ұсынылатын тапсырмалар

1. Шокан өміріндегі елеулі деректердің хронологиялық сызбасын даярлау.
2. Шокан болған жерлердің картасын жасау.
3. Шокан еңбектерінде кездесетін тарихи адамдардың есіміне түсінік беру, карточка жасау.
4. Көрме ұйымдастыру, альбом, буклет жасау, тезистік пікірлер, реферат жазу.
5. «Шокан және оның достары» тақырыбына шығарма-пікір.
6. Сыныптан тыс оқуға: «Манас» (үзінді), Шокан туралы естеліктер, «Алтышаһар немесе Қашқария туралы».
7. Өз беттерімен, қалаулары бойынша оқуға: С. Мұқанов «Аққан жұлдыз», С. Бакбергенов «Ақ боз атты ару», С. Мұқанов «Ш. Уәлиханов» пьесасы, М. Әуезов «Әр жылдар ойлары», «Достоевский және Ш. Уәлиханов».
8. Шоканның саяси көзқарасын саралау.
9. Демократтық, ағартушылық бағыттағы іс-әрекеттеріне назар аудару.
10. Гуманизмі, адамгершілік тұлғасы, зиялылығын сараптау.
11. Оқушыларды тезис-жоспар, жауаптарының тезистерін жасауға, үзінді, дәйектеме ала отырып, оны жауаптарына тиімді

тақырыпна білуге баулу. Оны мынадай графикалық тапсырмалар түрінде орындату.

Шоканның демократтық көзқарасы. Дәйекті пікір-дәлелдеме.

Ф. Достоевскийге жазған хаты (1856ж)	Үзінді, дәйексөз	Демократтық көзқарасы туралы пікір-дәлелдеме

12. Шоканның «Сот реформасы» туралы мақаласы бойынша тезис-аннотация жазу.

Тезис	Аннотация
Экономикалық, әлеуметтік реформаның қажеттілігі.	«Әрбір адам, адамзат баласы, түпкілікті бір мақсатқа ұмтылады. Ол мақсат – өзінің тұрмысын жақсарту. Прогресс дегеніміздің өзі – осы. Реформа да сол үшін керек».

### Оқушылар оқитын шығармалар

1. «Жоңғария очерктері».
2. «Сот реформасы туралы».
3. Хаттары.
4. «Қазақ поэзиясының түрлері».

2.3 **Сабақтың тақырыбы: Сарындастық салтанаты. Гете – Фермонтов – Абай. «Қаранғы түнде тау қалғып» өлеңі және басқа да аудармалары**

Мақсаты:

а) білімдік. Аудармалар жасау арқылы Абайдың Гетемен, Фермонтовпен шығармашылық байланысын, реализмінің кеңейіп кетуін, көңіл-күй лирикаларындағы ойшылдығы мен өткір сатирашылдығын таныту. Аударманы орыс, неміс тіліндегі нұсқаларымен салыстыру, аударманың көркемдік ерекшелігіне көңіл бөлу.

ә) тәрбиелік. Интернационалдық, адамгершілік тәрбие алады. Табиғатты сүйеге тәрбиелеу. Адамгершілік қасиеттер туралы пікір:

б) дамытушылық. Оқушылар үш ақынның табиғатты адамның көңіл-күйімен қатар қоя отырып суреттеуін үш тілде оқып, салыстыра біледі. Құзыреттіліктері қалыптасады.

Әдісі: Салыстыра-іздендіру әдісі

Сабақтың түрі: Интеграцияланған – төрттік сабақ.

Көрнекілік. Ақындардың портреттері, буклеттер, күйтабақ.

Қосымша әдебиеттер: «Гете и Абай» Эссе. Герольд Бельгер.

Ю. М. Лермонтов «Горные вершины», Абай «Шығармалар жинағы», «Егемен Қазақстан» газеті. 2007 ж. 29-тамыз. 14-бет. «Сарындастық салтанаты». Сауытбек Абдрахманов. «Ана тілі» газеті. Герольд Бельгер туралы мәлімет, Қалмұқан Исабаев туралы мәлімет. Қ. Исабаев. Берлин «Абайштрассе» «Қағанат» А., 2002.

Ақын Тұрсынхан Әбдірахманова, Мұзафар Әлімбаев туралы мәліметтер, қызықты оқиғалар айту. Әдебиет теориясы. Символ, перифраз, силлабо-тоникалық, силлабикалық (буын) өлең (ырғақ пен шумақ, тармақ пен бунақтың буынға негізделуі). Тоникалық – екпін, яғни екпінге негізделу («Сөз өнері», 272 б.).

Пәнаралық байланыс: неміс тілі – Гете, орыс әдебиеті – Лермонтов, музыка – «Қараңғы түнде тау қалғып» әні.

Сабақтың барысы: I. Гете, Лермонтов, Абай жайлы мәлімет. Оқушылар үш топқа бөлінеді. Абай тобы – Қараңғы түнде тау қалғып. Лермонтов тобы – Тау шыңдары, Гете тобы – Түнгі кезбе әні.

Абай тобы: «Қараңғы түнде тау қалғып».

I-оқушы. Абайдың Лермонтовтан аудармаларын үш топқа бөлуге болады:

1) көлемі, мазмұны, көркемдігі Лермонтов нұсқасымен дәл түсетіндер;

2) көлемін қысқартып, негізгі мазмұны мен көркемдігін сақтап аударғандары. Мысалы: «Теректің сыйы» - 76 жол болса, Абайда 38 жол. Көлемін қысқарта аударғандарының кейбірі көлемді поэмалар;

3) жалпы сарыны, мазмұны Лермонтовқа ұқсағанмен, өз еркінше, өз көңіл-күйін толғап кететін өлеңдер.

2-оқушы. Лермонтов пен Абай заманындағы тарихи жағдай. Лермонтов шығармасындағы сыншылдық қазақ ортасындағы феодалдық-патриархалдық ескішіл көзқарастармен аяусыз күрескен Абайға көмекке келгендей болды.

Лермонтов «Из Гете» деп атаған әйгілі өлеңнің табиғаты туралы талас көп. Г. Бельгер мен Медеубай Құрманов өздерінің кітап, мақала, эсселерінде өлеңнің үш нұсқасын (Гете, Лермонтов, Абай) қатар

көтеріп, Лермонтовтың да, Абайдың да сұңғыла суреткерлігін жеріне жеткізе мәмелдейді.

Гетеден жолма-жол аударғанда өлең былай болып шығады екен:

Шыңдар басында тыныштық орнаған,

Аташтардың басында

Бөлер болмас

Лен байқалады;

Ормндағы құстардың үні өшкен,

Тек сабыр ет, сәлден кейін

Сен де тыныш табарсың.

«Талантты ақын өлі табиғаттың шың (Гипфел), өсімдіктер дүниесінің ағаш бастарын (Випфел) және жануарлар дүниесінен құстар (Богелайн) сияқты қарапайым ғана сөздер мен түн құшағына өліп, балбырап ұйқыға кеткен бүкіл табиғат суретін көз алдыңызға алыңыз. Ең соңында барып осындай түн тыныштығын бұзып, жанданып келе жатқан адамды көреміз. Күндізгі аптап ыстықтан өаршиған, енді салқындап, дем алған табиғат тыныштығы бойын бағытпен ол (жолаушы) кенеттен өзінің де күндізгі ұзақ жүрістен кәсіпкерінің сезеді. Оның да дем алып тыныштығы келеді.

Өлеңнің құрылысы, әуезі де осы сезімге бағындырылған: буын өлшемі (3, 2, 5, 3, 4, 9, 5, 4) да, ұйқасуы (абаббддс) да, ырғағы да еркін, өрлеуші. Басында ырғақ бір қалыпты болып келеді де, сонан соң аздап өзгереді. Ал құстар туралы сөз болғанда өршіп барып, тыныштыққа көтеріле қайта бәсеңдейді», - деп жазған еді М. Құрманов.

3-оқушы. Енді Лермонтов нұсқасын еске түсірелік. Орысша:

Горные вершины

Спят во тьме ночной

Тихие долины

Полны свежей мглой.

Не шалит дорога,

Не дрожат листы,

Подожди немного,

Отдохнешь и ты.

Абайда: (4-оқушы)

Қараңғы түнде тау қалғып,

Ұйқыға кетер балбырап.

Доланы жым-жырт дел-сал ғып

Түн басады салбырап.

Шың шығармас жол-дағы,

Сықкіне алмас жапырақ.

Тыншығарсың сен-дағы

Сабыр қылсаң азырақ.

«Қараңғы түнде тау қалғып» – аудармадағы көркемдіктің, бейнеліліктің, әуезліліктің, дәлдіктің эталоны. Лермонтовтағы «тау шырдарын» «тауга» түсіріп, асқақтаған шыңы жоқ Шыңғыс тауына келтіріп, «аңғарды» жазық «далаға» түсіріп, Қарауылдың айналасына айналдырып жіберген данышпандығының арқасында Гете картинасы қазақ жеріне көшкен де қойған. Сол мүлгіп тұрған тыныштықтың өзінде Абайда қимыл көбірек. Гетеді етістік үшеу екен, Лермонтовта да солай. Абайдағы етістік, толымдысы бар, толымсызы бар – сегіз: қалғып, балбырап, ұйқыға кетер, дел-сал ғып, түн басады, салбырап, шаң шығармас, сыбдырламас.

Бар сөздің саны 25 болғанда, оның сегізі етістік болғанда, бұл өлең бастан-аяқ қимыл-қозғалысқа толып кетпей ме? Кетпейді. Абайдың құдіретті қаламымен қаланған бұл етістіктер қайта табиғатты мүлгітіп, маужыратып, оның құшағындағы адамды балбыратып, албыратып барады. Ал Абайдың соңғы екі жолындағы «тыншы арсын», «сабыр қылсаң» деген екі сөзге таң-тамаша болмау мүмкін емес. Гетеді де, Лермонтовта да сөз түйіні демалуда, тынығуда, дамылдауда. Абай Гетеді де, Лермонтовта да жоқ «тыншығуды» шығарғанда, демалудың, тынығудың, дамылдаудың, тыныштық табудың орнын осы сөзбен алмастырғанда табиғат тылсым адамды нирвана күйіне келтіретіндей құдіретке ие екендігін, ол үшін «азырақ сабыр қылу» керектігін айтатындай.

5-оқушы. Үш тілде де окитын, үш тілде де жазатын Герольд Бельгер: «Біз Гете мен Лермонтовтағыдай түн суретін көріп қана қоймаймыз, біз сол түн қараңғылығының қалай түсетінін көреміз де, сенеміз де, Гете өлеңіндегі түннің қатып-семген суреті Лермонтов баянында едәуір кеңейген, жандандырылған, нақтыланған болса, Абай аудармасында кәдімгідей қимыл-қозғалысқа келтірілген. Осылай. Поэзия аударыла ма, аударылмай ма деген сауалға жауап – осы. Қазақтың тілі қандай тіл дегенге де жауап – осы. Қазақ қандай халық, қолынан не келеді? деген сауалға да жауап – осы», - дейді.

6-оқушы. Бауыржан Момышұлының былай дегені бар: «Тіл білу, оған түсіне білу деген нәрсе оңай емес. Мен орыс тілін жақсы білемін дедім ғой. Оным рас. Академияларда орыс тілінде лекция оқыған кісімін. Бірақ та ойлап қарасам, рас, Абай орыс тілін менен жақсы біледі екен. Жақсы білгені былай тұрсын, орыстардың ғалымдарына, ардагер адамдарына ұстаз бола алған екен. Оған дәлелдер көп. Мысалы, Пушкинді, Лермонтовты, Крыловты аударғанда Абай олардың ойына ой қосқан. Бұл ұстаздық емей немене? («Түркістан».

2004, 12-тамыз). Соның бір дәлелі – осы «тыншығу». Орысшаға қайта қайтса «находить покой (успокоение) ұғымына жақындайтын бұл сөздің мағынасы кеңірек, тереңірек. Ойына ой қосқан деген сол болады.

7-оқушы. «Лермонтовтай ақындардың өлеңдерін қазақшаға аударса, сол сөздерді құр ғана сыртқы келісімін сүйгендіктен аудармайды. Барлығында өз жүрегіне түсінікті, өз халқына жауапсатын, өзінің әлеуметтік мұң-арманына тап келетін және қиялына үйлесетін, ерекше бір жақындығы болғандықтан аударарды. Аудармалар ақынның өз жүрегінен толқып шыққан қайғылы шердің айналысы, толас-тынысы сияқты болады», - деген М. Әуезов.

8-оқушы. «Абай поэзиясындағы тебіренісі басым әуендер – өз ертісінен, топас қауымнан түңілу, замандастарының, әсіресе, түсындағы жас толқынның нағандығын, білімсіздігін көріп торығу, жалғыздық жапа шегу әуендері еді. Абай жырларындағы бұл шарғылық сарындарының Лермонтов әуендеріне үндес келіп тұрғандығы шексіз», - деп жерлесіміз Қ. Бекхожин дөп айтқан.

Қол жазуды ермек ет, жатпа бекер,  
Бұл көңілсіз дүниеден көп жыл өтер.  
Өзі қысқа, өзі асау тентек өмір,  
Арттағыға бір белгі қойса нетер?  
Кім біледі, кез болса, арттағылар,  
Ойға салып оқыр да, сөзін сынар.  
Көзін салып, ойланып кейбір сөзін,  
«Рас-ау», - деп, мағынасын ол да ұғар.  
Кім білер, жабырқаңқы жазған сөзім,  
Жібермей кеп, тоқтатар оның көзін,  
Жолаушы жол үстінде тамаша еткен  
Сықылды өлген жанның бір күмбезін.

Әрине, бұл – Абайдың өз сөзі. Мейлі, мәтін Лермонтовтан болса да Абай өлеңі. Өйткені, Лермонтов онда Абайша сөйлеп тұр. Сонымен бірге, «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз, / Тасты жол өркендейді бұға амалсыз. Елсіз жер тұрғандай боп хаққа мүлгіп, / Сөйлесіп, ымдасқандай көкте жұлдыз» немесе «Асау той, тентек жол, опыр-топыр, / Ішінде түсі суық бір жан отыр. Алысты тұманданған ол ойлайды, / Өзге жұрт ойды нетсін, өңкей соқыр» деген сияқты тұстарда Абай – таза аудармашы.

9-оқушы.

Нет! – я не требую вниманья  
На грустный бред души моей,  
Не открывать свои желанья

Привыкнул я с давнишних дней.  
10-окушы.

Сал демеймін сөзіме ықыласыңды,  
Қайғылы өлең еттім өз басымды.  
Көкірегім, бар сырым өз әлінше,  
Көрінгенге көрсетпей, көп жасырды  
И скучно и грустно! – и некому руку подать  
И минуту душевной невзгоды...

А годы проходят – все лучшие годы!  
Любить – но кого же?... – на время не стоит труда,  
А вечно любить невозможно.  
В себя ли заглянешь? – там прошлого нет и следа:  
И радость, и муки, и все так ничтожно...

И радости, и муки, и все так ничтожно...  
Что страсти? – ведь рано иль поздно их сладкий недуг  
Исчезнет при слове рассудка,

И жизнь, как посмотришь с холодным вниманьем вокруг, –  
Такая пустая и глупая шутка...

11-окушы. Абайдың өлеңі:

Әм жабықтым, әм жалықтым,  
Сүйеу болар қай жігіт  
Көңілден кеткен сон тыным!  
Әм сүйіндім, әм түңіндім,  
Үнемі не еткен үміт?

Өткен сон бар жақсы жылым!  
Ғашықтық іздеп тантыма,  
Аз күн әуре несі іс.

Өзіңнің кара артына,  
Неткен өмір бейне түс.

Өлгенше болар бар ма дос  
Қуаныш, қайғы – бәрі бос.

Бір қарағанда еркін аудармаға келетін сияқты. «И скучно и грустно! – и некому руку подать» – «Әм жабықтым, әм жалықтым, / Сүйеу болар қай жігіт», «Желанья!.. что пользы напрасно и вечно желать? / А годы проходят – все лучшие годы!» – «Үнемі не еткен үміт? / Өткен сон бар жақсы жылым!» – бұл тұстары кәдімгі тәржімеге де тартып тұрғандай. Алайда, бұл аудармаға жатпайды. Ешқайдан таппайсыз. Бұл Абайдың өз өлеңдері. Олардың жазылуына Лермонтов жыры қозғау салған. Абай тәржімелерінде акынның түпнұсқа мәтінін соншама терең түсінуі тәңті етеді.

12-окушы.

Печально я гляжу на наше поколение!  
Его грядущее – иль пусто, иль темно,  
Меж тем, под бременем познания и сомнения,  
В бездействии состарится оно.

Бұл – Лермонтов «Ойы».

13-окушы. Абай былай алған:

Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманғы,  
Сылқын, қуыс өмірі я қараңғы,  
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,  
Өнерсіз қартайа деп біл балаңды.

Лермонтов сол кездегі орыс қоғамындағы кімге, неге, не үшін өкімет етерін білмей жүрген «басы артық адамдар» буынын айтса, Абай білімсіздік, білмекке ұмтылыстың жоқтығын айтады. Тіпті Абай қонынан бір шумақ қосып, өз оқырманына айтар ойын жеткізеді.

Досын жоқ, дұшпаның жоқ тыныш жатасың.

Мал үшін аш қатасың, жан сатасың

Әкесі аштан өлген кісідей-ақ,

Неткен жұрт мал өлтірген жеті атасын, - деп, «Мал үшін аштан сататын сараң Оразбайларды» көзге елестетеді. Ғарифолла Есім ақынның: «Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел, / Малың болса, сыйыпмай тұра алмас ел», деген жолдарына қатыстырып мынаны айтады: «Мал-жаныңыз аман ба?» дегенде, қазына-байлық, иелік ретінде сұрап, философиялық тұрғыда мәдениеттің үлгісі ретінде «сұрайды» дейді. Акынның ғажап дарыны Лермонтов шығармаларындағы сан түрлі сарындарды сапырылыстырғандай етіп, өміне керекті көркем бейнелерді інжудей іліп алатын қасиетінен де көрінеді. «Теректің сыйындағы» «Асау терек долданып, буырқанып, / Тауың бұзып жол салған, тасты жарып. / Арыстанның жалындай бұйра сөздерін, / айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып» деп келетін алғашқы шумаққа кезінде талай әдебиетші тамсанып, «Терек воет, дик и влюбен, / Меж утесистых громад. / Буре плач его подобен, / Слезы вранями летят» деген шумақтан осындай сурет шығарады Абай деп қарастып.

14-окушы. З. Ахметов ол теңеудің де Лермонтовтың өзінен алынғанын, «Демон» поэмасындағы «И Терек, прыгая, как львица, / С колючей гривой на хребте, / Ревель – и зверь степной, и птица, / Врукаясь в лазурной высоте, / Глаголу вод его внимали» деген шумақтан өлеңге сіңірілген сурет екенін дәлелдеп берді әрі Лермонтовтың жаңылыс басқан жеріне (арыстанның ұрғашысында жан болмайды) назар аудартты.

15-оқушы. Тәкен Әлімқұлов: «Абай Лермонтовтың «Измаил-Бей» поэмасының кіріспесін жатық та дәл аударған». Мұрсейіт қолжазбасында Лермонтовтан деп жазылып берілмеген соң «Көңілдің күйі тағы да / Өмірсіз жанның алды үшін. / Аударды өлең жағына / Нәпсінің сынған қайғысын» деген жолдар «Опять явилось вдохновение / Душе безжизненной моей: / И превращает в песнопенье / Тоску, развалину страстей». Абайдың аудармашылығы оған дейін қазақ әдебиетінде қолданылмаған он беске таяу өлең өлшемін енгізгенінің өзі көп жайды аңғарта алады. Ақын аудармаларының айшығы қазақ тілінде бұрын болмаған тіркестерді алып келіп орнықтыруынан да көрінеді. Ал фразеологизм орнықтыру дегеніміз-қиянның қиыны.

16-оқушы. Р. Сыздық: «Абай өлеңдерінде кездесетін кептерше сүйнісу («ворковать как голубки»), салқын тарту («постывать»), тактісіне билеу («отбивать такт»), бір сағаттан бір сағат («от часу на час») деген тіркестер де қазақ тілі үшін жаңа: олар орыс тілінен калькалау (сөзбе-сөз аудару) жолымен жасалғандар. Бір ғажабы-бұлардың бәрі тек аудармада емес, төл шығармаларда да кездеседі. Айталық, салқын тарту деген тіркес Абайда: Дүниедегі қызықтың бүгін бәрі Саған салқын тартқандай, сен бір кәрі деген өлең жолдарында кездессе, бұл жолдар Лермонтовтың: «Пускай теперь прекрасный свет Тебе постыл – ты слеп, ты сед–деген жолдарының аудармасы.

17-оқушы. Абай – перифраздың да шебері. Лермонтовтан аударған өлеңдерінде: қараңғы көңіл, көңілдің жүгі, улы сусын, жанға түскен жара, жалпаңдаған жас жүрек, жүйрік уақыт, үміттің нұры, еркелі қол. асау өмір, тентек өмір, жабырқанқы сөз, тәтті үн, нәпсінің сынған қайғысы, асау той, тентек жиын... осылай кете береді.

18-оқушы. Абайда аударма арқылы енген символ сөздер де бар. Мысалы, желкен сөзін алайық, Абай барып жүрген Семейдің Ертісінде желкенді қайықтар болған да шығар. Бірақ арманға құлаш жайғандықтың символы ретінде ол сөздің Лермонтовтан аударылған өлең арқылы ұғымға айналғаны талассыз. Абайдың Лермонтовтан жасаған аудармаларындағы кейбір мәселелер қазақ тілінде род жоқ екендігіне байланысты туындайды.

Қонады бір күн жас бұлт,  
Жартастың төсін құшақтап.  
Жөнелді ертен, қалды ұмыт,  
Көк жүзіне ойнақтап.  
Әжімді жүзі тершіген,  
Кәрі жартас таң қапты:

Кәрі осы-ау,- деп, - күз деген

Томсарып тұрып жылапты.

Текстологиялық тұрғыдан алғанда «күз» «қыз» болып оқылуы өрес (2004 жылы шыққан «Әлем әдебиеті» сериясымен шыққан Лермонтов томында «қыз» деп берілген). Жас бұлт («тучка золотая») жартастың («утес-великан») төсін құшақтай қонып, түнеп шықты. Ертенінде басқа бір жел айдап, көк жүзінде ойнақтап кете барды. Енді жас жартастың, бәлкім, жас жартастың төсіне қонақтар. Кәрі жартас өлең ойнап қамығады, әжімді жүзі тершіп, томсарып тұрып жылайды, көк біткеннің бәрі осы ғой деп көзінің жасын бұлайды... Сөз жоқ, Абай аудармасы мінсіз. Соның өзінде де осы өлең бізді дәл орыс аударманындай толқыта-тебіренге қоймайды. Неге? Негесі сол, біз жартасты, яғни мужской родағы «утес-ті» ер кісінің метафорасы ретінде соншалықты табиғи қабыл алмаймыз. Мұндай ойлау жүйесі бізге тән емес.

19-оқушы. Прозаны өлеңмен аудару үлгісін де Абай көрсетті. Лермонтовтың «Вадим» романының бірнеше таруларын өлеңмен аударған ақынның суреткерлік шалымдылығы, қаламгерлік қуаты айрып қалдырарлық. Өкініштісі, аударма бізге толық жетпеген, кейбіреуі аяқталмаған да болар? Роман былай басталады ғой: «День туман, лиловые облака, протягиваясь по западу, едва пропускали отражение тучи, которые отражались на черепицах башен». Ал суреттің көзқарасына қараңыз:

Батір күнге шымылдық-көк бұлт кең,  
Толқынды қызыл торғын өртпенен тен.  
Өткен дәурен секілді нұры жайнап,  
Артыңғы мұнараға береді рен.

20-оқушы. Ал нақпа-нақ дәлдікті іздесеніз, оны да табасыз Абайтан. «Приставьте себе мужчину, высокого, еще здорового, но с седыми волосами» – осы сөйлем өлеңмен былай өріледі:

Ерте келген, шашы бурыл тартқан,  
Бөлінің түсі оңып, нұры қайтқан. Ал «одетого в синее полушарфтанье с анненским крестом в петлице» деген сипаттаманың көзқарасын жыр нұсқасы мынандай:

Үлкен етік аяқта, көк пешпентті,  
Төмен кірес төсінде жарқ-жүрк етті...

21-оқушы. Мүсілім Базарбаев: «Қазақ поэзиясы көркемдік қасиеттік, бейне дәлдігі сипаттарына ие болғаны үшін Абай аудармаларына да қарыздар», - дейді.

Абайдың аудармашылық алыптығы Лермонтовтың сөздерінен бөлекше. Ақын қазақ поэзия тәржімесінің шыңға

шыққан шедеврлерін тап осы Лермонтовтың өлеңдерін аудару арқылы жасаған. Абай Пушкинмен жарыса сөйлесе, Лермонтовпен қосыла сөйлейді. Сөйтіп, қорыта келгенде айтарымыз Абай аударманы Лермонтовтан бастаған, Лермонтовпен аяқтаған. Ақын шығармашылығындағы жаңа белестің сол сексенінші жылдарда (Лермонтовтан аударманы 1882 жылы жасаған) бастау алатыны тегін емес. Абай өзінің шығармашылық өнері шарықтап, әбден кемеліне келіп тұрған шағында орыстың, Батыс пен Шығыстың әр замандағы белгілі ақындарына көп үнілген, олардың өз ойларына, дүниетанымына, белгілі бір сәттегі көңіл-күйіне үндестік тапқан» дей келіп, Жұмағали Ысмағұлов Абай өлеңдеріндегі Лермонтовтан ауысқан көркемдік кестелерді әлемі келтіреді. Абай өлеңдеріндегі: «Дүние ойдан шығады, / Өзімді өзім ұмытып» («Забываю вечность, небо, землю, / Самого себя»), «Ансаған шөлде су тапса, /Бас қоймай ма бастауға?» («Как в пустыне путник безотрадный / Каплю вод живых!») «Өмір тонын кигізіп, / Жоқты бар ғып жүргізер» («И в одежду жизни одевают /Все чего уж нет») деген сияқты жолдардың ақындық өнеріне нұсқан келмейтінін айтады. Мұғалім. 1970 жылы Алматыда ГДР-дан әдебиетшілер келіп, қазақ достары оларды тауға қыдыртады, сонда Т. Әбдірахманова «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңін тосыннан орындайды, таң қалған неміс достары өзінің өлеңі ме деп сұрағанда, Гетенің, Абайдың өлеңі дегенде таң-тамаша болады. Жазушы Қ. Исабасв 1949-55 жылдары жас офицер ретінде ГДР-да әскери міндетін атқарып жүреді. 25 жылдан кейін 1979 жылы июльде ГДР Жазушылар одағының шақыруымен қайта Германияға барады. Жай бармайды, Габельбах шыңына шығуды армандайды, Габельбах музейіне Абай тексімен «Ночная песнь странника» деп қашалған мәрмәр тақта мен әйгілі әнші Мағауия Кошкинбаевтың домбырамен орындауындағы магнитофон жазбасын ала барады. Мәтіннің жоғары жағында Алатау силуэтті фонымен жазылған мынадай жазу бар: «Гете. Вагнерс Нахтлид. 1780. Лермонтов. Горные вершины. 1840. Абай. Түнгі тау 1892».

Герольд Бельгер жайлы мәлімет. «Ана тілі» газеті 2004 жыл, 28-қазан, № 44. 1-6 беттер. Үш ұлттың төл перзенті 1934 жылы 28-қазанда Ресейдің Саратов облысындағы Энгельс шаһарында жарық дүние табалдырығын аттапты. 1953 жылы Солтүстік Қазақстан облысындағы сұлу Есіл жағасында орналасқан ауылда қазақ орта мектебін бітіреді. Одан кейін ҚазПИ-дің тіл-әдебиет факультетін тәмамдайды. 16 кітап, қазақ прозашыларының 200-ге жуық таңдаулы роман, повесть, әңгімелерін орыс, неміс тілдеріне аударыпты. Ол-

«Парнас» орденінің иегері, Президенттік Бейбітшілік пен рухани байланыстың да иегері.

Ноган Вольфганг Гете – (1749-1832) немістің ойшыл ақыны, «Вандерс Нахтлид» өлеңін Рейн өзенінің бойындағы Кикельхан тау бауырындағы шаруа үйінің есігіне 1780 жылы жазып кеткен екен. Кейін ақынның туыскандары өлеңді сол үйдің қабырғасына Тюринг облысының астына көшірткен екен. Міне екі ғасырдан астам уақыт бұл өлең дүние жүзі халықтарының аузында. Табиғаттың көрінісіне жиналған кішкене ғана өлең әуенділігімен, құдіретімен оқырманды қызықтырады. Және де басқа өлмес өлең туындыларын туғызуға тартып тидырады. Гетенің шығармашылығын зерттеуші Аникст бұл өлең тұрғысында былай пікір айтады: «Өлеңді алғашқы оқығанда өлеңтің оң бірден белгілі сияқты болып көрінеді, ал тереңінен түсініп отырып, өз сөздерге көп мағына сыйғызғанын көреміз. Ойлардың қызығуы, сезім мен әуеннің үйлесуі бір өлеңнің бойында сыйып тұр». Бір кезінде «Ертедегі Иллиаданың лирикасы» деген жинақтың авторы Готфрид Гете бұл өлеңді грек ақыны VII ғасырда өмір сүрген Алкманн аударған деген болжам айтады.

Орыстың ұлы ақыны Ю. М. Лермонтов (1814-1841) бұл өлеңді 1940 жылы «Отечественные записки» журналының № 7 санында аударған екен. Алғашқыда «Гетеден», ал кейін «Горные вершины» деген атпен атаған. Лермонтов «Гетеден» өлеңінің тек қана идеясы мен мәтін алып, өзінше өзгертіп, өлеңдегі жоқ сөздерді, образды мәтін өзінің төл туындысы дәрежесіне жеткізген. Гете өлеңінде қай қандай суреттегенін ашып айтпаса, Лермонтов аудармасында түннің қызығуына нақтылап, жай шындар емес, тау шындарын, орыстың аударып алып, құстың үнсіздігінің орнына «не дрожат листы» деген сөзді қосқан екен.

Абай 1892 жылы аударған екен. Аударма үстінде шабыттанбаған, бейбіттен рахаттанбаған, жүректің қанымен жазбаған адам ана тілде ұзақ жасайтын дүние тудыра алмайды. Абай бұл өлеңді осы кезімен аударған. Орыс өлеңі тоник, силлабо-тоник өлең құрылысына жатса, ал қазақ өлеңі силлаболық өлең құрылысына жатады. Абай өлеңінің буынын қазақша дәл беруге мүмкіндік болмаса да, оның жағынан жақын келетін өлеңмен, дәлме-дәл аударған. Бұл өлеңтің алғашқы жазған. Әнді Архам Ысқақұлының айтуынан 1935 жылы Алматы қаласында Латип Хамиди нотаға түсірген. Алғашқы таспаға Фәхридін Елебековтің орындауымен 1939 жылы жазылған.

## 2.4 Сабақтың тақырыбы: Ш. Құдайбердиевтің «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» дастандары

Мақсаты:

а) білімділік. Шәкәрім шығармаларымен танысу, салыстырмалы талдау жасата отырып, өз көзқарастарын білдіруге үйрету;

ә) тәрбиелік. Адамгершілікке тәрбиелеу;

б) дамытушылық. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыта отырып, эстетикалық сезімдерін ояту, тілдерін дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, өздігінен білім алуға баулу.

Әдістері: Мәтінмен жұмыс, пікір айту, сахналандырылған көрініс, әдеби-теориялық талдау.

Сабақтың түрлері: Үлгілей оқыту, білімдендіру технологиясы.

Стандарттың талабы: Поэмаларды толық оқу, үзінділерді жатқа білу.

Көрнекіліктер мен қосымша әдебиеттер: Шәкәрім шығармалары, өлеңдер жинағы, күйтабақ, буклет.

Сабақтың барысы:

I Оқушылардың Шәкәрім туралы білетіндерін еске түсіру. Ол үшін сыныпты 4 топқа бөліп жарыс-ойын ретінде сұрақ-тапсырма беру. 1-топқа. Шәкәрім кім? Ол туралы не білесіңдер? Қандай өлеңдер, дастандар жазған? Поэма кімнің ақыл-кеңесімен жазылған? Абайдың Шәкәрім шығармашылығына тигізген әсері. 2-топқа. «Қалқаман-Мамыр» поэмасында суреттелген кезеңдегі қазақ халқының тарихи жағдайы қандай еді? Ақынның бұл кезеңді алуында қандай сенсациялық мән бар? 3-топқа. Қалқаман мен Мамырдың жақындықтары қандай? Мәмбетей жағы Әнет бабаның шешімімен неге келіспеді? Екі жастың үйленуіне неге қарсы шықты? 4-топқа. Әнет баба Қалқаманды неге оққа байлады? Әнет бабаның Қалқаманды елге қайтарам деген тілегі неге орындалмады?

Осы тапсырмаларды орындап болған соң, музыкалық үзіліс ретінде ән орындалады. Шәкәрімнің «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек», Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әндері орындалады.

Кіріспе түсінік. Шәкәрім Құдайбердиев – бір жағынан лирикалық жырлар, философиялық толғаулар, сан қилы ғибрат, нақыл өлеңдер, «Қалқаман-Мамыр», «Ләйлі-Мәжнүн», «Нартайлақ-Айсұлу», «Еңлік-Кебек» секілді дастандар, «Әділ-Мария» атты көркем әңгіме жазып қалдырса, екінші жағынан, этика, дін, қазақ-қырғыз тарихы, тағы басқалар жайында тарихи, философиялық трактаттар жазып, ғылыми мәселелермен де көп шұғылданған ғалым-жазушы. Сөздің қыл-

қысқасы, ол өз заманында өнері мол, өресі кең, көп іздене білген, өте көрнекті, парасатты, білімді мәдениет қайраткерлерінің бірі болған.

Шәкәрім – Абайдың үлкен ағасы Құдайбердінің баласы, яғни немере інісі. Ол жеті жасында жетім қалып, кейінірек өзінен бір мүшел немере ағасы Абайдың тәрбиесінде өседі. Зерек-зейінді бала өнер-білімге, өрге ұмтылады. Ол тоғыз жасында мұсылманша хат ганып, өлең шығаруға да талпына бастайды. Бұған Абайдың тікелей ықпалы тигені сөзсіз. Ақынның баласы Ақаттың айтуынша, Шәкәрімнің өзі «Мені Абай тәрбиеледі, ол болмағанда менен кім шығатыны неғайбыл еді. Барыммен Абайға қарыздармын» дейді екен.

Қазақ өлеңінде Абай енгізген жаңалықтарды Шәкәрім де мольнан пайдаланады. Әсіресе, көлемді поэма жазуды көбірек машық етіп, ол Ақылбай, Мағауия, Әсет қолға ала бастаған романтикалық, реалистік дастан шығару ісін ілгері дамытты. Бұл ретте ақынның алғашқы поэмаларын «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебекті» атауға бөлар еді.

«Жалпы Абай шәкірттерінің ескі қазақ тұрмысынан жазылған поэмаларының ешқайсысы да тарихи шығарма емес. Жанрлық тұрғыдан алғанда, бірі-лиро-эпикалық жырға бейім, енді бірі-эпическі дастан, ал кейбірі-махаббат драмасы болып табылады», - дейді М. Мағауин. [2. 123б. ].

Шәкәрім он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында Абайдан бастау алған реалистік үлгідегі лириканың дамуына ғана үлес қосып қойған жоқ. Оның қаламынан көркемдік бояуы өзгеше «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» тәрізді эпикалық сипаттағы шығармалар да туды. Бұл қазақтың жазба әдебиетіндегі алғашқы поэмалардың заңды жалғасы еді. Осы үлгідегі тұңғыш поэмалар Абайдың «Ескендірі» мен «Масғұты» десек, одан кейінгі Ақылбай мен Мағауияның, Әсет пен Көкбайдың, Шәкәрімнің дастандары Абайдың ақындық ықпалымен, шығармашылық тәрбиесімен жазылған шығармалар еді. Өйтсе де Абайдың тілшілері өздерінің ұлы ұстаздарын немесе бірін-бірі қайталамады.

Олардың шығармашылықтарындағы өзіндік ерекшеліктер, көркемдік-стильдік даралық осыны аңғартады. Тіпті олардың шығармашылық бағыттарында да ә дегеннен-ақ айқындық байқалады. Ақылбай мен Мағауия, Әсеттер өзге жұрттар өмірінен алынған сюжеттер негізінде романтикалық дастандар жазса, Көкбай мен Шәкәрім өз поэмаларына қазақтың өткен өміріндегі оқиғаларды арқау етті.

Қазақстан Жазушылар одағында ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының творчествосына арналған теориялық-практикалық



конференцияда Шәкәрімнің дастандары туралы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын Тұманбай Молдағалиев баяндама жасады. Баяндамашы «Бала кезімде Есік қаласында бір базар бар еді, - деп бастады сөзін.

- Бір күні сол базардың кіре берісінде есек мінген қария қазақша бір хиссаны заулатып тұр екен. Өлең десе, құлағым елең ете қалатын мен қарияның жырын тындап тұрдым да қалдым. Мамыр қыздың Көкенай деген біреудің қолынан өлгеніне өкіндім. Зұлымдықтың жеңгеніне өкіндім. Оның жары Қалқаманның оққа байланғанын естіп жаным түршікті.

Садақтың қалың оғының арасынан аман кеткен Қалқаманның өзіне де, атына да алғыс айтты жүрегім...

Ұлы жүз Еділбайда нағашысы

Жөнелді соған қарай-Бұхар жаққа» дегенді естігенде Қалқаманның нағашысы жақсы кісі болды-ау деп ойладым. Онымен бірге Бұхар жаққа мен де тартып кеттім. Есімді жисам: көзімнің жасы бетімді жуып тұр екен. Алма жесем бе деген үш сомымды шалдың орамалына тастадым да, жөніме кеттім.

«Қалқаман-Мамырды» қан базарда зарлап, жырлап айтып тұрған кісі кім дейсіздер ғой? Кейін білдім: ашаршылық жылы Арқадан Жетісуға тағдыр айдап келген азамат екен. Мен кейін де әлгі базарға барып жүрдім. Бірақ шерлі жырдың айтушысын көре алмадым. Мүмкін «халық жауының» жырын неге айттың деп, керекті жеріне айдап кетті ме, кім біледі?

«Қалқаман-Мамырды» алғаш «Қазақ әдебиеті» газетінен оқыдық. Әттең, олпы-солпы жерлері бар екен-ау деп ойладым алғаш. Бұдан да әдемі, бұдан да көркем жазуға болар ма еді деп бір қойдым. Бірақ бұл жас Шәкәрімнің қолынан шыққан алғашқы дастан екеніне, дастанның қай үлгіде, қай дәстүрде жазылуға тиіс екеніне мән бермеген екем. «Еңлік-Кебек» - жаңағы дастаннан гөрі қабырғалылау, ақындық бояуы да қанық дастан. Бұл тұста ақындық көздің аясы да кең. Ақын өзі де есейген, жыры да тереңдей түскен. Кейін бағамдап түсінгенім: оның дастандары өмірге, махаббатқа деген өз көзқарасы, өз кредосы екен [3, б б.].

II Қалқаман-Мамыр» дастаны. Шәкәрім эпикалық поэзия жанрында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырды. Ақынның лирикалық поэзияда меңгерген көркемдік шеберлігі мен қол жеткізген жетістіктері оның поэмаларының табиғатынан да айқын көрінеді. Атап айтқанда, Шәкәрімнің лирикасына тән шыншыл суреткерлік, терең психологизм, әлеуметтік астар салмақтылығы, философиялық

ой-тұжырым кеңдігі оның «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» дастандарында барынша жарқырап көрінеді.

Әйгілі «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдарында қазақ халқы сахараның о жақ бұ жағынан біраз сапырылысқан ғой. Сол уақытта Тобықты елі осы күнгі Қызылорда облысындағы Шиелі өңірін мекендесе керек. Сонда аталған жерге Байбура дейтін Жоңғар ханы қорған салдырады. Қорған орны қазір де бар.

«Қалқаман-Мамыр» оқиғасы осы жерде 1721-1722 жылдар шамасында өткен. Қазақ халқының ертедегі салты бойынша жеті атаға толмай құда түсіп, қыз алыспағаны белгілі. Ал Қалқаман мен Мамырдың туыстық аралығы небары үш-төрт ата ғана екен. Шежіреге үгілсек: Тобықты - Рысбетек - Мұсабай - Сүйірбас - Сары. Сарыдан - Мәмбетей. Бұл екеуі - бәйбішеден. Екінші әйелінен - Кішік. Кішіктен - Әйтен, Әнет. Әйтеннің бәйбішесінен - Олжай. Екінші әйелінен - Байбөрі, Қалқаман. Мамыр қыз - Байғазының 15-16 жастағы жалғыз қызы.

Сол кезде Қалқаман да бозбала жігіт кезі. Ағасы Олжай - беделді адам. Мәмбетей елін - Байғазы, Кішікті - Олжай басқарған. Екеуі де Қалқаманның ағалары. Бұлар екі бөлек ауыл болғанмен, қойы қоралас, малы аралас жатады.

Қалқаман қыз айттырмай жүреді екен.

Мамырды жас кезінен біледі екен.

Ғашықтығын айта алмай іштен жанып,

Құрбымыз деп құр ойнап жүреді екен.

Мамыр жылқы бағалы күндіз барып,

Тымақ киіп қолына құрық алып.

Қалқаман Мамырменен малда жүріп,

Біраз сөз сөйлесіпті кез боп қалып, - дейді жырда.

Осы жағдайда жүріп Қалқаман Мамырды алып қашып, өз аулына бирады. Бұл жағдайды қыздың немере ағасы Көкенай естіп, Мамырды ойлап тастайды да, онан кейін:

Жақыным қызымды алды ұнамаймын,

Қорлыққа тартып алған шыдамаймын.

Егерде Қалақаманды өлтірмесе,

Ел болып Кішіктен бас құрамаймын, - деп Әнет бабаға кісі жіберіпті.

Әнет баба қысылып: «Шариғат екі немерені қосады, өлтіру дұрыс емес», - десе де Көкенай көнбейді. Ақырында Әнет баба: «Қалқаман жүйрік атпен жұрт алдынан шауып өтсін» дейді. Көкенай сонда: «Оқ тиіп ажалы болса өлер, аман кетсе дау жоқ» деп билік айтады. Соған екі жағы да тоқтасып, Қалқаман атпен шауып өткенде, садақ оғы



санын жеңіл жаралап, аман қалған. Сонан Қалқаман «Мамыр өлді, мені өлімге байлады», - деп өкпелеп, Елібай жеріндегі нағашылары Айқым-Шапырашты еліне кетіп қалған.

Бұл поэманың жанры – эпикалық-ғашықтық дастан. Тақырыбы– екі жастың махаббат драмасына құрылған. Идеясы – қоғамның әділетсіздігіне, ел билеушілердің озбырлығына қарсылық. Бабам айтты:

«Өлтірер жұмыс емес,  
Таспен атып өлтірмек бұл іс емес.  
Біреудің некелісін бұзбаған соң  
Қанына ортақ болу дұрыс емес.»

Өлең құрылысы – 11 буынды, қара өлең ұйқасымен жазылған.

Мысалы:

Мәм/бе/тей ө/сіп-өн/ді ба/ра-ба/ра, /а/  
Сол тап/тан бір бай шық/ты же/ке-да/ра. /а/  
Ол бай/дың он бес жа/сар қы/зы Ма/мыр. /ә/  
Ә/рі сұ/лу, ә/рі ес/ті, ер/кек-шо/ра. /а/

Поэтикалық тілі – суреттеу, баяндау, мінездеу, портрет, теңеу, эпитет, метафора.

Оны мынадай сызбамен көрсетуге болады.

р/с	Оқиға желісі	Оқиға өрісі	Поэтикалық тілі
1	Оқиға басталар алдындағы Жағдай	XVIII ғасырдың бас кезіндегі қазақтың Сыр бойында жүрген кезі	Суреттеу, баяндау, мінездеу
2	Байланыс. Оқиғаның басы	Оқиға болар алдындағы жағдай	Диалог, мінездеу, лепті, сұраулы сөйлемдер, эпитет, теңеу, метафора, баяндау
3	Байланыс. Оқиғаның ербуі.	Қалқаман мен Мамырдың байланысы	Диалог, портрет, мінездеу, баяндау
4	Оқиғаның шиеленісуі	Көкенай жағының талабы	Баяндау, диалог, портрет, мінездеу, теңеу, эпитет, метафора
5	Оқиғаның шарықтауы	Екі жасты өлтіруге шешім қабылдауы	Мінездеу, баяндау, суреттеу, монолог, диалог, портрет,

			теңеу, эпитет
6	Оқиғаның шешуі	Қалқаманның елден кетуі. Жоңғар шапқыншылығы	Баяндау

Қазақта **бастан** деген бір ырым бар, Мал сойып, жастар ойнап бір жиылар. Қалқаман бастан кыл деп қызға келді, Азар болса, бір тоқты шығын шығар. Бұл жерде бастан – ұлттық өрнек, яғни бастанғы деген ұғым. «Төбеден ұру»–идиома. Кеше білдім төбемнен ұрғандығын, Құдалықтың дап-дайын тұрғандығын... Ол байдың он бес жасар қызы Мамыр, Әрі сұлу, әрі есті, еркек шора–дегенде, автор Мамырдың еркек балаша киініп жүретіндігін, елден ерекшелігін, естілігін, сұлулығын баяндау арқылы жеткізеді.

Мамыр жылқы бағады күндіз барып,  
Тымақ киіп, қолына құрық алып... дегенде, Мамырдың портретін көрсеткен.

Бір соғыста қалмақты қазақ жеңіп,  
Тобықтының бәрі де тойға бармақ. Бұл жерде Тобықтының деген сөз арқылы метонимия жасалып тұр. (Тобықты руының адамдары). Жылы жүрек өзіне жар тапқандай,  
Тыншымады, тулады, жүз құбылды–деген жолдарда «жылы жүрек» – метафора.

Іші ыстық, сыртқы дене суық тартып,  
Салқын термен мөлдіреп нұрлы жүзі–деген жолдарда «салқын термен мөлдіреп нұрлы жүзі» –түгелдей эпитет.  
«Қалқаман мен Мамырдың дауындай» деп.

Мақал болып бұл елге сонан қалды–дегендегі екінші тармақ түгелдей теңеу болып тұр.

Шәкәрім – халық тарихынан, этникалық, этнографиялық шеректерден мол хабары бар ақын. Сол себепті де оның поэмаларындағы халықтық сахналар әрі нанымды, әрі көркем кестелі. Ол әсіресе, халық тілінің нәрлі бояуларын, мақал-мәтелдерді барынша ұтымды әрі молынан пайдаланып отырады. Ақынның қай дастанын қиыстырсақ та, оларда халық ойының мәйегі болып табылатын мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің молдығы көзге түседі. «Ас иесімен тартті», «Ел құлағы – елу», «Еркек тоқты – құрбандық», «Пәлседен миңшыйық та қашқан» деген сияқты толып жатқан тұрақты тіркестер ақын жырының кестесін әрлендіріп тұрғаны анық.

Шәкәрім – сөзді орайымен қолдануға айырықша көңіл бөлген. Оның поэмаларында сәтті теңеулер, метафоралар мол. Дыбыстық үндестіктің ассонанс, аллитерацияның небір үлгісі кездеседі. Мысалы:

Әнет бабан – Аргынның ел ағасы,

Әрі би, әрі молла ғұламасы – ассонанс, яғни бірыңғай дауысты дыбыстармен келсе,

Мәмбет сопы, Кішіктің шешесі бір,

Қатаған, Тұрсын ханның ханышасы... дегенде бірыңғай дауыссыз дыбыстар арқылы аллитерация болып тұр.

Сонымен қатар қарапайым сөзді тосын қырынан қолдану, бейнелі түрде жұмсау, оған астар бере сөйлеу – Шәкәрімнің ақындық шеберлігінің салмақты қыры. Мәселен, Шәкәрім Мамырдың ажал аузында тұрған кезінде оның аузына «Екі қан ауыр болар бір өзіне» деген сөз салу арқылы жаңашылдық мән беріп тұр.

Шәкәрім өз поэмаларында кейіпкерлердің портретін жасауға ден қоя бермеген. Шынында да Шәкәрімнің кейіпкерлері елден ерек сұлу не жұрттан асқан батыр ретінде суреттелмейді. Нақты портреттер де кездеспейді. Әйтсе де, оқырманның көз алдына олардың кескін-кейіптері айқын көрінгендей болары анық. Ол заңды да. Ақын өз қаһармандарының бүкіл портретін, ішкі жан дүниесінің сырларын нақты-нақты шағын детальдар арқылы мүсіндей жеткізеді. Аз сөзбен көп ой ұқтыру, нені болса түйіп айту – Шәкәрімге тән қасиет. Шәкәрім үшін бір-екі бейнелі сөз немесе тіркес қаһарманының ішкі-сыртқы портретін сомдауға жетіп жатыр. Атап айтқанда, Шәкәрім сомдаған «Он бес жасар Мамыр–әрі сұлу, әрі есті, еркек шора».

Төмендегідей тірек-сызба белгілері арқылы жырдың образдар жүйесіне талдау жасауға болады:

<i>Қалқаман</i>	- сүйгеніне қосылуды армандаған жас; - сөзге берік; - ел билеушілердің өктемдігіне қарсы; - намысқой, кісілігі күшті азамат.
<i>Мамыр</i>	- өз теңін іздеуші; - сөзге адал; - ескі заманның құрбаны.
<i>Әнет баба</i>	- ел ұйытқысы; - данагөй қария; - екі жасты қорғаушы; - надандықтың құрбаны;

	- тағдыры Абаймен ұқсас.
<i>Көкенай</i>	- батыр; - мінезі қатты кісі; - ескі салтты қорғаушы; - өркөкірек, асау қанды, салқын, сабырлы адам

**Көрініс.** Әнет баба ойланып отыр.

Олжай: О, қасиетіннен айналайын, Әнет бабам! Қапы қалдық.

Әнет: О, құдайым. Өзің сақтай гөр. Жүрісің суыт, не хабармен келдің?

Олжай: Қиын шаруа болып тұр. Балам, Қалқаман Мамырды алып қашып келді. Тобықты жақыннан қыз алмаушы еді. Нендей ақыл бересің, баба!

Әнет: О, құдайым! Бір сорға душар қылайын дегенің бе? Түнде бір жаман түс көріп едім. Неге жорырымды білмей отыр едім. О, тоба! Артының қайырын бере гөр, Алла. Қайран ерім Қалқаманым, қателесесің-ау. Бітіспейтін бір іске кез болдың-ау, балам. Көкенайдың мінезі қатал еді. Кешіре алар ма екен?

Сосын Олжайға: - Уа, Олжай, болар іс болды. Тобықтыға хабар қыл. Малды аямасын. Мәмбетейдің көмейін малмен тығындасын.

Олжай: Құп болады, баба! Айтқаныңды қалың Тобықтыға жеткіземін.

Осы көріністен кейін Әнет бабаға мінездеме береді, мінездемеге түсініктеме береді, Әнет бабаның Абайға ұқсастығын айтып кетуге болады. (Қодар мен Қамқаға араша болуы).

**Көрініс.** Қыз-келіншектермен Мамыр келе жатады.

Бірінші қыз: Мамыр-ау, ауылға да келіп қалдық. Мына қырдың иыты сенің ауылың.

Екінші қыз: Иә, ауылыңды да сағынған шығарсың.

Мамыр: Иә, сағындым ғой. Қайран менің туған ауылым. Самал желінді сағындым-ау. Жұпар аңқыған көк шөбінді сағындым.

Женгесі: О, жасаған, мына келе жатқан Еркежаным ба? Құдай-ау сені де көретін күн болады екен-ау!

Мамыр: Иә, жеңеше, туған жердің қадірін ұзатылған қыз білмегенде кім білсін. Сағындық қой, туған жердің қасиетті топырағын.

Женгесі: Иә, қарағым-ай! Қайтсін-ай енді! Жүре ғой, қарғам, үй жіпке.

Сол кезде кара киімді Көкенай шығады.

- Әй, қойшы бала, анау келе жатқан топ кімдер? Айт, жаныңның барында.

Қойшы: Ол Мамыр көкем ғой, төркіндеп келе жатқан.

Көкенай: Аһ, жүзіқара! Ұялмай ауылға келе жатқанын қара. Сенің құның бір оқ қана. Әй, ессіз, малғұндар. Былай кетіңдер, ана жүзіқараның қасынан. Былай тұрыңдар, егер өлгілерін келмесе. Қазір атамын, атаңа нәлет, жүзіқараны! (Мамыр жүрегін ұстап құлайды).

Мамыр: О, Алла жаным! Көкенай, қарғамаймын сені. Ақтық сөзімді тыңда. Менің ісім ақ. Жазығым тек Қалқаманды сүйгенім. Сенен өлер алдындағы ақтық тілегім. Қалқаманды өлтіре көрме. Обалына қалма жазықсыз жанның. Мойнына бір қан жүктегенің жетер. Өлтіре көрме Қалқаманды. Қалқаман, кош, аман бол! (Сахна жабылады) Бұл жерде де ойландыру сұрақтарымен Көкенайға мінездеме бергіземіз.

Оқушылардың тіл байлығын арттыру, ой-өрістерін дамыту мақсатында кейіпкерлер туралы өз пікірлерін ашық айтқызу, пікірталас ұйымдастыру қажет. Осы тұрғыда төмендегідей сұрақтар топтамасын жасауға болады:

### 1. Қалқаман мен Мамырдың қосылғаны дұрыс па, бұрыс па?

Жақтаушы топ. Иә, мен Қалқаман мен Мамырдың қосылғаны дұрыс деймін. Олар – адал махаббат иелері. Бірін-бірі қатты сүйеді. Мамыр өлер алдында да өзінің Қалқаманға деген махаббатын дәлелдеп кетті. Өзі өлсе де Қалқаманның тірі қалуын армандады, бақыт тіледі. Сондықтан мен екеуінің қосылғанын дұрыс деп ойлаймын.

Даттаушы топ. Жоқ, бұл пікірге қосыла алмаймын. Олар бірін-бірі ұнатса да, сезімді ақылға жеңдіру керек еді. Өйткені, олар, біріншіден, ата салтын бұзды. Ол кезде ата салтын орындамай, бата бұзған адамды жазалаған. Екіншіден, олар өзара ағайынды, туыс адамның балалары. Сондықтан олар қазақта жеті атаға қыз алмау деген қағиданы, заңды бұзды. Сондықтан ата-дәстүрін бұзып отырған екеуін айыптаймын.

**Дәйектеме:** Қалқаман мен Мамырдың қосылуы дұрыс емес, өйткені олар – өзара туыстас адамдар.

### 2. Көкенай әрекетін қалай бағалайсыңдар? Жырда Көкенай батыр деп суреттеледі, оның батырлық әрекеті жырда көріне ме?

Жақтаушы топ: Ерте кезде кінәлы адамдарды айыптайтын арнаулы заң орындары болмаған. Жазасын өтеу үшін жататын түрмелер де болмаған. Сондықтан ел билеуші адамдар, яғни әр рудың Әнет сияқты көсемдері далалық сот жасап, өздерінше үкім шығарып отырған. Көкенай – өз заманының салт-дәстүрін берік ұстаған адам.

Сондықтан оның Мамырды, Қалқаманды жазалауы дұрыс деп ойлаймын.

Жауап: Көкенайдың әрекетін тағы басқа рулас адамдар тегіс жақтады. Мысалы жырда мынадай өлең жолдары бар.

Тобықты осы сөзге қак бөлініп,

Болысты Мәмбетейге Қанжығалы.

Сондықтан Көкенай Мамырды жазаламаса, келешекте тағы туысқан адамдар қосылып қоюы мүмкін еді. Сондықтан болашақта жастарға сабақ болсын деп осындай қатыгездікке барды деп ойлаймын.

Даттаушы топ. Көкенай – өз заманының қатыгез адамы. Ол екі жастың арасындағы тікенек сияқты. Бірін-бірі ұнатқан екі жастың обалына қалды. Мамыр да, Қалқаман да өлім жазасына кесетіндей ештеңе бүлдірген жоқ. Олар – адал махаббат иелері. Оған дәлел Қалқаманның мына сөзі:

Мамыр-ау, айтып тұрсың әлденені,

Шаригат қосады екен немерені.

Қайғы ойлап жаман ырым айта берме,

Алансыз сүйген болсаң анық мені.

Осындай бір-біріне үздіккен екі ғашықты айырған Көкенай әрекетін мен айыптаймын. Көкенай – ескі салт-сананың адамы, ол оқымаған қараңғы адам.

Жауап:

Мамыр айтты: Мен сенсіз тірі тұрман,

Үш қайырдым сөзіңді мен антұрған,

Бір құдайға сыйынып ал да жөнел,

Жолыңда өлсем разымын, жаным құрбан, - деп Қалқаманға деген жүрегінің ыстық ықыласын білдірген адал махаббат иесі.

Жауап: Жырда Көкенай батыр деп аталады. Бірақ оның батырлығы ешқандай эпизодта жоқ. Мылтықсыз, қарусыз қыз, жігітті өлтіру – батырлық емес. Ол – барып тұрған қорқақтық. Адал, ұлы махаббаттан қорыққан деп түсінемін.

**Дәйектеме:** Көкенайдың әрекеті дұрыс.

### 3. Қалқаманның ел ортасынан кеткені дұрыс па, теріс пе?

Жақтаушы топ. Қалқаман қазақ халқының сол кездегі салт-дәстүрін бұзды. Біріншіден, Мамырдың атастырылып қойған жерінің битасын бұзды. Екіншіден, өзімен жақын туысқан адамның қызып отырғанды. Сондықтан ел бірлігі бұзылды, дау-жанжал көбейді. Осы себептен Қалқаманның көзге күйік болмай, алысқа кеткені дұрыс.

Жауап: Қалқаман өзін оққа байлап берген туысқандарын кешіре алмады. Елінде жүрген соң Мамырдың қайғысын да ұмыта алмады. Сондықтан ел ішінен кеткені дұрыс деймін.

Даттаушы топ: Мен Қалқаманның елден кетуін қаламаймын. Туыстары, Өнет баба ол үшін қатты қиналды. Оны өлім жазасына кескен – Мәмбетейлер. Сондықтан жекпе-жекте аман қалған соң, елінде қалуы керек еді.

Жауап: Қалқаман елден безіп, өзінің күйректігін көрсетті. Оны елден ешкім қуған жоқ. Ол өкпелесе тек Көкенайға ғана өкпелеуі керек еді. Елде жүріп Көкенайға қарсы күш көрсетуі керек еді. Мамырды шын жүрегімен сүйетінін дәлелдеп, оның есімін ардақтап өтуі керек еді. Өзінің адал махаббат иесі екенін дәлелдеп, өзі үшін өліп кеткен Мамырға ұмытылмастай етіп ескерткіш мұнара орнатуы керек еді. Мысалы Айша бибіге ескерткіш орнатқан Қарахан батыр сияқты. Сондықтан оның елден кеткені дұрыс емес.

**Қорытынды:** Әрқайсыларымыз пікір таластырдық, бәрі де орынды. Шәкәрімнің мақсаты—өз заманының қатан қағидасына наразылықты білдіру. Ол заман әйел затын қор еткен, бұғауда ұстап, малға сатқан, сондықтан еркіндікке ұмтылған екі жастың жүрек қалауын мақсат ете білген, адал махаббатқа жүгіндіре білген. Ал, Көкенай – өз заманының заңын бұлжытпай орындайтын, одан басқа білімі жоқ, дөңайбат ел ағасы. Шаш ал десе, бас алатын қатал, қатыгез. Егер оның ең құрмаса діни сауаты болса, адам қанын мойнына жүктемес еді. Қалқаманның Мамырдың басына ескерткіш орнатуына келсек, дұрыс пікір.

Басты мақсат – Қалқаман-Мамыр оқиғасынан ғибрат алу. Сабактан алар тәлім: Ата салтын аттауға да болмас, Жүрек қалауын тастауға да болмас.

**Үйге тапсырма:** Шығарма, ойтолғау, хат жазу. «Егер мен Қалқаман болсам...».

**III. «Еңлік-Кебек» дастаны.** Шәкәрімнің эпикалық поэзия жанрында жазған ендігі бір елеулі туындысы «Еңлік-Кебек» дастаны. Жанрлық жағынан алғанда бұл әлеуметтік дастан. «Қалқаман-Мамыр» поэмасынан кейін жазылған.

Қалқаман мен Мамырды жаздым бұрын,

Оқығандар байқадың оның сырын.

Енді айтамын Еңлік пен Кебек сөзін,

Тағы сынап көріңіз мұның түрін, - дейді Шәкәрім кіріспе бөлімінде.

Шәкәрім поэманың кіріспесінде-ақ сол кездегі жер дауынан хабар береді. Шөбі шүйгін, шұрайлы өңір Шыңғыстауға таласқан Тобықты

мен Матай арасындағы дау бой көтереді. Қырды алып, бөктерге таласса да, кейде жау болып, кейде бітіссе де, Тобықтының есі-дерті Шыңғыста. Алайда бұл өңірге бұрын-ақ келіп орныққан Матайлар да өздігінен жерді бере қойсын ба?!

«Еңлік-Кебек»—Абайдың көзі тірісінде, оның тікелей шығармашылық басшылығымен жазылған шығарма.

Шәкәрімнің «Еңлік-Кебегі» - көркемдік жағынан болсын, идеялық нысаналығы жағынан болсын елеулі туынды. Поэма оқиға өткен кезеңінің нақты деректерін таныстырудан басталады. Шәкәрімнің айтуынша, оқиға ХҮІІІ ғасырдың 80-жылдары шамасында Шыңғыстауда өткен. Бір қарағанда, поэмадағы оқиғалардың ұзын-ырғасы «Қалқаман-Мамыр» дастанындағы оқиғаларға ұқсас болып көрінгенмен, мұндағы әлеуметтік астар одан әлдеқайда терең.

Дастанның сюжеттік арқауы Еңлік пен Кебектің басындағы махаббат трагедиясы болғанмен, ақын сол кезеңдегі заман сипатына, ел ішіндегі әлеуметтік жағдайларға, қоғамдық қайшылықтарға ерекше назар аударады. «Еңлік-Кебекте» тікелей ел мен ел, қауым мен қауым арасындағы дау бар. Шәкәрім ақындығының поэтикалық шеберлігі де, ақындық позициясы да осыған орай айқындала түседі.

Кейіпкерлер образын жасауда Шәкәрім бұл поэмада да сыртқы портрет жайына көңіл бөлмейді. «Еңлік-Кебекте» сұлу қыздың пажайып бейнесі де, батыр жігіттің елден ерек тұлғасы да жоқ. Поэманың бас қаһармандары – Еңлік пен Кебектің портреттері бір-екі ауыз сөзбен қысқа деталь арқылы ғана беріледі. Әйтсе де, бір қарағанда елеусіздеу көрінер сол детальдардың өзінен қыз бен жігіттің бүкіл болмыс-бітіміндегі өзіндік ерекше қасиеттер шаң беріп жатады. Атап айтқанда, Нысан абыздың аузымен айтылатын «Биік қыбақ сұрлау қыз» деген жалғыз-ақ сипаттама Еңліктің бойындағы өрлік пен тәкаппарлықты, қайсар мінезді танытады. Оқиға барысы бұл болжамды ақиқатқа айналдырады. Ал Кебек батырды Шәкәрім былай таныстырады:

Он бесінде Кебектің аты шықты,

Атты, жаяу бәріне бірдей мықты.

Көзі өткір, кара торы жігіт екен,

Орта бойлы, тапалдау, кең иықты,

Ел қамы үшін өлуге жанын салып,

Соғыс десе тұрмайды қойса байлап.

Жауға батыл, жақынға және әдепті,

Кішіні іні, үлкенді ағатайлап.

Кебектің бүкіл сыртқы келбеті де, мінез-құлқы да, батылдығы да осында сыйдырылған. Бұдан әрі ақын Кебектің портретіне оралмайды, батырдың барлық қасиеті «Көзі өткір», «кең иықты» деген қысқа теңеулермен шектелген. Алайда, зер сала қарағанда оның өр мінезін, батыр тұлғасын, өжеттігін жеткізуде осы шағын портреттік детальдың өзі-ақ өлшеусіз рөл атқарып тұр.

Кебекті сипаттауда «жасы бала болса да, жаны отты» деген бір қарағанда қарапайым тіркестерді қолданады. Осындағы «отты жан» тіркесі бейнелі образдылығына қоса, жаңашылдық мәнге ие болып тұр. Сондай-ақ «Еңлік-Кебектегі» «Ей, Кебей, сұңқар қалай, тауық қалай?» деген бейнелі жұмбақтың астарында қаншалықты көркем образ жатқанын аңғару да қиын емес.

Кебек бойындағы батырлық пен қайсар мінез Еңлікпен алғаш танысып аттанардағы эпизодта айқын көрінеді. Танертең жолға шығар алдында қара жартасқа бір, Еңлікке бір қарап тұрып Кебек Нысан абыздың сақтандыра айтқан сөздерін еске алады.

«Япырау! Әлде сайтан, әлде жын ба,  
Кім бастап алып келді мені мұнда!  
Осы көрген түсім бе, иә өнім бе,  
Қалжыраған бақсының сөзі шын ба?  
Біржолата кім тұрар бұл дүниеде,  
Өлім көрмей қоя ма туған пенде.  
Қарап жүріп қаңғырып босқа өлгенше,

Еңлік үшін өлгеннің қапысы не!...» деп алғашқыда дал болады да, келе-келе екіұдай күдік біртіндеп сенімге, берік байламға айнала береді. Ендігі жерде Кебек Еңлік үшін бас байлаған, бірі өз сезімін аяқасты етіп, бүкіл адамгершілік қасиеттен аттататын, бірі адал махаббат жолында құрбандыққа шалдыратын екі жолдың ішіндегі ең ауырын таңдаған қайсар жан бейнесінде көрінеді. Басқа түскен нақты жағдай Кебекті жасытпайды, қайта ширата түседі. Осындай ішкі рухани батырлық, адамгершілік тазалықтан туған қайсарлық соңғы сәтке дейін Кебектің бойынан көрініп отырады. Поэманың соңында:

Еңлік түртіп оятты Кебек ерді,  
Атқа қарғып мінгенше жау да келді.  
Күрең атқа мінгесіп жөнелгенде,  
Баласы бесігімен қала берді.  
Баласын бір Матай кеп қолына алды,  
Кебек кашты, жабылып жау да салды.  
Қозыкүрең жартастан қарғығанда,

Ауып кетіп, Еңлік қыз түсіп қалды, - деген жолдардан, жан жирын тастап қашпай, қайта не көрсем де бірге болайын деген

шешіммен дұшпан қолына өзі келіп түсуінде де осы мінездің ұшқыны жатыр.

«Еңлік – Кебектің» аса құнды қасиетінің бірі – қаһармандардың жан-жақтылығы, - дейді Р. Нұрғали. Осындай күрделі де жан-жақты бейненің бірі – Еңлік. Ақынның суреттеуінше, ол – биік қабақ сұрлау қыз ғана. Ал Мағауия болса өз поэмасында Еңлікті былайша сипаттайды:

Биік қабақ, ақ сұрлау, қара қасты,  
Тік маңдай, толық жүзді, қолаң шашты.  
Қарауында бір түрлі терендік бар,  
Сынап байқап қалатын жеңіл жасты.

Шәкәрім поэмасындағы бір өзгешелік – мұндағы суреттеуде қыз бойынан ерлік те, қайсарлық та байқалмайды. Мұнда сыртқы сұлулық шебер өрілген. Мағауия дастанындағы сұлу қыздың көркіне киімі сай болса, ал Шәкәрім мұндай суреттеуге бармайды. Бір ауыз сөзбен Еңліктің көркі мен мінезін тұспалдайды да, қыздың бойындағы қасиеттерді іс-әрекет, қарым-қатынас үстінде, монолог пен диалог арқылы жеткізеді. Өз кейіпкерлерінің образын оқиға барысында, тартыс үстінде сомдауға ұмтылады.

Мағауияның дастанында бірінші болып жігіт қызға көңіл білдірсе, Шәкәрімнің поэмасында Кебекті Еңлік оятады:

- Ай, батыр! Сен жатырсың ұйқың қанбай,  
Мен жүрген бір сорлымын бағым жанбай.

Көрінгенге көз сүзген көрсеқызар,

Әдепсіз қыз дейсің-ау әлдеқандай, - деп өз кінәсын мойындай тіл катады ол Кебекке. Қыз бала қанша өжет, қанша тәкаппар болса да әдеп алдында, халықтық этика алдында нәзік те шарасыз екенін сездіреді. Еңлік салт-сана алдында өзінің шарасыздығын білсе де, ол күр егіле бермейді, өзінің оған көне алмайтынын сездіреді. Оның жан дүниесінде алапат дауылмен қатар ерекше нәзік сезім, соған жетемін деген үміт бар. Еңлік осы қасиетін ешқашан жоғалтпайды. Сол қасиеті арқылы, өзінің бүкіл болмысымен ол қазақ даласында А. С. Пушкиннің әйгілі Татьянасының мінез-қылығын қайталаушы ретінде көрінеді. Татьянаның хат жазып, Онегинге өзінің ғашықтық сырын ашуы мен Еңліктің Кебекке өзі барып тілдесуінің арасында қаншама үндестік, қаншалықты нәзік байланыс жатыр! Сол жолда екеуі де неге болса да даяр, шын махаббат жолындағы мұңлықтар. Сол себепті де Шәкәрімнің Еңлігі – қазақ даласындағы Татьяна деуге лайық кейіпкер, таза махаббаттың символы.

Сонымен қатар Шәкәрімнің Еңлігі – ақылды да талғамды жан. Кебекке шерткен мұңның аяғы ойлы толғамдарға ұласады. Бұл арада

Еңліктің әйтеуір сүйгенінің етегінен ұстасам деген албырттығы емес, әр нәрсені де ақыл таразысына салып екшей қарайтын ақылдылығы жарқырай көрінеді. Өзіне көңіл аударып жүргендердің аз еместігін Еңлік біледі. Алайда Еңліктің өресі ол үміткерлердің деңгейінен әлдеқайда биік:

Көп жігіт жүр сыртымнан қылып кеңес,

Мен ұнасам, алмаймын сені демес.

Солардың біреуімен кетер едім,

Байқаймын, бәрі менің теңім емес, - дейді ол ағынан жарыла. Бұл Еңліктің жүрекке жарды шындығы. Көрінгенге бас имес тәкаппарлығы да, жақсы мен жаманды тап басып танытын талғампаздығы да жатыр мұнла. Кебекті ғана ол өзіне тең санап тіл қатады.

Ендігі сәтте Кебектің басына сын туады. Қыз сөзіне елтіп бас шұлғыған да, кесімді қарсылық айтқан да жоқ. Сабыр мен ақылын басшы етіп көп ойланады. Ақыры қызды сынамақ ниетке тоқталады. Сөйтіп Кебек те қызға «күйеуің ертен-ақ адам санатына қосылар, әзірше аз күн ойын-сауық құрайық» деген тілегін айтады. Алайда Еңлік өзінің шынайы махаббаттын, ар тазалығының құлы екенін айтудан қайтпайды:

Өйтпін уағда бермесен, әуре етпе,

Тең көрмесен телміртіп, тентіретпе.

Қайда барсаң обалым жібермейді,

Бірақ осы сөзімді ұмытып кетпе! - деп тоқ етер тоқтамын айтады.

Оның іздегені аз күндік алданыш емес, адал да мәңгілік махаббат. «Қайда барсаң обалым жібермейді» деген сөз арқылы Еңлік өзінің соңғы байламын айтады. Осы тіркес сонымен бірге поэмада көркемдік міндет те атқарып тұр. Бұл арада ақынның ақындық шеберлігінің бір қыры аңғарылады.

Еңліктің характерін аша түсетін ендігі бір эпизод – поэманың шешімі айқындалар тұс. Арманда қалған гашықтар қолға түседі. Кебек екеуі байлаулы. Көптің үкімі де дайын: өлім! Міне осы сәтте Еңліктің тәкаппар үні естіледі:

Кебекпен мені азғана арыздастыр,

Өлген соң бірге қосып таспен бастыр.

Мына бала—Тобықты баласы ғой,

Мұны өлтірме, Кенгірбай биге тапсыр, - деген соңғы үш тілегін айтады.

Шәкәрім дастанының Мағауия поэмасынан бір ерекшелігі де осы тұста байқалады. Мағауияда трагедияның түйіні шешілер сәт сәл босандау. Ал Шәкәрімнің Еңлігі поэмада сүйген жары мен перзентіне деген махаббатын ту етіп көтерген қайсар қалыпта көз жұмады.

Поэманың бас кезінде көрінетін Нысан абыз бейнесі де – шығарманың идеялық мақсатын ашуда елеулі орны бар образ. Ол – әлдеқандай бір тылсым күштің ғана емес, ақыл мен көрегендік қасиеттің де иесі. Шәкәрімнің сипаттауында, ол шын бақсы, айтқаны айнымай келетін құдіретті жан. Осынау құдіретті абыз Кебек алдына келгенде қарапайым пенделік қалыпка түсіп, аса бір мейірбандық танытады. Кенет Нысан абыздың ғажайып бейнесі жарқ етеді:

Мұңлы қоңыр даусы шықса зарлап,

Ықтиярсыз кетеді бой шымырлап.

А, дейді де тындайды анда-санда,

Құлағына кеткендей жын сыбырлап.

Екі көзін қан жауып, өңі қашып,

Сұп-сұр болып, алартып көзін ашып.

Шүлдір-шүлдір сөйлесіп жыныменен,

Өзін-өзі тоқтатты әзер басып.

Осылайша жынын шақырған аркалы абыз Кебекке өз болжамын айтады. Нысан абыз образын тұлғаландырып тұрған да осы эпизод. Абыз аузынан шыққан «ажалың биік қабақ сұрлау қыздан» деген сөз бүкіл поэмаға трагедиялық сипат мензеп тұрғандай, алдағы шытырман оқиғалардан хабар бергендей.

Тұтастай алғанда, Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмалары жеке адамдар басындағы трагедияны бүкіл халық басындағы трагедияның бір көрінісі ретінде суреттеген реалистік сипаттағы шығармалар екені анық.

Дастанның негізгі арқауы – махаббат драмасы. Шәкәрімнің қай дастаны болмасын оптимистік рухта аяқталады. Атап айтқанда, «Қалқаман-Мамыр» Қалқаманның ажал оғынан аман қалып, алыс елде от ұрпағын жалғастырғанын баяндаумен бітсе, «Еңлік-Кебектің» соңында да қос мұңлықтың артында шырылдаған сәби қалады. Сәби – өмірдің жалғасы, тіршілік дамуындағы үздіксіздіктің белгісі.

Өңгіме философиялық толғаумен басталып (алғашқы төрт шумақ), он бесінші шумақта шежіре басталады. «Еңлік-Кебек» эпосындағы екінші шумақта «Жасы бала болса да, жаны отты деп» дегендегі «жаны отты» - күрделі эпитет. «Сақтықта қорлық жүрмес» - аяқш, «шымбайына бату» - идиома, «аңғал батыр» – эпитет, «нышан жоқ бет-аузында сақал-мұрттан» - ирония, « жақсы әйел жаман ерді түсетпей ме?» - мақал, «Оттан қашып кірсем де терең суға?» - күрделі метафора, «қайтіп разы боламын берген уға?» - метафора, «сұңқар қалай, тауық қалай?» - синекдоха, «елтіген бөрідей боп жеген уға?» - тәпсеу.

Сөйтіп, ақын поэманы өзінің өсиетімен аяқтайды. Екі поэманың да тілі таза, көркем. Сол кезде топ-топ болып шығып жатқан кисса-хикаяттардың бұл поэмаларға тигізген әсері, кесірілі салқыны байқалмайды. Дарынды ақын қазақтың халық тілінің мол байлығын, өрнек-әшекейін кең пайдаланумен қатар, Ыбырай, Абай негізін қалаған жазба әдебиеттің дәстүрін де кемел меңгергенін танытады.

Поэмада әр түрлі дәрежеде халық өкілдерінің бейнесі де танылады. Олар көбінесе ғашық жандарға жанашыр, тілеулес болып көрінеді. Халық бейнесі де күрделі. Ол – жақсылықтың да, жамандықтың да шығар ортасы. Жалпы трагедиялық халді, шытырман оқиғаларды баяндау үстінде халық бейнесі арқылы қоғамдық психологияны бейнелеу, жеке адам басындағы ахуалды халық табиғатымен байланыстыру – Шәкәрімнің ақындық шеберлігінің бір сипаты. Біздің ойымызша, бұл поэмалардың оқушы қауымға оқуға тілі жатық, түсінуге оңай. Шәкәрім бұлардан басқа «Нартайлақ-Айсұлу», «Ләйлі-Мәжнүн» т.б. поэмалар жазған.

Үйге тапсырма: «Енлік-Кебек» дастанын үлгілеу технологиясы бойынша сызбаға түсіру.

## 2.5 Сабақтың тақырыбы: Жамбыл Жабаев – екі ғасыр куәгері

Мақсаты:

а) білімдік. Оқушылар екі ғасыр куәгері болған Жамбыл Жабаевтың өмір жолы, жас шағынан көрген қиыншылықтары дәуір-қоғам-өмір ақиқаты автор арасындағы байланыс арқылы қалай берілгенін дәлелдеу, шығармаларының тақырыптары, оның мәнін ұлылар үндестігі тұрғысынан ашу, ақын шығармаларындағы тіл шеберлігін, туындыларының құндылығы жөнінде қандай әсер алғандарын қосымша әдебиеттер мен зерттеу еңбектерін пайдалана отырып, пайымдай біледі;

ә) тәрбиелік. Түрлі ситуацияда жол таба алтын тапқыр, білімін тәжірибеде орынды қолдана алатын білікті және ширақ, заман талабына сай ұшқыр ойлы, талапты, ұлтжанды рухани дүниесі мол азамат тәрбиелеу;

б) дамытушылық немесе интеллектуалдық. Жаңа сабақты меңгеруде туындаған проблемалық жағдаятты шешуде танымдық-шығармашылық қабілеттері мен логикалық ойлау, оны көркем тілмен жеткізу дағдыларын дамытады.

Міндеттер: Оқушылар сабақтың мақсатын қоя білуге, сол мақсатқа қалай жету керектігін, зерттеу нысанын анықтап, оның

жоспарын, жобасын үлгіге салып, өзіндік белсенділігін оятуы керек. Сабақтың міндеттері орындалатын тапсырмалар жүйесі екенін, проблемалық жағдаят өзіндік ізденуді, қайшылықтарды шешуді қажет ететін міндеттерді туғызатынын, ол оқу материалының мазмұны мен құрылымына байланысты, білім менгеру әрекетінің алгоритміне тәуелді екенін түсіну.

Әдіс-тәсілдер: Зерттеу, іздену, қисынды талдау, жаттау, жобаны қорғау.

Оқу әрекетінің ұйымдастыру формасы: дербес, жұппен, топпен.

Сабақтың түрі (технологиясы): Үлгілей жобалау технологиясы.

Жабдықтау, ақпараттың негізгі көзі: Электрондық оқулық, күйтабак, қосымша әдебиеттер, зерттеу еңбектер, интернеттен алынған материалдар, альбом, буклет, слайд.

Сабақтың өзектілігі: тірек білімдер (деректер), газет-журнал материалдары, зерттеу еңбектер мен пікірлер; оқушылардың өз бетінше шығармашылық жұмыс түрлері: айтыс, слайд жасау, өлеңдерінің шығу тарихын іздестіру.


Пәнаралық байланыс: Тарих. ҰОС жылдарындағы Жетісу өңірінің хал-жағдайы. Бейнелеу өнері, ән-музыка.

Өмірмен байланыс: Қазіргі ақындар айтысы туралы оқушылардың көзқарасы.

Сабақтың кәсіби бағыттылығы: Болашақ ақындар мен мұғалім боламын деушілерді айтыс өнеріне, шешендік тіл өнеріне баулу.

Сабақтың барысы: Мұғалімнің проблеманы көрсетуін қажет етпей-ақ оқушылар өздігінен проблема құрып, оны шешудің тәсілдері мен зерттеу жолдарын білетін болуы қажет. Сондықтан бүкіл оқу-танымдық әрекеттің белсенділігі мен табыстылығы төмендегі жоба-үлгі бойынша істелетін тапсырмаларға байлануы шарт.

Оқушылар алдын-ала ақын туралы мәліметтер жинастырады, оны үлгілей оқыту технологиясы бойынша модульге салып келеді. Сол бойынша сабақта қорғайды.



Жаңа сабақты меңгеру үш кезеңмен өтеді және олар өзара тығыз байланыста болады. 1-кезең:

- проблеманы шығару;
- электрондық оқулықпен жұмыс;

- сабақтың тақырыбын, мақсатын белгілеу;
- эпиграф таңдау.
- 2 – кезең:
- модель қорғау;
- проблемалық жағдаяттан шығу;
- өткен сыныптағы оқығандарын еске түсіру, жаңа материалмен байланыстыру;
- акынның айтыстары, халықтар достығы туралы жырларына тоқталу;

- Ұлы Отан соғысы тақырыбын жырлауы;
- Жамбыл және тәуелсіз Қазақстан.
- 3 – кезең:
- оқушылардың шығармашылық жұмыстары;
- сабақты бекіту;
- қорытынды пікір.

Ең алдымен үлгілей жобалау технологиясы бойынша сызбаға түсіру. Сол сызба бойынша талдау.

#### I Проблеманы шығару кезеңі.

1. Электрондық оқулықтан Жамбыл Жабаев туралы мәлімет тыңдату.

2. Оқушылардың көмегімен сабақтың тақырыбын белгілеп, оны интербелсенді тактада жазу, сонан соң 8 бағытқа бөліп, әдеттегідей сол бағыттарға тақырып қою.

3. Сабақтың мақсатын белгілеу. Оқушылар айтады. Ықтимал жауаптар: Жамбыл туралы орта буын сыныптарда оқыған шығармаларды еске түсіре отырып, білімдерін онан әрі тереңдету. Өмірінің ең соңғы 10 жылында бүкіл дүние таныған атак алуы – Феномен. Сирек кездесетін себебін осы күнге дейін ғылым таба алмай қойған сырын түсіну. 90 мен 100 жастың арасында ақындық дарынының шарықтауы – дүние жүзі даналарының өмірінен кездеспеуі. Ақынның толық жетпеген шығармаларының сырын аша отырып, ұрпақтарына қалдырған мол мұрасын зерттеу, сөйтіп Жамбыл ақын бойындағы асыл қасиеттерден үлгі алу.

4. Сабақтың эпиграфы. Тәжіктің әйгілі ақыны Мырза Турсун-Заденің сөзі. Рефлексия. Оқушылар «Жамбыл деген жай атым, халық – менің шын атым» - деп халқын құрметтеген ақиқат ақын екенін, қазақ халқының болашақ игілігі үшін әділетсіздік пен екіжүзділік, қаталдық пен қастандыққа қажымай күрес жүргізген сыншыл, реалист ақын ретінде әр кез халқының атынан сөйлеп, соның мұңын мұңдап, жоғын жоқтай білгенін айтады.

#### II Модель қорғау кезеңі.

1. Оқушылардың орта буын сыныпта оқыған шығармаларына шолу. Күйтабақтан «Амангелді тойына» өлеңін тыңдату.

2. Жетісу өңірінің тарихи жағдайы жайлы қысқаша мәлімет. Сонан кейін іле ақынның жастық шағында шығарған «Шағым» өлеңі арқылы өмірі мен ақындыққа бет бұруын тілге тиек ету. Сүйінбай Аронұлының Жамбылға берген батасы, ұстаз бен шәкірттің өзара байланысы. «Кедей күйі», «Мәнке туралы», «Қадірбайдың төбеті» атты өлеңдері мен сатиралық туындыларына тоқталу. Абай мен Жамбыл өлеңдерінің үндестігі. (Абайдың болыстарға арналған өлеңдері).

3. ҰОС тақырыбы. «Ленинградтық өренім» өлеңінің шығу тарихы, ол туралы Ө.Тәжібаевтің естелігі.

4. Айтыстары. «Жамбыл мен Құлмағамбеттің», «Жамбыл мен Айкүмістің» айтыстарынан үзінді айту. Ақын балаларға «Менің Жамбылым» деген тақырыпта өлең шығарту. Интербелсенді тактаға Жамбыл мен Құлмамбеттің айтысы жайлы екі ақынның ерекшеліктері жайлы жазу.

5. Ақын шығармаларындағы халықтар достығы. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанды мекендейтін халықтардың достық қатынастарының тамыры тереңде жатқанын, сан ғасырлар жемісі іспетті ынтымақтастығымызды қазіргі дәуірде жаңа мазмұнмен, егеменді елдің өркендеуімен, мемлекетімізде қалыптасқан ұлттық келісім, азаматтық бітіммен айғақтай аламыз. Көпұлтты Қазақстанның дүние жүзіне беделді ел екендігі ЕҚЫҰ-на төрағалық етуінен, бірлігі жарасқан ел екендігі Елбасымыздың жыл сайынғы халыққа Жолдауынан және Елбасымыздың мына бір сөзінен аңғарылады. «Бектер кетсе, ер қалады, бетеге кетсе, жер қалады, Бірлік кетсе, пен қалады?» Ал, Жамбыл ақын:

Енді бүгін карасам,

Айналам бақыт кең жатыр.

Бір-бірімен туысқан,

Қол ұстасқан ел жатыр.

Қырғыз, қазақ, өзбектер,

Монғол, ұйғыр, дүнгендер,

Армян, қалмақ, грузин,

Орыс пенен украин,

Терезесі тең жатыр, - деп, халықтар достығын жырлап кеткен.

Мұнан әрі Л. С. Соболевтің пікірін келтіру. «Отан туралы жыр» - ақынның ұлылығын танытатын туынды... Ұлылық егіз тумайды, ұлы кұбылыс қайталанбайды». Рефлексия. Оқушылар ақын бойындағы



ізгілік қасиеттер, отансүйгіштік, халықтар достығының жыршысы, тәуелсіздік үшін күресуші, болашақты болжаушы екенін айтуы керек.

III Сабақты жинақтау, бекіту кезеңі. Жамбыл жайлы айтылған пікірлер. Оқушылар жасаған слайд бойынша өнер сабағымен байланыстыра отырып, бейнелеу өнеріндегі Жамбыл бейнесіне тоқталу.

IV Сабақты қорыту. R= Нені меңгердік: Ықтимал жауаптар: Біз сабақта Жамбыл туралы көптеген зерттеу еңбектермен жұмыс жасай отырып, ақынды әр қырынан танып, білдік. F. Мүсірепов айтпақшы Феномен – Феникс екенін дәлелдедік. Феномен сирек кездесетін құбылыс болса, Феникс – құс. Ол – адам ой-сезімінің, асылының, даналығы мен адамгершілігінің мұрагері сияқты. Мындаған жылдар жасай береді. Өле қалса, өртеп, күлін отқа салсаң, қайта тіріліп шыға келеді. Өткен өмірін ұмытпайды. Дүниеде қандай асыл ойлар, білім иелері, әділет иелері болды, көркем қазыналары болды, бәрі есінде. Екінші тілмен айтқанда Феникс - адамзаттың өзінің есі.

V Үйге тапсырма: «Менің Жамбылым» тақырыбында ойтолғау жазу.

VI Оқушыларды бағалау. Тест материалдарын тарату, сол арқылы бағалау.

Бағалау парағы  
Оқушының аты-жөні

р/с	Тест сұрақтары	Жауап	Ұпай саны	Бағасы
1.	Өлең кірген түсіне Жөрегіңде мен болам. Кинама, әке, кинама, Болмас енді зорлаған. Қай өлеңінен алынған?			
2.	Жамбылдың 1916 жылғы патша жарлығына арналған өлеңдерінің бірін ата.			
3.	Жамбылдың ұстазы кім, шәкірті кім?			
4.	«Жамбыл дүниеге екі рет туып келген адам: тоғыз ай,			

	тоғыз күнде ана құрсағынан, тоқсан жасқа келгенде заман құрсағынан тағы бір туды» деп кім айтты?			
5.	«Жамбылдың туған халқының өмірін жүз жыл талмай жырлауының өзі дерлік» деген сөзді кім айтты?			

Жауап кілттері

Р/с	Жауаптар
1	«Шағым».
2	«Патша әмірі тарылды».
3	Ұстазы – Сүйінбай, шәкірті – Кенен Өзірбаев.
4	F.Мүсірепов
5	Куба қайраткері Родригес Роман

Бағалау критерийлері:

5 ұпай-«5»

4 ұпай-«4»

3 ұпай-«3»

Одан төмен ұпай-«2».

Мен Жамбыл туралы не білемін? Оның сауаты болмаған, сондықтан қасында хатшы болып Ө. Тәжібаев, Т. Жароков, F. Орманов сияқты ақын-жазушылар болған. 13 жаста әкесі ауыл молдасына оқуға береді. Ол 5-6 күн ғана дәріске қатысып, ақыры қашып кетеді, елден безеді. Жарапазан айтып жүріп, Алатау атырабына аты әйгілі Сүйінбайға жолығып, батасын алады. Домбыра садақ болса, өлең сол садақтың оғы, оны шебер пайдалана біл, ең бастысы – шыншыл, әділ бол, дұшпанына батыл, досыңа асыл бол! - дейді. Жамбыл Алтын-Емелдегі Тезек төре ауылында Қашқария сапарынан қайтып келе жатқан Шоқанмен кездеседі. Бүкіл Жетісу халқы көтерілген 1916 жылғы дүрбелеңге қатысканы, үгітшілік

күрескерлігі үшін Жамбыл қудалауға ұшырап, түрмеге де камалады, бірақ халықтың өтінішімен босатылады. 16-17 жасынан бастап айтысқа қатысады. 35 жасында 55 жастағы 9 ақынды жеңген Құлмамбетпен айтысып, оны жеңеді. 1936 жылы май айында Қазақстан әдебиеті мен өнерінің Москвадағы онкүндігіне 90 жастағы қарт жырау қатысады. 92 жаста Грузияның ұлы ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» атты дастанының жырланғанына 750 жыл толуына арналған мерекеге ұлы Сатыш пен шәкірті Кенен Әзірбаевті ертіп барады. 96 жасында жазған «Ленинградтық өренім» өлеңіне А. Розенбаум сияқты әнші қарсы шығып, «Ленинградцы не Ваши дети, мы предки Петра» дейді. Бірақ Н. Тихонов, А. Сурков, В. Рождественскийлер зор баға береді. XX ғ. Гомері атанған Жамбылдың ақындық дәстүрін дамытушы төкпе ақындар саны мыңнан асуда. Еңбектері елуден аса тілге аударылған. Шындықты ту еткенін М. Әуезовпен кездесуде: «Намыс қой еркекті отқа да, суға да айдайтын. Қорқып тартынғанша қарсы шауып өлейін дейсің де қойып кетесің. Сондай тұста ашулы жыландай барлық уынды төгесің емес пе? десе, тойдан олжасыз қайтқан шәкірті Кенен Әзірбаевқа «Құдай сүйер қылығымыз жоқ, сен де, мен де түскен жерімізді тотияйындай күйдіреміз. Сол үшін байлар қол тарлық етеді. Бірақ халық айтып жүрер» - дейді әрі кейіп, әрі шүкіршілік етіп. Ақын кредосы: ақын болсаң, қыздырып айт, қызықтырып айт, жылатып айт, күлдіріп айт, шындықты айт! Жамбыл – жыршы, «Көрұғлыны» 15 күн, дастан-жырларды, «Мың бір түнді» үш күн, үш түн жырлаған, Құлмамбет 33 күн жырлаған. Маңайындағы жақын іні-достарын еркелетіп: М. Әуезовті «шөң қазақ», С. Мұқановты «Балуан Шолақ», Л. Соболевті «нар жігіт», Т.Жароковты «Қайыр», Кененді «батыр інім» дейтін. М. Әуезов энциклопедия санаған даңғыл Жамбыл: «Асып тұрған ақылым жоқ, жер тесіп кеткендей шешендігім жоқ, біліп тұрған білімім жоқ, оқымаған кісімін. Халық көп біледі, менің білімім сол халықтың білгендері, мен халықтың сөзін айттым» деп кішілік танытады. 1936-45 жылдар аралығында үш мәрте «Еңбек Қызыл Ту», бір мәрте «Ленин орденімен» марапатталып, СССР Мемлекеттік сыйлығын алды, республика және СССР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланды. Асқар Токмағамбетов Жамбылдың есте сақтау қабілетінің жоғары екенін, өткен жылғы оқиғаның жылын, айын, күнін дәл айтатынын еске алады. Т.Жароков «Дарын табиғаты» атты мақаласында «Ленинградтық өренім» өлеңінің екі нұсқасы бар екенін, екіншісі тамаша лирик Ғали Ормановтың «тілге жеңіл, жүрекке жылы» тиетін нұсқа екенін айтады. М.Ж.Көпейұлы: «Ақ жалау барда малым бар деме, әзірейіл

барда жаным бар деме» деген заман болды дегендей, 1870-90 жылдары «Ақ жалау» Қоқан әскерлері еді, осы жағдайға байланысты Жамбыл ауылы көшіп жүрген кезде қыстыгүні Жамбыл дүниеге келеді. Әкесі Жапа Әшекей байдың жылқышысы болады, шешесі Ұлданның тәрбиесінде өседі, 97 жасына дейін атпен жүреді. Соғыста ұлы Алғадай қайтыс болғанда Кененге «Базарың мен Назарыңды» айтшы деп, өзі «Алатауды айналсам Алғадайды табам ба?» деп жылап кетеді. Қырғызда Мұратәлі деген күйші досы бар. Жамбыл «Кертолғау», «Бозінген», өзбек, қырғыз күйлері, 20-дай күй білген. Халық ауыз әдебиетінен аңыз әңгімелерді, «Жеті жарғыны» жатқа айтып береді. Сөйтіп, 1945 жылғы 9 майды соңғы рет көріп, жырлап, сол жылы 22 июнь күні ертеңгі сағат 8-де 100 жыл соққан жүрек тоқтайды.

## 2.6 Сабақтың тақырыбы: «Біржан мен Сара» айтысындағы өнер сандақтары



- Технологиясы: Үлгілей жобалау, қисынды талдау, ой тастау.  
 Көрнекіліктер: Біржанның, Сараның суреттері, күйтабак, буклеттер.  
 Қосымша әдебиеттер:  
 1 А. Жұбанов. Замана бұлбұлдары. А., 1975 ж. 29-63-беттер.  
 2 М. Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. -Алматы, 1974 ж. 308-318-беттер.  
 3 Қ. Мұхамедханов. Абайдың ақын-шәкірттері.

4 «Өріптің кейбір өлеңдеріне және «Біржан мен Сара» дастанында айтылатын кейбір уақиғаға түсініктемелер». - Алматы, 1995 ж. 174-176-беттер.

5 Ә. Қоңыратбаев Қазақ фольклорының тарихы. - Алматы, 1991 ж. 277-283-беттер.

6 «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 2002 ж. №5. 14-19-беттер.

7 М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы. 20 томдық шығармалар жинағы. 4-том.- Алматы, 1979. «Жайлауда» бөлімі. 61-71-беттер.

8 М. О. Әуезов 17-том. 313-318-беттер.

9 С. Мұқанов. Халық мұрасы. Айтыс туралы түсінік.

10 «Бес ғасыр жырлайды» - Алматы, 1984 ж. 19-бет.

11 Қ. П. Жүсіп. Көркем сөздің күдіреті. - Павлодар, 2000.

12 Қ. П. Жүсіп. Оқушыны ізденту мәселелері. 105-117-беттер.

13 Қ. О. Бітібаева. Әдебиетті тереңдетіл оқыту. - Алматы, 2003 ж. 380-381-беттер.

14 К. Ы. Илиястеги. Саз-самал. 1999 ж. 36-бет.

15 «Қазақ әдебиеті» газеті.

16 «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі». - Алматы, 2008 ж.

17 «Егемен Қазақстан», «Ана тілі» газеттері мен «Балдырған», «Білім және еңбек» журналдары.

#### Сабақтың кезеңдері:

##### I кезең

1. Тақырыпқа жетуге жағдай тудыру. Күйтабақтан немесе дискіден Біржанның әнін тыңдату. Әрі қарай бір әнін оқушылармен орындау («Ләйлім шырақ»).

2. Проблемалық сұрақтар (Мұғалім мен оқушылар бірлесіп сұрақ қояды):

- жыр дүлділері Біржан мен Сараның айтыстағы орны қандай?;

- «Біржан мен Сара» айтысын зерттеушілердің пікірі не дейді?;

- жазба ақындарына тән сөз саптау, екі ақынға тән өлең құрылыстары.

3. Жаңа сабақты ашу, меңгеру. Құзыреттілік біліктілік. Құзыреттілік мақсат пен міндеттер. (Оқушылар мақсат пен міндетті өздері айтады).

Мақсат: Айтыстың толық нұсқасын оқу, түсіну, қосымша мәліметтерді пайдалана отырып, зерттеушілердің пікірлерін саралай отырып, талдау. «Біржан мен Сара» айтысында көтерілген әлеуметтік мәселе, екі ақынның әншілік, ақындық, адамгершілік сипаттары, ақындардың өз бейнесін, өнерін сипаттау үшін қолданған көркем сөз образдарын мәтіннен тауып, теориялық талдау жасау. Осы күнгі

айтыста ізін басып жүрген Сараның сінлілері мен Біржанның інілері жайлы ой қозғап, өмірмен байланыстыру. Ақынның Абаймен үндестігіне назар аудару.

Міндет: Өз беттерімен талдауға, сөздік жұмысын жүргізуге, теориялық қисынды талдау жасауға, романдағы Біржан мен Абайдың өнерге көзқарастарын салыстыра отырып, өз пікірлерін білдіруге, айтыстың қазіргі замандағы маңызына тоқталуға, «Дебат» элементі бар шағын айтыс өткізуге міндетті.

#### II кезең (Қ. П. Жүсіповтің талдау үлгісі)

1. Айтыстағы Біржанның сөз саптауынан нені аңғаруға болады?

Жауап: «Сайраған Орта жүздің бұлбұлы», «Арғынның Алтай-Қарпық Ақтан кері» деген жолдар оның ел еркесі, жыр дүлдүлі екенін аңғартады.

2. Сараның өзін сипаттауынан оның қандай ерекшелігін байқауға болады?

Жауап: «Найманда екі жүзді наркескен», «Қамысты терең көлдің сұқсыры» деген жолдардан Сара да осал жан емес, оның үстіне Жетісудың өнер саңылағы екенін көреміз.

Мұғалім: Ендеше осындай екі рулы елдің ерке де өр тұлғалы азаматтары мен азаматшалары айтыста бір-біріне оңайлықпен берісулері мүмкін бе? Жок, әрине. Ондай болса, айтыстарына құлақ түрелік. Екі оқушыны бір-екі ауыз жолмен айтыстыру.

#### Біржан:

Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,

Іздеген келіп тұрмын Біржан сері.

Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,

Аулында Тұрысбектің өлер жері.

Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын,

Арғынның Алтай-Қарпық ақтан кері.

Пара-пар сөзі теңдес адам болса,

Көңілімнің тарқаушы еді қайғы-шері.

Ақиық мұзбалақпын жерге түспес,

Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес.

Басайын аптығыңды тез шық, Сара,

Сен түгіл әкендеймен болдым істес!

#### Сара:

Ей, Біржан, жасың үлкен, өзін аға,

Қымбаттығым белгілі. Білсең баға.

Қамысты терең көлдің сұқсырымын,

Қаңғырған ілдірмеймін қаршығаға.

Ежелден сен белгілі желді көрік,

Таң қалдым , сәулетінді сенің көріп.

Сені айдап ажалыңа алып келген

Құт Маман, Ер Шаянбай қасыңа еріп.

Сөйлетпей шыға сала кеттім дерсің,

Түрімді көрсетейін сөйлеп беріп.

**(Барлық оқушыларға мұғалімнің сұрағы)**

**1. Біржанның ақындығының мінсіздігін қай жерден көруге болады?**

**Жауап:** Алтын менен күмістің нақысындай, Міні жоқ бізден шығар сөз бедері. (Хрестоматия. 111-бет 12-шумақ).

**2. Сараның білімдарлығын қай тұстан аңғаруға болады?**

**Жауап:** «Қисса сул әнбиядан» естімеп пе ең? Белгілі мағлұм болды надандығың. Хауаға бұрын барған Адам ата, Бұл салттан кетпекшісің қалай аттан?

**III кезең**

ҮЖТ бойынша бағыттарын анықтау (8 бағыт):

- Б 1. Біржан бейнесі (Сызбадан Біржан бейнесі);

- Б 2. Сара бейнесі (Сызбадан Сара бейнесі);

- Б 3. Біржан мен Абай үндестігі («Абай жолы» романынан);

- Б 4. Айтыстың тақырыбы, идеясы;

- Б 5. Композициялық құрылысы;

- Б 6. Көркемдегіш тәсілдер;

- Б 7. Айтысты зерттеушілердің пікірлері;

- Б 8. Айтыстың маңызы, бүгінгі айтыс, айтыскерлер.

**1-бағыт бойынша Біржан бейнесі.** Біржан мен Сара тарихта болған ақындар. Біржан өзін Алтай Қарпық руынан шыққан Арғынмын десе, С.Мұқанов оны Керей, Ақсары, Көшек дейді. 1833 жылы туылып, 1891 жылы 58 жасында дүниеден қайтқан. Асыл, Ақық деген қыздары, Теміртас атты ұлы болған дейді. Осы жерде Кәрім Ысмағұлұлы Илиястеінің: «1932-36 жылдары Біржан баласы Теміртаспен көрші болып, қарым-қатынаста араласу—бес жасымда қолыма домбыра алдырды. «Балуан ата»-Теміртас ақ батасын берді»-деген сөзі де бұған дәлел.

**2-бағыт.** Сара Балқаштың түстік бетін қоныстанған Найман (Матай) руынан шыққан. Матайдың ол кездегі бас адамы Тұрысбек қажы, соның інісі Есімбек болған деседі. Айтыс Аяғоз маңында, Тұрысбек ауылында болған. Жүсіпбек қожаның Сараны көрдім дегенін айтпасақ, әзірге Сараның өмірде болған-болмағаны анық емес – дейді Ә. Қоңыратбаев өз еңбегінде.

Біржанның бағалауынша Сара – осы тұсатағы адамның артығы. Оны елі ұлға балап сөйлетіп отыр, ол бір ортаның бұлбұл құсы,

сөйлер сөзге жаннан артық «тыста тыңдап тұрған жан оның дауысын фортопиян күйі деп ойларлық», «айбаты ғаламға айқын ай бедерлі», «Сара асыл, оны дүниеге сатуға болмайды», осы қасиеттердің бәрі бір Сараның басында болған соң Біржанның үш жыл бойы ұдайы құмартуына таңырқауға болмайды» -дейді М. Әуезов.

**3-бағыт. Біржан мен Абай үндестігі.** М. О. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының «Жайлауда» бөлімінде ...Тобықты ішіне сонау алыс Көкшетаудан келген, сирек, сый қонақ. Өзі ақын, өзі әнші, өзі сері Біржан. Үстінде қара мақпал, кең, жеңіл шалпаны бар. Омырауы ағытылған, «сері жаға», ақ көйлектің сыртынан киген сарғылт түсті, қытай жібек кемзасы бар. Оқалы тақиясының жібек шоғы ыргала түседі...

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын

Жұртыма зияным жоқ жүрген жанмын,

Кісіге өзім қатар бас ұрмаймын

Өзім ақын, өзім сал кімге зармын...- деп өзінің майда қоңыр, сырлы қоңыр сазымен бастала жөнелгенде, өзге көп жұрт ішінде демін тартып, қатып тыңдаған кісінің бірі – Абай. «Мен келемін! Өнер әкелемін! Танымай көрші, аңдамай бақшы! Сай-сүйегің босамай, алпыс екі тамырың иімей көрші!»... деп, бас идіре ән төккенде, ән емес, нұр төккендей. Ұйып тыңдаған Абай Біржанға бұрылып: - Сен әнді босағадан өрлетіп, төрге шығардың, сонына ғана қуанам. Осының-ақ қадір-қасиетінді тануға жетіп тұр!..-деді. Сонда Біржан құп тыңдап, сүйсіне көтеріліп: - Шіркін, айтушы мен болғанда, үнемі ұқтырушым сен болсайшы, Абай! – деді (61-63-беттер).

10-сыныптың әдебиет оқулығында және А. Жұбановтың еңбегінде сазгер Біржанның сол жолы Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» атты өлеңіне ән шығарғаны жазылған.

**4-бағыт.** Тақырыбы: өнер, өнерпаздар, әйел теңсіздігі. Идеясы: Әйел теңсіздігіне қарсылық, ескі салт сыны. Мұны малға сатылған Сараның тағдырына құрылған айтыс түріндегі поэма десе де болғандай. Поэмаға бейімдеу үшін Әріп ақын Есімбек, Тұрысбек сөзін, Сараның шешесі мен сіңлісінің айтысын қосқан. Бұл – эпизм сарыны дейді Ә. Қоңыратбаев өз еңбегінде.

**5-бағыт.** Бұл айтыстың басқа айтыстардан ерекшелігі: тақырыбы мен сюжетінің болуында.

«Біржан мен Сара» айтысының композициялық құрылысы:

1. Алғашқы монологтар – тілдесу, сөз жарысы. (Экспозиция)

2. Екі ақынның бір-бірін тануы. (Байланыс)

3. Екі елдің мадағы мен сыны.

4. Ескілік пен жаңалықтың тартысы. (Кульминация, яғни шиеленіс)

5. Екі ақынның мұқаттасуы (табысуы). Шарықтау шегі

6. Тұрысбектер әлемін сынау. Шешімі.

**6-бағыт.** Айтыстың соңында ақындар тал бойларынан мін таба алмаған соң, Біржан бастап:

- Жарайды, жаным Сара, осы сөзін,

Тас түлек тұрымтайдай екі көзін...

Шіркін-ай, мұндай жүйрік туармысың,

Сөйлейсің алтындай ғып сөздің жезін.

Қанатын күн шалмаған ақ тұйғынның

Жапалақ иемденер басқан ізін...

Кемітер дұшпан шіркін қай жерінді,

Адамзат озар емес бір басыңнан, - деп сүйсіне мақтайды.

Обалың Есімбек пен Тұрысбекке,

Күйеуің жаман екен, ей, бейшара, - деп аяушылық та білдіреді.

Сараның ауыр күйзеліске түсіп отырғанын білген сезімтал ақын Біржан жығылған үстіне жұдырық болмасын деген оймен:

«Жиенқұлды алдырма, Сараның тырнағынан садаға кетсін», - дей отырып. Есімбек пен Тұрысбекке: «Сараны жылатпай, теңіне қосындар, ардақты ақынның обалына қалмаңдар», - деп ақыл айтады. Осылайша айтыс өзінің мақсатына жетеді.

**7-бағыт.** «Біржан мен Сара» айтысының екі түрлі нұсқасы бар. Оның бірін атышулы кисса ақыны Жүсіпбек Шайқысламұлы 1890 жылдар шамасында Сараның өз аузынан жазып алып, Қазанда бастырған. Екінші нұсқасын Жетісу ақыны Өріп Тәңірбергенов (1862-1924) жазып алып, өндеген-дейді Ө. Қоңыратбаев.

**Мұғалімнің сұрағы:** Айтыстың айрықша құндылығы – тропқа толы тілінде. Басқа айтыстардан ерекшелігін, көркемдігін қалай дәлелдер едіңдер?

**6-бағыт.**

Ақ иық мұзбалақпын жерге түспес,

Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес,- немесе:

Қырандай желді күнгі аспандаймын,- дегендегі «ақ иық, кең қолтық, желді күнгі» заттың айрықша белгілерін білдіріп, үздік теңеулі эпитет болса, «мұзбалақ, арғымақ, аспанға» балай отырып, әдемі метафора жасайды. Күрделі метафора немесе метафораның ұлғайған түрін де:

Жорғамын шаршы топта самғайтұғын,

Бәйгі аттай серпінімді шалмайтұғын,

Әнімді он екі звод жіберейін,

Есіңнен өле-өлгенше қалмайтұғын...

Болатпын екі жүзді, жетем құрыш

Шапса да қара тасқа таймайтұғын - кездестіруге болады.

**6-бағыт.**

Мұндай сөз айшықтары Сараның аузынан да шығып жатады. Сара өзін сипаттағанда:

Тамағым жас баланын білегіндей.

Иығым тік сандалдың тірегіндей.

Бет алдым кеудесіндей қоныр қаздың.

Тал бойым жолбарыстың жүрегіндей.-деп, теңеулі метафораны шебер қолданады.

**Мұғалімнің сұрағы:** Ақындық тілдің бір түрі болып табылатын ирония мен сарказмды қай жерден көруге болады?

**6-бағыт.** Сараны атастырып қойған Жиенқұлдың бейнесінде тамаша қолданған.

Көрінсін Біржан салға ай секілді.

Ақ құйрық көңіл ашар шай секіллі.

Ұсынса қол жетпейтін, арғымағым.

Біржанға баламаймын тай секілді...

Асылым құдай берген өз бағыма,

Тенелмес жеті Біржан тырнағына.

Найманда ұлы дария саяткерім.

Балық боп ілінгенмін қармағына,- деп, сырт көзге мақтап отырғандай әсер береді де, кекетіп, шенеу арқылы Жиенқұлдың кескін-пішінін әжуа етеді.

**6-бағыт.** Онан әрі жаны сүймейтінін, жек көретінін ашық, тұрасынан:

Қонжиып мінер құла жорға барса,

Келе алмас, ол шірігін қорғаласа,

Рас, бізді маскара қылар сонда

Қорс етіп. «бармаймын» деп үйде қалса.

Кісі емес ел намысын ұққандай-ақ.

Ербиер есіз тауға шыққандай-ақ,

Жиенқұл күжірейіп келер ме екен.

Он мата арқасына тыққандай-ақ.- деп, Жиенқұлдың сұрықсыз бейнесін көз алдына қарабайыр сөздермен елестете отырып, улы сарказм, ащы тілмен осып жібереді.

**6-бағыт.** Онан басқа «Төр болар құлға барсаң екі көзің, көзіңді төрт қылар ем, иттей көріп» деген фразалық тіркестер, «Жауды аяған жаралы болар», «Мың асқанға бір тосқан» деген мақалдар, «Қортиған шірік», «Алтайдың душар болдың мергеніне» деген синекдохалар,

«Найманның аруағынан кет садаға» деген қарғыс мәніндегі сөздер, «Сасық» дер аузы жетпей, майдан жеріп» деген дисфемизмді, Ыбырай жас жолбарыс білектенген» жолындағы метонимияны да шебер қолданғанын байқаймыз.

**6-бағыт.** «Біржан мен Сара» айтысы 11 буынды кара өлеңдік шұбыртпалы ұйқас үлгісінде жазылған. Біржан салдың аққуға үнін қосқан әсем әуендері де тосын жаңалық. Осыны зерттеушілер жазба әдебиет белгісі деседі. Ақындар айтысы таза фольклор еместігі анық болса, бұл жорамалдың ғылыми негізі бар. Ескі ру шеңберіндегі айтыстарға ұқсас жерлері де баршылық. Есімбек, Тұрысбектер айтысты ру психологиясында пайдалануға тырысқан. Әріп айтысқа Есімбектің қыздырма сөздерін де қосып жіберген. Мысалы, алғаш Біржанның ақындық арынын, сөз саптауын көргенде Сара сасып қалады. Сол кезде Есімбек оған: «Шырағым, Арғынға орай Найман бар ғой», Қажы: «Тартынба енді балам, аптыққан қу Арғынды бір дөңгелет» дейді. Осы жерде біз Сараны ру тартысына итермелегенін байқаймыз. Бірақ өзінің шын досы мен дұшпанын айырған жерде, Сара сойылды өз елінің «жақсыларына» қарсы сілтейді. Осылайша Сара өзінің ақындығын, көзі ашық білімдарлығын байката біледі (Ә. Қоңыратбаев).

**7-бағыт.** А. Жұбанов «Замана бұлбұлдары» еңбегінде: Біржан жасынан өзгеше мінезді, әуесқой, әңгімекұмар, сезімтал болатын. Малға тоғышар, ән десе аузын ашып, қанша уақыт болса да тыңдайды. «Ақылың болса, жыр тыңда» деген мәтелді қуады – дейді. Онан әрі Біржан Қожағұлдың Тұрлыбай деген баласынан туған, бірақ үлкен шешесі асырап алған. Тұрлыбай дәулеті шамалы, ақылға кем, малдан басқаны түсінбейді. Қожағұл дәулетті. Баласы Теміртастың дерегіне қарағанда арғы атасы Бертіс, онан бес ұл туса, Тұрлыбайдан жалғыз Біржан, Біржанның Әпіш деген әйелінен Теміртас, Қалкен деген ұлдары, Асыл, Ақық деген қыздары бар-дейді (36-бет).

**7-бағыт.** М. Ғабдуллин өзінің еңбегінде бай мен болыс, әкімдерді мадақтау, олардың қасына Абайды апарып қосулары кемшілік дейді, ал мен бұған қосылмаймын. Себебі бүгінгі замандағы айтыста да игі жақсыларды алға тарта отырып, ақындар арқылы кемшілікті жоюды мақсат етпей ме? Әсіресе, Абайды халық ұлы, елдің ер-азаматы етіп көрсете отырып, ұлы ақынның адамгершілігін, ақылын, білімін, халық қамын ойлап қызмет еткенін неге айтпасқа? Үстем тап өкілі болса да, Абайдай «қатаның баласы емес, адамның баласын» дүниеге әкелген біртуар Құнанбайды бүгінгі заман тұрғысынан дұрыс бағалауымыз керек қой.

Сабақты бекіту. Сабақ соңында «Дебат» элементі бар шағын айтыс өткізу.

Резолюция: «Біржан мен Сара» айтысы өмірде болмаған, оның авторы – Әріп Тәңірбергенов.

Жақтаушылар аргументі:

1. Қ. Мұхамедханов «Абайдың ақын-шәкірттері» еңбегі.

2. Жазба ақындарына тән сөз саптау, екі ақынға тән өлең құрылыстары.

Қарсы пікірлер аргументі:

1. Біржан мен Сара өмірде болған, айтыс болды деген пікірлер (ғалымдар еңбегі ұсынылады. М. Әуезов. 17-том. ).

2. Ғ. Мүсірепов «Біржан мен Сараға».

3. М. Төлебаев «Біржан-Сара» операсы.

Жақтаушылар:

Енді айтыс өмірде болған ба, жоқ па дегенге келсек, Қ. Мұхамедханұлы «Абайдың ақын-шәкірттері» еңбегінің Әріп Тәңірбергенов бөлімінде айтысқа толық түсініктеме беру қажеттігін айта келіп, арнайы зерттеу керектігін, жарияланып отырған нұсқадағы уақиғаның тарихына тоқталады. Сараның аузынан айтылатын өлеңде:

Қазыбек Құнанбайды найзалаған

Төре түгіл төлеңгіт жорығында, - деген сөздер бар. Бұл – толық түсініктеме тілейтін сөздер. Оның мәні мынадай:

Бір күні түнде Құнанбай ауылының жылқысына жай тиеді. Құнанбай белдеуде тұрған жүйрік атына міне шауып, жауды қуып жетсе, жылқыны ілгері айдатып жіберіп, жаудың бір үлкен тобы тосқауылда тұр екен. Бұларға жетіп келген Құнанбай жаудың қоршауына түсіп қалады. Сол кезде біреу найзалап Құнанбайды аттан түсіріп кетеді. Ол Барақ төренің төлеңгіті Қазыбек деген батыр болады. Осы уақиғаның толық тарихы Абай шығармаларының 1940 жылы шыққан екінші томында басылған (300-бет). Бұл уақиғаны Әріп ақын өте жақсы білген. Біржанның Сараға айтқан өлеңінде:

Қазыбек, Кенжеғұл мен батыр барақ;

Құныкем қараңғы үйге қойған қамап, - дейтіні де жаңағы уақиғаға байланысты айтылған болады. Біржанның аузынан айтылған: «Шет елде Қанай, Дүсіп, Боқанбайым...» дейтіні де осы уақиға. Сөйтіп айтыста қамтылған өзекті мәселенің бірі – Найман мен Тобықтының жер дауы болады. Мұны М. Әуезов кенірек түсіндіріп жазған - дейді автор. Сонымен менің пікірімше айтыс болмаған. Оның үстіне жазба ақындарына тән сөз саптау, екі ақынға тән өлең құрылыстарын бағанадан бері талдадық емес пе? (Абайдың ата-тегі туралы. Абай шығармалары. 2-том, 1940 жыл, 316-бет).

Қарсы пікір білдірушілер: Мен бұл пікірге қарсымын. Оған дәлел: М. Әуезов шығармалар жинағының 17-томында: «Біржан мен Сараның айтысы болған жоқ, болса сақталмай қалып қойған бұл айтысты шығарушы Әріп ақын деген де қате пікірлер бар. Анығында Біржан-Сараның айтысы болған. Бірақ дәл қалпында, толық күйінде, алғашқы айтысқан жердегі қалпымен түгел сақталған жоқ Кейін көпшілікке өз редакциясымен айтып беруші Сара болады. Көп айтушы ақындардың аузынан өткендіктен өзгеріске ұшыраған. Осындай айтушының және ең алғаш хатқа түсірушінің бірі – Әріп Тәңірбергенов»-дейді. Сондықтан айтыс болған, тек зерттеу керек, мүмкін біздің еншімізге тиер.

**Мұғалімнің сұрағы: Өмірмен байланыстыру. Осы күнгі айтыстың ерекшелігі мен үндестігі бар ма? Сараның сінділері мен Біржанның інілері туралы не айтасындар?**

Кенес дәуірінен кейінгі айтыс ақындары: Манап Көкенов, Надежда Лушникова, Әселхан Қалыбекова, Әсия Беркенова, Аманжол Әлтаев, Сара Тоқтамысова, Айнұр Тұрсынбаева, Әзімбек Жанкүлиев, Мұхамеджан Тазабеков, Ринат Зайытов. Жерлестеріміз: Бейсенбі Мұқажанов, Сабыржан Ахметов, әкелі-балалы Жұмкен мен Тілек Сейітовтер, Алмагүл Жүгінісова, жас ақындарды баптап жүрген Асхат Тұрғанбек, олардың шәкірттері, біздің гимназияның ақындары: Серікболсын Дүйсенбай, Рауан Қайдаров, Айбек Қалиев, Сағидолда Қазбектер біздің мақтаныштарымыз. «Бүгінгі айтыс өнерінің мәні тек арқалы ақындардың шарпысуында емес, тыңдаушы жұртшылыққа әлеуметтік ахуалды тілге тиек етіп, шынайы өмір мысалдарын тапқырлықпен суреттеуінде» - деп Акселеу Сейдімбек айтқандай, заман жүгін арқалап, халық сөзін сөйлей білуінде.

**Қосымша. Ақындарға тән өз руының, елінің жақсыларын тілге тиек етуін мына жолдардан көреміз.**

Біржан:

Арғынның көз жеткісіз аймағы бар,  
Төңірек жеті дуан ойнағы бар.  
Кім жетер Жанайдарға Алтайдағы,  
Алты жүз жас бота мен тайлағы бар...  
Қаржаста бір құтым бар –  
Мұса, Шорман, Үзілмей келе жатыр ескі қордан...  
Ұл тумас Қазанқаптай ата ұлынан,  
Тұқымы дегдер (текті) шыққан жатынынан.  
Полковник пен шен алады туа сала,  
Шырылдап түскен бала қатынынан...  
Тәттімбет – ардагерім Арғын асқан,

Қырық түрлі күй айналған бармағына.  
Ыбырай жас жолбарыс білектенген,  
Дұшпанға арыстандай жүректенген...  
Орта жүз Абай қойды атын батпай,  
Үйіне ояз кірмес, жауап қатпай.  
Арғынның асылдығы, міне, осындай,  
Наймандай ағайынын жүрген сатпай...  
Құтыма, тіл тигізбе, Ер Құнанбай,  
Алашка даңқы шыққан кер бұландай... дегенде,  
Сара:

Найманнан Қаркерей, Сыбан, Мұрын,  
Жеті ата Жолымбетке құйған нұрын.  
Шерубай, Тана мырза, Ер Тәукебай,  
Қай қазақ сөз бастаған онан бұрын?  
Баласы Қозыбайдың Тілеуберді,  
Әліхан – оның ұлын әркім көрді...  
Жан жетпес Батабайға: Жалбу, Жанак,  
Аққожа, би Ақтайлақ асқан манап,  
Ақтамберді, Алтыбай, Айымбек,  
Қалмақты қолмен сатқан қойдай талап.  
Кендекұл қазақ жетпес бабасына,  
Төрт арыс билік айтқан баласына.  
Байтоқа, Кенесбай мен Құт Данияр,  
Тоймаған сөйлер сөздің шамасына...  
Кім жетер Қабанбайға дуа қонған?  
Үзілмей тұқымына қуа қонған.  
Қожақұл, Әлі, Жақаш, Ер Әділбек,  
Сүлеймен оның ұлы шықты соңынан.

Бұтабай, Бәйжігітте Құт Шаянбай, Сасан би, шапты Кенже жауға аянбай...,- деп айтқанда ескілік пен жаңалық тартысы басталады.

Бұл түйін шешілген кезде ғана Сара Тобықты еліндегі жаңалықтарға түсініп, Біржан жағына шығады. Біржан өз сөзінде Арғыннан тараған игі жақсылар – Мұса Шорман, Қазанғап, Гәттімбеттерді, Абай мен Құнанбайды мадақтап, тілге тиек етеді. Сара ақын өз руынан шыққан – Қаракерей, Тана, Ер Тәукебай, Ақтамберді, Қабанбай, Ер Әділбек сияқтыларды жырға қосады.

**Қорытынды.** Айтыс – майдан, айтысқан адамдар майданның жекпе-жектегі батыры. Жеңу үшін нелер қатты шабуылдар жасалса да мін емес. Ендеше Біржан мен Сара бір біріне тең ақын. Олар миксатына жетті. Олай дейтініміз: Біржан ағалық қамкормен Сараға теңдік әпереді, Сара Біржанды аға деп сыйлайды.


**Рефлексия.** «Біржан мен Сара және айтыс ақындар менің қиялымда» оқушылардың сызба толғаулары.

**Үлгі:** Біржан: ақылы телегей теңіздей, жүрегі аппақ қардай, білімі Оқжетпестің шыңындай биік.

**Үйге тапсырма:** Біржан мен Сара, Абай мен Біржан, қазіргі ақындар жайлы ой толғау.

### Оқушылар орындайтын жұмыстар

#### 1. Біржан-Сара сипатын зерделеу:



2. Біржан мен Сараның бейнесін ашатын сөздерді теріп жазып, талдау жасау.

Біржан, Сара	Поэтикалық тіл	Бейнелік мінездеу
Біржанның өзіне берген бағасы	Бұлбұлмын, ақтан кер, ақиық, мұзбалақ, кең қолтық арғымақ, жібек жал арғымақ	Кәмшат бөрік, күлдәрі белбеуі бар, көк торғын шапанды адам қарсы жүрді.
Біржан көзімен	Сара Жүндей сабап ән шырқайды, толықсып, төңкеріліп ән шырқап тұр,	
Сараның сипаттауы	өзін Ішінен Ер Қаптағай шықтым дара, тұңғық сөзім терең барлағанға, қамысты терең көлдің сұқсырымын, сайраған бүтін Найман бұлбұлымын, арғымақ атаулының артығымын.	Иранбак бег бігісім – қызыл гүлі, ажымсыз он саусағым бәрі де аппақ, болғанда аузым – сағат, ернім – қақпақ, міні жоқ отыз тісім меруерттей, мойыным сұңғағындай жүзген қудың, лебізім шырынындай шәрбат судың, қырмызы қызыл жібек маңдайым кең, тал бойым ұзын да емес, қысқа да емес, тамағым жас баланың білегіндей, иығым тік сандалдың тірегіндей...



Сара көзімен	Біржан	Майысқан сегіз кырлы жүйрік-ақсын, шежіре туармысын мұндай дана! Адамзат озар емес өз басыннан, Айбатың әлемге айқын ай бедерлі.	
--------------	--------	--	--

3. Біржан мен Сара сипатындағы төмендегі сөздердің мағынасын түсіндіру, оларды ақындардың пайдалану себебін дәлелдеу.

Үлгі:

Сөздер	Мәні, мағынасы, қай тілден кірген	Айтыстағы орны
Дұшпан	1. Дос емес, қас, жау. 2. Қырғиқабақ, араз.	
Патша (неге хан емес)	1. Революцияға дейінгі Ресей монархының титулы. 2. Ауыспалы. Ел басқарушы, әмірші. 3. Ауыспалы. Құны, бағасы артық, ең құнды, ең асыл. Патша ағзам – мәртебелі, күдіретті патша.	Хандық дәуір емес, патша үкіметі билеп тұрған заман
Ақиық мұзбалақ	1. Бүркіт туысына жататын қыран құс. 2. Ауысп., поэт. Асып туған дарын иесі. Мұзбалақ. Алғыр, қыран, бес жасар бүркіт.	Асып туған дарын иесі
Екі наркескен жүзді	Болаттан соғылған екі жүзді алмас қылыш.	Сөзі, тілі алмас қылыштай өткір,

		тура айтады
Кең қолтық арғымақ	Асыл тұқымды сымбатты жылқы. ҚТТС А., 2008.	Көркем де сұлу, сал да сері.

4. Біржан мен Сара туралы деректерді дәйектеу.

Біржан кім?	Сара кім?
Біржан - ақын, әнші, сазгер, сал, сері, айтыс ақыны, өнерпаз. Абай аулына барған, өнер жайлы ой бөліскен, бір-біріне зор баға берген. Әкесі Тұрлыбай, атасы Қожағұл, соның тәрбиесінде болған. Төрт баласы бар.  «Ләйлім», «Көкшегау», «Жамбас сипар», «Айтпай», «Адасқак», «Тентек», «Жанбота» т.б. әндері бар.	Сара - әнші, алғыр ақын, айтыскер. 1911 жылдар шамасында қайтыс болған деседі. Айтыс 1827 жылы Сараның өз аузынан жазып алынған деген де сөз бар. (М.Ғабдуллин еңбегінен).

5. Ақындарға микро-мінездеме беру.

Үлгі:

Айтыстан	Микро-мінездеме
1. Біржан: Мен Біржан қызға барман аяғымнан...	1. Ерге тән мінезді, қазаққа тән салт-дәстүрді ұстанушы.
2. Сара: Ішінен Ер Қаптағай шықтым дара...	2. Найманға аты мәлім ақын екенін айтып отыр.

6. Біржан бейнесінің М.О.Әуезовтің «Абай жолында», А.Жұбановтың «Замана бұлбұлдарында», М.Төлебаевтің «Біржан-Сара» операсында сомдалуына мысалдар келтіру

М. О. Әуезовтің «Абай жолында»	А. Жұбановтың «Замана бұлбұлдарында»	М. Төлебаевтің «Біржан-Сара» операсында
--------------------------------	--------------------------------------	---

<p>М. О. Әуезовтің романындағы «Жайлауда» бөлімінде ... Тобықты ішіне сонау алыс Көкшетаудан келген, сирек, сый қонақ. Өзі ақын, өзі әнші, өзі сері Біржан. Үстінде қара мақпал, кең, жеңіл шапаны бар Омырауы ағытылған, «сері жаға», ақ көйлектің сыртынан киген сарғылт түсті, қытай жібек кемзалы бар. Оқалы тақиясының жібек шоғы ырғала түседі...</p> <p>Баласы Қожағұлдың Біржан салмын</p> <p>Жұртыма зияным жоқ жүрген жанмын,</p> <p>Кісіге өзім қатар бас ұрмаймын</p> <p>Өзім ақын, өзім сал кімге зармын...- деп өзінің майда қоңыр, сырлы қоңыр сазымен бастала жөнелгенде, өзге көп жұрт ішінде демін тартып, қатып тыңдаған кісінің бірі – Абай. «Мен келемін! Өнер әкелемін! Танымай көрші, андамай бақшы! Сай-сүйегін босамай, алпыс</p>	<p>А. Жұбанов «Замана бұлбұлдары» еңбегінде: Біржан жасынан өзгеше мінезді, әуесқой, әңгімеқұмар, сезімтал болатын. Малға тоғышар, ән десе аузын ашып, қанша уақыт болса да тыңдайды. «Ақылың болса, жыр тыңда» деген мәтелді қуады – дейді. Онан әрі Біржан Қожағұлдың Тұрлыбай деген баласынан туған, бірақ үлкен шешесі асырап алған. Тұрлыбай дәулеті шамалы, ақпаға кем, малдан басқаны түсінбейді. Қожағұл дәулетті. Баласы Теміртастың дерегіне қарағанда арғы атасы Бертіс, онан бес ұл туса, Тұрлыбайдан жалғыз Біржан, Біржанның Әпіш деген әйелінен Теміртас, Қалкен деген ұлдары, Асыл, Ақық деген қыздары бар.</p>	<p>Біржан мен Сара тең дәрежеде көрсетіледі.</p>
--	---	--

<p>екі тамырың иімей көрші!»... деп, бас идіре ән төккенде, ән емес, нұр төккендей. Ұйып тыңдаған Абай Біржанға бұрылып: - Сен әнді босағадан өрлетіп, төрге шығардың, соныға ғана қуанам. Осының-ақ қадір-қасиетінді тануға жетіп тұр!..-деді. Сонда Біржан құп тындап, сүйсіне көтеріліп: - Шіркін, айтушы мен болғанда, үнемі ұқтырушым сен болсайшы, Абай! - деді.</p>		
--	--	--

## 7. Технологиялық карта.

Тапсырмалар	Бақылау, бағалау
<p>Алдын-ала берілген тапсырмаларды орындау:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Айтысты оқу.</li> <li>2. Әдеби, поэтикалық талдау.</li> <li>3. Зерттеу жұмысына негізделген тапсырманы орындау: <ul style="list-style-type: none"> <li>- А. Жұбанов «Замана бұлбұлдары»;</li> <li>- М. Ғабдуллин «Қазақ халқының ауыз әдебиеті»;</li> <li>- Ә. Қоңыратбаев «Қазақ фольклорының тарихы».</li> </ul> </li> <li>4. Модель құру «Ақындарға микро-мінездеме».</li> <li>5. «Дебат» үлгісіндегі айтыс Үйге тапсырма:</li> </ol>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Мәнерлеп, түсініп оқу;</li> <li>- Қосымша әдебиетті пайдалана отырып, ой жинақтау;</li> <li>- З.Қабдоловтың «Сөз өнері», З. Ахметовтің «Әдебиет теориясы» еңбектерін пайдалана отырып, теориялық талдау жасау;</li> <li>- Қ.П.Жүсіптің «Көркем сөздің құдіреті» еңбегіне сүйене отырып, қисынды талдау;</li> <li>- Модельді қорғау;</li> <li>- М.Әуезовтің «Абай жолы»</li> </ul>

Біржан мен Сара жайлы мәлімет жинау Оқушылардың қалаулары бойынша орындалатын тапсырма: «Ән пайғамбары – Біржан мен поэзия пайғамбары – Абай үндестігі» ойтолғау немесе шығарма жазу.	роман-эпопеясындағы «Жайлауда» бөліміндегі Біржанның Абаймен кездесуін оқу.
---	---

8. «Біржан мен Сара» айтысына технологиялық карта

Максаттар жүйесі	Диагностика	Коррекция
М 1. Сюжеттік-композициялық жоспар жасай білу. Мәтінмен жұмыс түрлеріне дағдылану. Ғылыми еңбектерді пайдалану.	Д 1. Негізгі сюжетін бөліп алу. Композиция мен сюжет бірліктің, осы мәселедегі автор табысын айқындау.	Сюжет, композиция, троп пен фигураның түрлері туралы әдеби теориялық білімдерінді еске түсіріңдер.
М 2. Негізгі эпизодтарды бөліп ала білу, оның жазушы проблематикасын ашудағы маңызын саралау. Салыстыру, зерттеу жұмыстарын жүргізу. Модель, жобаға түсіру.	Д 2. Ақындар бейнесіне талдау жасап, негізгі проблематика төңірегінде іздену. Пікір қорғау, дәлелдеу. Ғылыми еңбектерді пайдалану.	Негізгі проблема төңірегінде өзге шығармалармен салыстыру.
М 3. Әдеби талдау талаптарына сай шығармалар бойынша пікір сайысын өткізу. Шығармашылық жұмыстарына жол салу.	Д 3. «Біржан мен Сара» айтысы өмірде болған ба?	Шығармашылық ізденіс, ой толғау, пікір қорғау, коррекция, бағалау.

Күтілетін нәтиже:

- 1) ақындардың негізгі көтерген проблематикасын, олардың тіл көркемдігін пайдалану мақсаттарын түсіну;
- 2) айтысты ғылыми түрде талдай білу;
- 3) өз беттерімен білімдерін шығармашылық деңгейге көтеру;
- 4) сыни көзқарастарын білдіру, баға категориясына өз ізденістері арқылы жеткізу.

Біржан туралы «Егемен Қазақстан» газетінің 1996 ж. 13 қыркүйектегі санында «Біржан сал және оның ұрпақтары» деген мақалада: «1989 жылы жарық көрген «Бес ғасыр жырлайды» деген екі томдық жинақтың I томында Біржан туралы «... Өз әкесі Тұрлыбай, Қожағұл – Біржанның атасы» деп көрсетілген. Онан әрі Біржанның Теміртас деген баласынан Мұхаметқали туады. Ол – тракторшы, әйелі Күлзейнеп – сауыншы. Сол кісінің айтуынша Біржанның әкесі Тұрлыбай, руы Нұралы-Керей, туған жері – қазіргі Жамбыл ауданындағы Жанажол ауылына қарасты «Бүркеу» деп аталатын карағайлы орман. Біржанның өзі де сол Бүркеуде туған екен. Әкесі бай болған. Біржанның 10-11 жасында түнде шошып оянып, ән айтағынын, яғни ән аруағы қонғанын айтады. Байлар Ірбіт қаласына барып, мал тапсырады екен, ақынның әкесі де базарға кетеді, сол кезде ауылға әнші-ақындар келеді, анасы қарсы алып, ойын-сауық құрады, солардың ішінде бір өзгеше ақын-әнші Біржанға бата берді, атын ұмыттым дейді, мен әйгілі Сергіз сері немесе Орынбай ма деп қалдым дейді автор. Ақыры сол сал-сері Біржанға домбырасын сыйға тартады, анасы риза болғанның Тұрлыбайдың бәйгеге қосып жүрген атын ақынға сыйлап, сонан «мал ашуы-жан ашуы» деп, баласының домбырасын сындырады. Анасы Біржанды Көкшетаудағы нағашысына жібереді. Ал Қожағұл өз атасы ма, нағашы атасы ма, ол жағын Күлзейнеп апамыз білмеді. Онан әрі автор 1961-62 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетіне Біржанның немерелерінің тұрмысының нашарлығын айтып жазған едім, оны халық мұраларын зерттеуші филолог-ғалым Қарта Қаңтарбаев оқып, жауап жазды. Біржанның руы туралы схема жіберіпті. Онда: Қарауыл-Ертіс-Бертіс...-Қожағұл-Біржан. –дейді де, басқа сөзді қой, бала... дейді. Кейін Теміртас Ресейдің Куриное қыстағы маңындағы және Преснов өңірінде қалған туыстарын тауып, «Кенже» деген колхоз ұйымдастырғанын айтты.

«Қазақ әдебиеті» газетінің 30 август 1985 жылғы санында «Теміртас» деген деректе СССР Журналистер одағының мүшесі Қорғанбек Аманжолов: Жасы келген кезде Біржан шаршапқырып, ән айтуға зауқы болмағанын, соны пайдаланып, ағайын-туғандарға «шалық тиген ауру» десіп, моллаға көрсетеді, молланың үнікренгенін

көнбеген Біржан молланы ұрып та жібереді, соған ызаланған молла 3 күн қамап, байлатып тастайды. Нұржан деген інісі ғана арашалап, молланы қуып жібереді. Немересі Мұхамедқали әкесі Теміртас жайлы: Әкей домбыра тартатын, даусы зор, «Казбулат удалей» деген орыс әнін ұнатып айтатын, орыс тіліне жетік еді, «совершенно верно» деген мақалы еді дейді екен көзі көргендер. Сондай-ақ Балуан Шолақ, Қажымұқанмен достық қатынаста болған екен. Тіпті Қажымұқан екеуі циркте өнер көрсетіп келе жатқанда, жеңіліп қалғандардың сес көрсетіп, сонда Қажымұқанның орнына Теміртас жұдырықпен ұрып құлатқанын, ал Қажымұқанның күштілігінне байланысты: Қызылжарда огород ұстап, екеуінің жыртқанын, соқаның тілін ат тарта алмағанда, Қажекең өзі ат орнына жегіліп, сүйрегенін еске алады.

«Балдырған» журналында композитор Илья Жакановтың «Біржан сал» атты мақаласы жарияланған. Онда Шоқан Уалиханов 1956 жылы ақын досы С.Ф.Дуровты Бурабайға алып келеді. Бурабайдың түбінде Құйы деген жерде Оразалы байдың үйінде қызойнақ болып жатады. «Көк майсаға жайылған оюлы ақ сырмақ үстінде басында үкісі бұлғақтап, перне басқан саусақтарындағы жүзгігі... оның меруерт тастары ай нұрына шағылысып, үнінен сөз гауһары төгіліп толықсып Біржан сал мақпал түнді балбыратып «Бурылтай», «Ләйлім», «Ақтентек», әншінің әншісі ғана құдіреті жетіп айтатын «айтпай» әнін көкке өрлетеді. Сонда С.Ф.Дуров: «Осындай да биік тенор болады екен!» деп таң болады.

## 2.7 Сабақтың тақырыбы: Ақан сері Қорамсаұлының «Құлагер» өлені

Егеменді елімізде болып жатқан түбірлі жаңарулар, ізгілендірілген қоғам құруға беталыс, туған тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы мектеп, ұстаз, дарынды жеке тұлғаны тәрбиелей оқыту әдістемесін жетілдіру, бүкіл білім беру жүйесін қайта құру, ол үшін педагогикалық жаңаша ойлау, тың ізденістерге жол ашу сияқты көкейкесті мәселелерді алға қойып отыр.

Осыған орай көркем туындыны талдауда әдебиеттану ғылымын басшылыққа алу, әдебиеттанушы - ғалым Қ. П. Жүсіп айтқандай, автордың шығармасын үстіртін, жалаң оқып қоймай, ішкі мазмұнына үңілдіру, тіліне басты назар аударту, бір сөздің бірнеше мағынасын білу үшін мысал тергізу көркем туындының ішкі, сыртқы қасиетін, табиғатын тереңдете түсінуге жағдай жасай отырып, оқушыларды

шығармашылық жұмыстарға баулу, сөйтіп, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру мақсат етіліп отыр.

Көркем әдебиеттің өзіне тән даму заңдылықтарын, қоғамда алатын өзіндік орнын әдебиет теориясы зерттейді. «Әдебиет» - араб сөзі – сөз асылы деген мағынаны білдіреді. Әдебиет көркем сөз арқылы адамды, оны қоршаған өмірді суреттейді. Әдебиет өнердің бір түрі болып та есептеледі. Мұғалімдердің бүгінгі күні алдарына қойылатын талап жана технология бойынша пәнді меңгерту болса, әдебиетті оқытудың жаңа үлгісін шығарма құдіретіне ден қоюға оқушыларды бағыттауда филология ғылымдарының докторы, профессор Қ. П. Жүсіптің «Көркем сөздің құдіреті» атты құнды еңбегін пайдалана отырып, 10 сыныпта Ақан серінің «Құлагер» өлеңі-ақын трагедиясы» атты сабақты қалай өткізгенімізді ортаға салмақпыз. Ақан сері Қорамсаұлының өмірі мен шығармашылығы 10 сыныпта өтіледі. Сондықтан оқушыларға ақын өмірінен қысқаша мәлімет беріп, іле «Құлагер» өлеңін сыныпта мәнерлеп оқудан бастадық. Мұнан соң өздігінен іздендіру сұрағы қойылды. Бұл өлең қандай оқиғаға байланысты туды деп ойлайсындар? І. Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын оқығандарың бар ма? (Поэма 11 сыныпта өтіледі) С. Жүнісовтің «Ақан сері» романын, Т. Әлімқұловтың «Көк қаршыға» романдарын оқығандарың бар ма? Бұл сұрақтар оқушыларды қосымша әдебиеттерді оқуға жетелейді. Хрестоматиядан «Құлагер» өлеңін оқып, оқушыларға сауалдар қойылады.

Мақсаты:

а) білімдік. Өлеңнің Ақанның бастан кешкен тарихи оқиғалармен байланысты тууы. Өлеңнің туу себебі, өлеңдегі өкініш, тебіреніспен күйзелген ақынның өз бейнесін де, топтан озған жүйрігінің бейнесін де, портретін де аңғарту. Құлагер бейнесін толықтыра түсетін «Маңмаңгер» өлеңін әуенімен орындау. Өлеңнің зорлықшыл үстем тап өкілдерінің жауыздық қиянатына қарсы ызамен қабат жырлануын аңғарту;

ә) тәрбиелік. Жауыздыққа қарсы күрес, ақын бойындағы аянышты жағдай, трагедиялы оқиғаға деген аяныш сезімі, ақынның атына деген сүйіспеншілігі, әділеттілік;

б) дамытушылығы. Шығарма құдіретіне ден қоюға оқушыларды бағыттау, көркем әдебиетті пайдалана отырып салыстырмалы талдау.

Стандарттық талап: үзіндіні мәнерлеп оқу, оқыған шығарманың сюжет, композиция, бейнелі көркем сөз айшықтарын тұтастықта қарастыра отырып, оның идеялық-көркемдік мәнін анықтау.

Әдісі: теориялық талдау, мәнерлеп оқыту, өздік жұмыс, мәтінмен жұмыс.

Тәсілі: Оқу, талдау, ән орындау, әнгімелеу.

Көрнекілігі: Ақан портреті (алғаш табылған), Құлагер суреті, Ақан серіге арналған папка-буклет.

Қосымша әдебиеттер:

1 І. Жансүгіров «Құлагер» поэмасы

2 С. Жүнісов «Ақан сері» романы

3 Т. Әлімқұлов «Көк қаршыға»,

4 Қ. П. Жүсіп «Көркем сөздің құдіреті» кітабы.

Пәнаралық байланыс: Әдебиет теориясы, музыка, тарих, қазақ тілі, бейнелеу өнері.

Түрі: Конструкторлық жобалау технологиясы, қисынды талдау, дамыта оқыту.

Жаңа сабақты меңгерту. Ақан сері туралы қысқаша мәлімет. «Құлагер» өлеңін мәнерлеп оқу. (мұғалім-оқушы).

Сұрақ: Бұл өлең қандай оқиғаға байланысты туған? Романдар туралы қысқаша шолу.

Ақанның 1963 жылғы шығармалар жинағында «Құлагер» өлеңі 26 шумақтан тұрады. Ал хрестоматиядағы нұсқасы 8 шумақтан тұрады. Ақан өлеңдері халық аузынан жазып алынғанын ескерте кетейік.

**Қисынды талдау бойынша сауалдар:**

1. Ақанның сүйіктісінен ажырау мұңын қайдан байқауға болады?

Жауап:

Шынымен өлгенің бе, Құлагерім,

Салбырап сапты аяқтай төменгі ернің.

Баспа-бас қызға бермес жануарым,

Басылмас бір сөйлемей менің шерім.

2. Ақан киналысын көрсет.

Жауап:

Баспа-бас қызға бермес жануарым,

Басылмас бір сөйлемей менің шерім.

3. Ақын өкінішін қайдан көруге болады?

Жауап:

Асына Сағынайдың айдап келген

Құданың қарай қойшы бұйрығын-ай...

4. Құлагердің сұлулығын қай жолдар көрсетеді?

Жауап: Құлагер шешен-сұңқар, әкең-тұлпар,

Соғып ең дөненінде сегіз арқар...

Құлпырған күлте жібек құйрығың-ай,

Суырылып топтан озған жүйрігім-ай...

Қазылып қалушы еді шапқан жерің,

Сүйсініп тұрушы еді қосқан елің...

5. Дерексіз ұғымды заттандыру (қазылып қалушы еді шапқан жерің, бұл жерде аттың тұяғын жер қазатын күрек орнына қолданып, заттандырып тұр).

6. Суырылып топтан озған жүйрігім-ай-бұл шарттылық (суырылып озып шығу бар)

7. Өлеңдегі ауыстыру (метафора) қай жолдарда?

Құлагер шешен – сұңқар, әкең – тұлпар.

8. Теңеу қандай қызмет атқарып тұр?

Құлпырған күлте жібек құйрығың-ай... Құйрығын жібекке, жай жібек емес, күлте жібекке теңеп отыр, бұл – күрделі эпитет.

9. «Құлпырған» деген сөз өлеңге қандай әсер беріп тұр? Бұл – етістік, құйрықтың әсемдігін, сұлулығын көрсетіп тұр.

10. Аттың жүйріктігін қайдан білеміз?

Жауап: Суырылып топтан озған жүйрігім-ай... (Бұл суреттеу ме, әлде бейнелеу ме? Әрине, бейнелеу).

11. «Қазылып қалушы еді шапқан жерің» Бұл не?

Жауап: Бұл – ауыстыру әрі аттың жүйріктігін білдіріп тұр.

12. «Бота тірсек, қыз сағақ, сандал керім» Бұл қандай көркемдегіш құрал?

13. «Денем шошып» деген тіркестен не аңғардың?

Жауап: Ақанның алдын ала сезіктенуі.

14. «Салбырап сапты аяқтай төменгі ерінің» - қандай көрініс байқалады?

Жауап: Құлагердің өлімі, дәрменсіз халі, аянышты жағдайы. Ерінді сапты аяққа теңеп тұр.

15. Жануар, жаз жайладым, күз жайладым, Сыртында қызды ауылдың көп байладым... деген жолдардан не аңғардыңдар?

Жауап: Ақанның атты баптауы.

16. «Қолдан кетті», «қаза жетті» тіркестерін қазақ тілінде эвфемизм дейді. Себебі: бұл – сыпайы сөйлеу үлгісі, анайы түрде «өлді», «өлтірді» дейді.

17. Көптік мағына білдіретін сөздерді тап.

Жауап: Жиыннан, тамам жұрт, топтан озған, Сағынайдың асы.

18. Ат жүрісін білдіретін сөздер қайсы?

«Суырылып топтан озған», «қазылып қалушы еді...»

19. Ақанның өзін өзі жұбатуын тап.

Жауап: Сен өлсең, орнын басар Кербесті бар, Болады құдай косса ол да тұлпар...

20. Аттың портретін, жүйріктігін, қасиетін бейнелер жарқын сөздерді табыңдар.

Жауап: «Салбырап сапты аяктай төменгі ернің...», «Бота тірсек, кыз сағақ, сандал керім...», «Құлпырған күлте жібек құйрығың-ай», «Ор болып қалушы еді шапқан жерің...»

21. Ақын трагедиясы.

Жауап: Құлагер мерт болды деп естігенде, Тұра алмай орынымда бай, байладым.

22. Өленнің өзекті идеясы неде?

Жауап: «Жүйрікті күндеме, оған қастық қылма» дегенге саяды.

Сабакты пысықтау, қорыту, бекітуге арналған пікір алысу, әңгіме.

R= Нені меңгердік?

Қазіргі өскелең заман биігімен бағамдасақ күншілдік, қаскүнемдік ол кезде Ақан мінген Құлагерді мерт етсе, кейін соны баптап өсірген Ақанды да мерт қылғылары келіп қудалайды. Құлагер–ат үздігі болса, Ақан–ақын жүйрігі, сері, ән бұлбұлы.

Сұрақ: Осындай сал-серілердің табиғаттың асыл аң-құстарына, жан-жануарларына, киелі хайуанаттарға төнген жазалауды алдын ала сезіп жырлаған кімдерді, олардың қандай шығармаларын білесіңдер?

Жауап: 8 сыныпта өткен М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда», С.Сейфуллиннің «Ақсақ киік», 5 сыныпта өткен «Аққудың айырылуы».

Сұрақ: Сөйтіп, «Құлагер» жалғыз ат қайғысын жырлаған өлең бе?

Жауап: Жоқ. Озбыр зұлымдықты, замана қатігездігін әшкерелеген уытты шығарма. Бұл – тарихи болған уақиға. Осы жерде Көкшетаулық әнші-сазгер, ақын-ұстаз, журналист, профессор Кәрім Ысмағұлұлы Илиястегінің «Айыртау», «Ақан сері» өлеңдерін «Саз самал» кітабынан оқып беріп, Ерейментаудағы ас өткен жер туралы, Құлагердің мерт болғандығы жайлы қарттардан естігенімді оқушыларға әңгімелеп береміз.

Сабактын соңында хрестоматиядағы «Маңмаңгер» өлеңін оқушылармен қосылып әуенімен орындап, өленнің Құлагерге арналған ән екеніне көздерін жеткіземіз. (Қасенова Т. Қ. «Жыр мәнін терең ұқсын десек..» // «Сарыарқа самалы» газеті. 14.03. 2002 жыл №22)

## Тест сұрақтары

### 1- нұсқа

1. Қолға түскен Абылайдан Қалден «Менің ұлым Шарышты неге өлтірдің?» -деп сұрағанда Абылай не деп жауап береді?

А) «Сенің ұлың Шарышты менің қолыммен халық өлтірді, айыбы маған танылды» дейді\*

В) Жауап бермейді

С) Өз патшалығына бар да, өз билігінді жүргізе бер, бізді күндеме.

Д) Егер алда жалда соғыспай қоймаймын десең, онда көпір салып, уақыт өткізіп, әуре болма.

Е) Ниетіңнен қайт. Өнбес істі қума.

2. Ш. Уәлиханов «Қырғыздар туралы жазбаларда» қырғыз ауыз әдебиетін үш салаға бөлді, соларды ата.

А) Ертекер мен тарихи, қияли аңыз-әңгімелер; аса ірі эпикалық аңыздар, тұрмыстық-салт жырлар\*

В) «Манас» жыры

С) қиял-ғажайып ертегілері, мифтер, аңыздар

Д) тұрмыс-салт жырлары

Е) халық тұрмысы туралы жырлар

3. Шоқан кадет корпусын қай жылы неше жасында бітірген?

А) 1853 жылы 18 жасында.\*

В) 1856 20 жасында

С) 1850 15 жасында

Д) 1859 23 жасында

Е) 1857 22 жасында

4. Ғалым «Оңтүстік Сібір руларының тарихынан аңғармалар» еңбегінде орыс езгісіндегі якут халқы туралы ой толғап, осы жұрттың негізгі төл аты кім екенін алғаш айтты?

А) Саха\*

В) Тува

С) Башқұрт

Д) Татар

Е) Хакас

5. Зерттеуші қазақтың жоқтауын не деп атаған?

А) Жылау\*

- В) Сыктау
- С) Зарыгу
- Д) Егілу
- Е) Тарыгу

**6. Ыстыккөл сапарына, Құлжаға бірге барған Шоқанның досы**

- А) Гонсевский
- В) Костылецкий
- С) Семенов-Тянь-Шанский\*
- Д) Дуров
- Е) Достоевский

**7. Шоқанның әдебиетші ғалым екендігін танытатын туындысы.**

- А) «Достоевскийге хат»
- В) «Сібір қарамағындағы қазақтардың сот реформасы»
- С) «Майковқа хат»
- Д) «Манас»\*
- Е) «Жонғария очерктері»

**8. С. Бегалиннің Ш. Уәлихановқа арналған туындысы**

- А) «Ариадна жібі»
- В) «Бала Шоқан»\*
- С) «Аккан жұлдыз»
- Д) «Ш.Уәлиханов»
- Е) «Қашқарға саяхат»

**9. Шоқан «Көшпенділер философы» деп кімді бағалаған?**

- А) Әл-Фарабиді
- В) Ж.Баласағұнды
- С) Бұқар жырауды
- Д) Асан қайғыны\*
- Е) Қодан тайшыны

**10. Ш.Уәлихановтың пікірі**

- А) Манас – ұрпақтар сабақтастығын құрайтын жыр
- В) Манас – өте ұзақ жыр
- С) Манас – мифологиялық жыр
- Д) Манас – кыргыз халқының батырлық жыры
- Е) Манас – даланың «Иллиадасы» тәрізді\*

**11. Шоқан жазып алған ертегі**

- А) «Ертегі»
- В) «Өлі мен тірінің достығы»
- С) «Айбараша сұлу»
- Д) «Толағай»
- Е) «Жүсіп хан»

**12. Шоқан халық жағдайын жақсарту үшін ең керекті нәрсе деп нені есептеген?**

- А) Экономикалық реформа
- В) Реформа емес, бостандық қажет
- С) Әлеуметтік реформа
- Д) Экономикалық және әлеуметтік реформа\*
- Е) Саяси реформа

**13. Шоқан саяхатқа барған Қашқар провинциясының орналасқан орнын белгілеңіз**

- А) Ресейде
- В) Қытайда\*
- С) Қазақстанда
- Д) Монғолияда
- Е) Қырғызстанда

**14. Абай: «Балаларыңды әке орнына бағу қарызым болар» - деген сөздерді кімге айтқан?**

- А) Әуезге
- В) Дәркембайға
- С) Оспанға
- Д) Құдайбердіге\*
- Е) Құнанбайға

**15. Үзінді авторын белгілеңіз.**

Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.

- А) Ақан сері
- В) Ы. Алтынсарин
- С) А. Құнанбаев\*
- Д) М. Дулатов
- Е) А. Байтұрсынов

**16. А.Байтұрсынов Абайды қалай бағалаған**

- A) «Қазақ әдебиетінің күн шуағы, асқар биігі...»
- B) «Қазақтың классик әдебиетінің атасы...»
- C) «Қазақтың бас ақыны»\*
- D) «Еуропалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін»
- E) «Қазақтың балалар әдебиетінің атасы»

**17. Абайдың өзі жасаған мақал**

- A) Еңбегі көптің, өнбегі көп
- B) Аурудан аяған күштірек
- C) Көп түкірсе – көл
- D) Шабан үйрек бұрын ұшар
- E) Азат басың болсын құл, қолдан келмес іске ұмтыл\*

**18. Абай Семейдегі Приходская школада қанша уақыт оқығанын белгілеңіз**

- A) 3 күн
- B) 3 ай\*
- C) 3 жыл
- D) 5 ай
- E) 30 күн

**19. Абайдың өмірден ерте кеткен сүйікті ұлы**

- A) Көкбай
- B) Оспан
- C) Әбдірахман\*
- D) Шәкәрім
- E) Тәңірберген

**20. Абай: «Талантың мініп тұлпарын, Тас қияға өрледің» - деп кімге айтты**

- A) Оспанға
- B) Әбдірахманға\*
- C) Мағауияға
- D) Құнанбайға
- E) Ақылбайға

**21. Абайдың қазақ өлеңіне кіргізген жана ұйқасы**

- A) Қара өлең
- B) Кезектес
- C) Шалыс\*
- D) Ерікті

- E) Шұбыртпалы

**22. Қазақтың ұлттық санасын оятуға үлес қосқан қазақтың ағартушы- демократтары:**

- A) Шоқан, Абай, Ыбырай\*
- B) Шәкәрім, С. Көбеев, С. Торайғыров\*
- C) Д. Исабеков, С. Мұратбеков
- D) М.Әуезов, Ә. Кекілбаев
- E) Т. Ақшолоқов, Ә. Дайырова

**23. «Қазақтың бас ақыны» деген мақала жазып, Абай Құнанбаев шығармашылығы туралы пікір айтқан ғалым:**

- A) А.Байтұрсынов\*
- B) С.Сейфуллин
- C) М.Дулатов
- D) М.Жұмабаев
- E) Ж.Аймауытов

**24. «Өзім әңгімесі» кімнің поэмасы:**

- A) А. Құнанбаевтікі\*
- B) М. Жұмабаевтікі
- C) А. Байтұрсыновтікі
- D) Ш. Құдайбергеновтікі
- E) Ж. Жабаевтікі

**25. Абай шығармаларының тілін зерттеген ғалым**

- A) Р. Сыздық\*
- B) М. Жұмабаев
- C) Ж.Аймауытов
- D) М. Мырзахметов
- E) Ғ. Есім

**2- нұсқа**

**1. Шәкәрімнің Л.Н.Толстойдан аударған шығармасын табыңыз.**

- A) «Нан-Жи-Зан хан»
- B) «Ұждан»
- C) «Кешегі басшы піріміз»
- D) «Үш анық»
- E) «Асархадон патша», «Үш сауал»\*



2. Шәкәрімнің өмірінің соңғы жылдарында жазылған шығармасын табыңыз.

- A) «Мұтылғанның өмірі»\*
- B) «Жылым – қой, жұлдызым – июль»
- C) «Еңлік-Кебек»
- D) «Қалқаман-Мамыр»
- E) «Ләйлі-Мәжнүн»

3. «Абай» журналында 1918 жылы шығармалары жарияланып тұрған қаламгерді табыңыз

- A) Жамбыл
- B) Шәкәрім\*
- C) Ақан сері
- D) Бейімбет
- E) Сұлтанмахмұт

4. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» кітабының авторын көрсетіңіз

- A) Ш.Уалиханов
- B) Ы.Алтынсарин
- C) Шәкәрім\*
- D) М.Дулатов
- E) Ахмет Байтұрсынов

5. Шәкәрім үшін 1905-1906 жылдарда қандай елеулі оқиға болғанын табыңыз

- A) Кітап шықты
- B) Балалы болды
- C) Қажылыққа барды\*
- D) Оқуын аяқтады
- E) Абай туралы естелік жазды

6. Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» дастанындағы Қалқаманның өмір мен өлім тайталасқан сәтте астына мінген атын табыңыз

- A) Шалқұйрық
- B) Арда күрең\*
- C) Кер көжек
- D) Көк бесті
- E) Құлагер

7. Ы. Алтынсариннің қай жылдары уездік жана мектептер ашты

- A) 1861-1863жж.
- B) 1871-1875жж.
- C) 1888-1889жж.
- D) 1859-1861жж.
- E) 1879-1883жж.\*

8. «Халық мектептері үшін ең керектісі - оқытушы» деп жазған ағартушы

- A) А. Құнанбаев
- B) Ы. Алтынсарин\*
- C) Ш. Уәлиханов
- D) М. Дулатов
- E) А. Байтұрсынов

9. Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» енген ауыз әдебиеті үлгісіндегі аңыз-әңгімесін белгілеңіз

- A) «Әке мен бала»
- B) «Қыпшақ Сейітқұл»
- C) «Бақша ағаштары»
- D) «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»
- E) «Лұқман хакім»\*

10. Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» басылып шыққан жерді белгілеңіз

- A) Торғай
- B) Орск қаласы
- C) Петербург
- D) Ырғыз
- E) Орынбар\*

11. Ы. Алтынсариннің үнемі хат жазысып, пікірлесіп отыратын досы

- A) Ф.М.Достоевский
- B) В.В.Григорьев
- C) Н.И.Ильминский\*
- D) В.В.Катаринский
- E) А.А.Мазохин

12. Қазақ тілін орыс графикасына көшіруді тұңғыш ұсынған ағартушы-педагогті атаңыз.

- A) Ахмет
- B) Абай
- C) Шокан
- D) Ыбырай\*
- E) Жүсіпбек

13. Ы. Алтынсарин туралы жазылған поэма

- A) «Дала»
- B) «Көкшетау»
- C) «Дала коңырауы»\*
- D) «Масғұт»
- E) «Әзім әңгімесі»

14. Ы. Алтынсарин құрастырған «Қазақ хрестоматиясының» алғашқы беті қандай өлеңмен ашылады?

- A) «Кел, балалар, оқылық!»\*
- B) «Шәкірт ойы»
- C) «Өзен»
- D) «Интернатта оқып жүр»
- E) «Өнер-білім бар жұрттар»

15. «Еңлік-Кебек» тақырыбына Шәкәрімнен басқа қалам тартқан ақын.

- A) Мағауия\*
- B) Кәкітай
- C) Көкбай
- D) Ақылбай
- E) Әріп

16. «Медғат-Қасым» поэмасы Абайдың қай ұлының шығармасы?

- A) Тұрағұл
- B) Шәкәрім
- C) Мағауия\*
- D) Ақылбай
- E) Әбдірахман

17. Мағауия Абайұлының алған білімі

- A) Тек ауыл молдасынан

- B) Әкесі өзі оқытқан
- C) Ахмет-Риза медресесі
- D) Семей қалалық училище\*
- E) Семейдегі оқытушылар семинариясы

18. Мағауияның романтикалық шығармасы

- A) «Нартайлақ-Айсұлу»
- B) «Еңлік-Кебек»
- C) «Медғат-Қасым»\*
- D) «Зұлыс»
- E) «Дағыстан»

19. «Медғат-Қасым» поэмасындағы әйел кейіпкерлердің атын тап.

- A) Ғалия-Мария
- B) Әлия-Ғалия
- C) Мария-Дария
- D) Ғазиза-Мария\*
- E) Ғазиза-Ғайша

20. Өз заманында Мұса Шорманұлы көз тимеу үшін үкіні кімге тағады?

- A) Мәшһүр Жүсіп\*
- B) Абай
- C) Шәкәрім
- D) Ахмет
- E) Сұлтанмахмұт

21. «Ақымақтың тізгіні – құлағы, Ғақылдың тізгіні – көңілі» деген нақылдың авторы

- A) Абай
- B) Жамбыл
- C) Шортанбай
- D) Мәшһүр Жүсіп\*
- E) Шәкәрім

22. Мәшһүр Жүсіп құрандағы қанша сүрені ұлттық нақышпен жырлап шыққан?

- A) 128
- B) 114\*
- C) 98

- D) 115
- E) 137

23. «Жігіттер, жақсысы қайда өнер шашқан, Жүрген ғаріптердің көнілін ашқан» деген үзінді Мәшһүр Жүсіптің қай шығармасынан алынған?

- A) Гибратнама
- B) Шайтанның саудасы
- C) Хал-ахуал\*
- D) Наурыз
- E) Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі

24. Мәшһүр Жүсіптің қандай өлеңінде әрі оқиға, әрі мадақ қатарласа өрілген?

- A) Қажымұқан\*
- B) Жаздың сөзі
- C) Хор қыздарының хикаясы
- D) Жігіт назы
- E) Қиянат

25. Мәшһүр Жүсіптің 1907 жылы Қазан қаласында басылған кітабын белгілеңіз ?

- A) «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз»\*
- B) «Мәшһүр Жүсіптің өлер алдындағы сөзі»
- C) «Әдебиет танытқыш»
- D) «Өлең – сөздің патшасы»
- E) «15 – 18 ғасырлардағы қазақ поэзиясы»

### 3- нұсқа

1. Нарманбет Орманбетұлы қай жылы дүниеге келді?

- A) 1859-1918\*
- B) 1856-1912
- C) 1861-1924
- D) 1858-1916
- E) 1864-1927

2. Нарманбеттің ең бірінші өлеңі кімге арналған?

- A) қарындасы Ақлимаға
- B) анасы Балбырауынға

- C) апасы Қалиманға\*
- D) белгілі ақын Жуасбайға
- E) әкесі Орманбетке

3. «Өтті-ау, дәурен, өнерлі жігіт сыналмай, Ақылмен жұмыс, оймен тыныс қыла алмай. Ағайын аңғырт, Аңдып сырт, Кетеді-ау көңіл тына алмай» үзінді Нарманбеттің қай шығармасынан алынған?

- A) «Қазақ ұлы біз тұрмыз»
- B) «Шал қайғысы»\*
- C) «Замана»
- D) «Сарыарқа сайран жерім-ай»
- E) «Жасқаншақ бас»

4. «Аждаһаның аузында айырылып қалдық қоныстан» деген үзінді кімнің шығармасынан алынған?

- A) Шәкәрім
- B) Мәшһүр-Жүсіп
- C) Көкбай Жанатайұлы
- D) Нарманбет\*
- E) Мағауия Абайұлы

5. “Таза бұлақ”, “Жаз”, “Өзен” шығармалары кімдікі?

- A) Абай Құнанбаев
- B) Ыбырай Алтынсарин\*
- C) Спандияр Көбеев
- D) Сәбит Дөнентаев
- E) Ғабит Мүсірепов

6. Әдебиет теориясының қазақта алғаш оқулығын жазған кім?

- A) А. Байтұрсынов\*
- B) Қ. Жұмалиев
- C) Е. Ысмайылов
- D) З. Қабдолов
- E) З. Ахметов

7. Көркем туындыда жалпы адам болмысын, алуан тағдырларды, қарама-қайшылықтар мен қоғамдық қарғыстардың мәнін ашуға қызмет ететін бөлшек қалай аталады?

- A) сюжет\*

- В) пішін
- С) фабула
- Д) мазмұн
- Е) композиция

**8. Ыбырай Алтынсарин шығармалары**

- А) «Кел, балалар, оқылық»\*
- В) «Жазғытұры»
- С) «Ғылым таппай мақтанба»
- Д) «Жиған-терген»
- Е) «Қазақ салты»
- Ғ) «Қыпшақ Сейітқұл»\*

**9. Әдіскер ғалым Қ.П.Жүсіптің әдістемелік еңбектері**

- А) «Әдебиетті оқыту мәселелері»\*
- В) «4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы»
- С) «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы»
- Д) «Кейіпкер бейнесін талдау»
- Е) «Мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті»
- Ғ) «Мектепте қазақ әдебиетін оқыту»\*
- Г) «Көркем сөздің құдіреті»\*
- Н) «Өлең сөздің патшасы»

**10. А. Байтұрсынов еңбектері**

- А) «Оқу құрал»\*
- В) «Тіл құрал»\*
- С) «Қазақ салты»
- Д) «Қара өлең»
- Е) «Қалың елім, қазағым»
- Ғ) «Тіл жұмсар»\*

**11. Эпитеттерді тауып белгілеңіз**

- А) үй іші
- В) қызғылт көйлек
- С) жібек мата
- Д) көк кітап
- Е) биік тау
- Ғ) қыран бүркіт\*
- Г) алғыр құс\*
- Н) жүйрік ат\*

**12. «Таза бұлақ», «Өзен» шығармаларының авторы:**

- А) Ғ. Мүсірепов
- В) «Қазақ хрестоматиясының» авторы\*
- С) «Ескендір» поэмасының авторы
- Д) Сәбит Дөнентаев
- Е) Абай Құнанбаев

**13. «Абай - қазақтың классикалық поэзиясының шұғылалы шыны» деген жолдардың авторы:**

- А) «Оян қазақ!» жинағының авторы
- В) М. Әуезов\*
- С) М. Дулатов
- Д) М. Мырзахметұлы
- Е) С. Сейфулин
- Ғ) «Абай жолы» романының авторы\*
- Г) «Қорғансыздың күні» әңгімесінің авторы\*

**14. Үш кітаптан тұратын, әр бір кітап жинақталған оқиғаға құрылған, сюжеті мен идеясы бір-бірімен жалғасып жатқан шығарма:**

- А) Повестер жинағы
- В) Диалогия
- С) Эпопея
- Д) Трилогия\*
- Е) Трибрахия

**15. Әдебиеттанумен байланысы жоқ пән:**

- А) Лингвистика
- В) Эстетика
- С) Әдебиет теориясы
- Д) Стереометрия\*
- Е) Тарих

**16. Троптың түрлері:**

- А) Эпитет, тенеу, айшықтау
- В) Метафора, метонимия, кейіптеу\*
- С) Метафора, айшықтау, эпитет
- Д) Эпитет, сарказм, тенеу
- Е) Ирония, айшықтау, метафора

**17. "Қазақ хрестоматиясының" авторы кім:**

- A) Ш.Уәлиханов
- B) А.Құнанбаев
- C) Ы.Алтынсарин\*
- D) А.Байтұрсынов
- E) Ә.Бөкейханов

**18. Бірінғай дауыссыздардың қайталанып келуі қалай аталынады:**

- A) Ассонанс
- B) Дактиль
- C) Эвфония
- D) Дыбысқа еліктеу
- E) Аллитерация\*

**19. Өлеңдегі ең үлкен бірлік:**

- A) Эпитет
- B) Шумақ\*
- C) Ассонанс
- D) Буын
- E) Тармақ

**20. Өлеңде дауысты дыбыстардың қайталауын қалай атайды:**

- A) Анафора
- B) Аллитерация
- C) Ассонанс\*
- D) Эпифора
- E) Эпитет

**21. Қазақ өлеңінің құрылысын зерттеген кім:**

- A) М.Қаратаев
- B) Т.Кәкішев
- C) З.Ахметов\*
- D) З.Қабдолов
- E) С.Қирабаев

**22. Мына шумақта айшықтаудың қандай түрі бар:**

Біреуі-көк, біреуі-жер тағысы,  
Адам үшін батысып қызыл қанға.

Қар - аппак, бүркіт - кара, түлкі - қызыл,

Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға:

- A) Қайталау
- B) Дамыту
- C) Шендестіру\*
- D) Егіздеу
- E) Арнау

**23. Құрмаш қай шығарманың кейіпкері?**

- A) “Текті қасқыр”
- B) “Ақазу”
- C) “Көксерек”\*
- D) “Қилы заман”
- E) “Қараш-Қараш оқиғасы”

**24. Образ жасауға қажетті негізгі амал-тәсілдер қайсы?**

- A) баяндау
- B) композиция, эпилог, пролог
- C) портрет, диалог, монолог\*
- D) сюжет
- E) әңгімелеу түрлері

**25. Оқу мақсатын көздейтін арнаулы кітапты не дейміз**

- A) хрестоматия
- B) әдістемелік құрал
- C) монография
- D) жинақ
- E) оқулық\*

## Әдебиеттер

- 1 Ахметов З. Әдебиеттану терминдер сөздігі / З. Ахметов. – Алматы : Ана тілі, 1998. – 486 б.
- 2 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы : Мектеп, 1960. – 292 б.
- 3 Абай. Өлең – сөздің патшасы / Халықаралық Абай клубы. – Жидебай, 2006. – 560 б.
- 4 Ақшолоақов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. – Алматы : Мектеп, 1975. – 235 б.
- 5 Алтынсарин Ы. Тандамалы шығармалары. – Алматы : Ғылым, 1994. – 288 б.
- 6 Асыллов Ұ., Құрманбаева К., Дүйсебаев С., Әрінова Б. Қазақ әдебиетіне әдістемелік нұсқау. – Алматы, 2003. – 32 б.
- 7 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959. – 376 б.
- 8 Әуезов М. О. Абай Құнанбаев (мақалалар мен зерттеулер). – Алматы, 1967. – 402 б.
- 9 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы : Жалын, 1991. – 464 б.
- 10 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы : Атамұра, 2003. – 208 б.
- 11 Бақраденова А. Б. Поэзиялық шығармаларға лингвистикалық, стилистикалық талдау. – Павлодар, 2003. – 186 б.
- 12 Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы, 2003. – 380 б.
- 13 Жабаяев Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы : Жазушы, 1982. – 2-т. – 440 б.
- 14 Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. – Алматы, 1966. – 384 б.
- 15 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1969. – 496 б.
- 16 Жұмалиев Қ. Ж. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы, 1960. – 356 б.
- 17 Жұматаева Е. Ө. Жоғары мектепте оқытудың біртұтас дидактикалық жүйесі. – Алматы, 2001. – 235 б.
- 18 Зейнулина А. Ф., Қасенова Т. Қ. Сөз табиғаты. – Павлодар : «Кереку» баспасы, 2011.
- 19 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы : «Санат», 2002. – 360 б.

- 20 Қазақстан тарихы. Очерк. – Алматы, 1994. – 201 б.
- 21 Қирабаев С., Мырзалиев Қ. Қазақ әдебиеті оқулығына методикалық нұсқау. – Алматы, 1987. – 56 б.
- 22 Марғұлан Ә. Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметі. // Шокан Уәлиханов. – Алматы, 1985. – Б. 22.
- 23 Мәшһүр Жүсіп Қ. П. Көркем сөздің құдіреті. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2000. – 288 б.
- 24 Мәшһүр Жүсіп Қ. П. Өлең – сөздің патшасы. – Алматы, 1991. – 285 б.
- 25 Мәшһүр Жүсіп Қ. П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар : ЭКО, 2007. – 442 б.
- 26 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Тандамалы өлеңдері. – Павлодар : ЭКО, 2005. – 1 т. – 425 б.
- 27 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Тандамалы өлеңдері. – Павлодар : ЭКО, 2005. – 2 т. – 456 б.
- 28 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар : ЭКО, 2007. – 3т. – 480 б.
- 29 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар : ЭКО, 2007. – 485 б.
- 30 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар : ЭКО, 2008. – 5т. – 425 б.
- 31 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар : ЭКО, 2008. – 6т. – 450 б.
- 32 Мұқаметханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. – Алматы, 1959. – 350 б.
- 33 Мұқанов С. Жарық жұлдыздар. – Алматы, 1964. – 213 б.
- 34 Оразакынова Н. А., Әбдірейімова К. Ә., Жайлаубаева Г. Б., Жиенқұлова А. Т. Әдебиеттен сатылай кешенді талдау. – Алматы, 2009. – 266 б.
- 35 Оралбаева Н., Абылақов Ә. Қазақ тілі. – Алматы : «Ана тілі» баспасы, 1992. – 265 б.
- 36 Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы : Арыс, 2004. – 616 б.
- 37 Уәлиханов Ш. Ш. 5 томдық таңд. шығар. – Алматы, 1961. 1-т. – 259 б.
- 38 Шәкәрім. Шығармалары. – Алматы : Жазушы, 1988. – 560 б.

39 Ғасырлар ғоғысындағы қазақ жыры / Құраст.  
 Е. Дүйсенбайұлы. – Алматы : Раритет, 2007. – 392 б.  
 40 Нұрғалиев Р. Арқау. – Алматы : Жазушы, 1991. – 2 т. – 576 б.

## Мазмұны

	Кіріспе	3
I	XIX ғ. II жартысындағы әдебиет өкілдерінің шығармашылығын оқыту	6
1.1	XIX ғ. II жартысындағы әдебиетке шолу	6
1.2	Шокан Уәлиханов (1835-1865)	9
1.3	Ы. Алтынсарин және Қазақ хрестоматиясы (1841-1889)	12
1.4	Абай – классик ақын (1845-1904)	15
1.5	Ы. Алтынсарин мен А. Құнанбаевтың табиғат лирикасын салыстыра оқыту	23
1.6	Шәкәрім және «Үш анық» (1858-1931)	28
1.7	Шәкәрім Құдайбердиевтің «Жастарға» өлеңіне филологиялық талдау	34
1.8	Мағауия Абайұлы (1870-1904)	37
1.9	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931)	39
1.10	Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің шығармаларын жаңа амалмен оқыту	45
1.11	Нарманбет Орманбетұлы (1859-1918)	52
II	Сабак жоспарлары	57
2.1	Сабактың тақырыбы: XIX ғ. II жартысындағы әдебиет (2 сағат)	57
2.2	Сабактың тақырыбы: «Ұлт кемеңгері – Шокан» (Шокан Уәлиханұлының өмірі мен шығармашылығына арналған сабак)	59
2.3	Сабактың тақырыбы: Сарындастық салтанаты. Гете – Лермонтов – Абай. «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі және басқа да аудармалары	65
2.4	Сабактың тақырыбы: Ш. Құдайбердиевтің «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» дастандары	76
2.5	Сабактың тақырыбы: Жамбыл Жабаев – екі ғасыр куәгері	92
2.6	Сабактың тақырыбы: «Біржан мен Сара» айтысындағы өнер саңлақтары	99
2.7	Сабактың тақырыбы: Ақан сері Қорамсаұлының «Құлагер» өлеңі	118
	Тест сұрақтары	123
	Әдебиеттер	138

А. О. Карипжанова, Т. Қ. Қасенова

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚИТУ  
ӘДІСТЕМЕСІ**

Оқу құралы

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева  
Жауапты хатшы Е. В. Самокиш

Басуға 06.11.2015 ж.

Әріп түрі Times

Пішім 60x90/16. Офсеттік қағаз

Шартты баспа табағы 8,11 Таралымы 300 дана

Тапсырыс № 2655

«КЕРЕКУ» Баспасы

С.Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64